

ӨЗБЕКСТАН ТАРИХЫ



*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі жалпы орта
білім беретін мектептердің 8- сыныбы үшін оқулық ретінде
баспаға ұсынған*

„О‘ҚИТУВЧИ“ БАСПА- ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІ
ТАШКЕНТ – 2019

УЎК: 94(575.1)(075.3)
КБК 63.3(5Ў)я72
Ж 83

Республика билим беру орталыгы тарих ғылымдары ғылыми-әдістемелік кеңесінің
2019 жыл 4 марттағы бірінші санды жиналысында баспаға ұсынған.

Авторлар:

**Усман Жораев, Қамар Усманов,
Гулирано Жораева, Наим Нарқұлов**

Пікір білдірушілер:

Е. Балтабаев – Наманган мемлекеттік университетінің „Тарих“
кафедрасының аға оқытушысы;
Н. Хакимов – Республика билим беру орталыгының әдіскері ;
З. Мирзаева – Ташкент қаласы Үштөбе ауданындағы 295- мектептің
тарих пәні оқытушысы;
М. Мажидова – Ташкент қаласы Шайхантауыр ауданындағы 254- мек-
тептің тарих пәні оқытушысы;

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



– тақырып бойынша өз бетінше
жұмыс істеу;



– есінде сақта;



– терминдердің мазмұны;



– сұрақтар мен
тапсырмалар;



– тарихи даталар;



– назар салып оқы.

Республикалық мақсатты кітап қоры есебінен басылды.

КІРІСПЕ

„Ұлы тарихта ештеңе ізсіз кетпейді. Ол халықтардың қанында, тарихи зердесінде ақталады“

Шавкат Мирзиёев

Ғазиз оқушылар!

VIII сыныбы „Өзбекстан тарихы“ оқулығы Саған Отанымыздың XVI ғасырдан XIX ғасыр орта шеніне дейінгі болған тарихы жөнінде білім береді.

Тарихшы ғалымдар Отанымыз тарихының бұл дәуірін „Соңғы орта ғасырлар“ немесе „Үш хандықтар дәуірі“ деп аталған. Бұл дәуір тарихымыздың ең күрделі, шиеленістерге толы дәуірі болып табылады. Өйткені ол кезде әлемге атышулы болған, әлем тарихында өшпес із қалдырған Темурилер мемлекеті XVI ғасырдың басында толық жойылды. Сен оның себептерін VII сыныптағы „Өзбекстан тарихы“ оқулығынан біліп алғансың. VIII сыныпта оларды және бір рет еске түсіресің.

Темурилер әулеті билігі аяқталған соң, елімізде шайбанилер әулеті билігі орнатылды. Бұл әулет өндіріс, ғылым мен мәдениет дамуында темурилер дәуірінде қол жеткізген жетістіктерді сақтап қала алмады. Шайбанилер билігі дәуірінде жоғары билеуші – хан мемлекет аумақтарын әулеті отбасы мүшелеріне ел (удель) етіп бөліп берді. Соның нәтижесінде орталық биліктің әлсіреуіне, ел әкімдері билігінің күшеюіне, саяси ыдыраудың басым болуына алып келді. Нәтижеде, XVIII ғасырдың бастарында Бұхара хандығы екіге бөлініп кетті. Хандықтарда болған күшті саяси ыдырау және орталық биліктің өте әлсіреуі салдарынан бастапқыда шайбанилер, одан соң аштарханилер, Хиуа хандығында арабшахилер әулеті аяқталуына алып келді. Олардың орнында тайпа (Бұхара хандығында өзбектердің маңғыттар тайпасы, Хиуа хандығында қоңыраттар тайпасы және Қоқан хандығында мыңдар ұрығы) әулеттері билігі қалыптасты.

Бұл жағдай бір жағынан ұрық-тайпа әулеттеріне орталықтан қашатын жергілікті билеушілердің қарсылығын сындырып, орталық билікті күшейтуге мүмкіндік берді. Екінші жағынан бір халықтың үш мемлекетке бөлініп өмір сүруіне алып келді. Яғни бұл үш өзбек мемлекеті халқының үлкен бөлігін құрайтын өзбектер өзінің жалғыз өзбек халқына тиісті екендігін толық сезе алмады. Бірақ жоғарыда айтылған пікірлерден XVI – XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін болған дәуірді қамтып алушы 350 жылдық тарихымыз тек қараңғылықтан құралған екен, деген тұжырымдама шығаруымыз керек. Өйткені, өзбек мемлекеттерінің өркениетінде артта қалуының себептерін тек билеушілер жүргізген саясаттан ғана іздеу әділетсіздік болады. Өйткені бұл дәуірде тек Орта Азия емес, сондай-ақ бүкіл ислам әлемі депрессия дәуірін бастан өткізген еді. Сен оқулықтан бұлардың себептерін біліп аласың.

Осындай қиыншылықтарға қарамай, ата-бабаларымыз Еуразия керуен саудасын дамытты. Сондай-ақ, дүние халқын таң қалдыратын дәрежедегі сәулеткерлік ғимараттарын салды.

Қолыңдағы оқулық Сені жоғарыда атап өтілген пікірлердің себептерімен таныстырады және Саған XVI – XIX ғасырдың бірінші жартысында өткен тарихымызды мұқият үйреніп алуға көмектеседі.

Оқулықтан пайдаланып жатқаныңда әрбір тақырыпты меңгеруде саған көмектесетін белгілерге мән бер. Олар Саған тарихи білімдерді мұқият игеріп алуыңа көмекші болады.



I ТАРАУ. XV ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XVI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА МАУАРОУННАХР МЕН ҚОРАСАНДАҒЫ САЯСИ ЖАҒДАЙ

1- §. Дешті Қыпшақтағы саяси жағдай

Дешті Қыпшақ жөнінде XI ғасырдан бастап араб және парсы деректерінде „Дешті Қыпшақ“ деп аталатын географиялық аумақ тілге алынады. Бұл атау Сырдарияның жоғары ағымы мен Тянь-Шанның батыс баурайынан Днепр өзенінің төменгі ағымына дейін созылып жатқан шөл далаларға қатысты қолданылған. Орал (Жайық) өзені Дешті Қыпшақты шығыс және батыс бөліктерге бөліп тұрған.



Бұл аумақтар орыс деректерінде „*Половецтер жері*“ деп аталған. Өйткені орыстар Дешті Қыпшақ халқын половецтер деп атаған. Византия деректерінде олар „*кумандар*“, шығыс деректерінде „қыпшақтар“ деген атаулармен атап өтілген.

Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігінің халқы өзбектер деп аталған. („Өзбек“ атауының мағынасын сен VII сынып „Өзбекстан тарихы“ оқулығынан біліп алғансың)

1240 жылы Шыңғысханның немересі, Жошыханның (Шыңғысханның үлкен баласы) ұлы Батухан Алтын Орда хандығына негіз салды. Бұл мемлекет Жошы ұлысы деп те аталады. Ол Хорезм, Солтүстік Кавказ, Волга болгарларының елі, Дешті Қыпшақ, Қырым және Батыс Сібір аумақтарын қамтыған. Ресей оған ұлпан төлеп тұрған. Алтын Орда Жошыханның ұлдары арасында ұлыстарға бөлінуінің нәтижесінде, Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігі Жошыханның бесінші ұлы Шайбаниге тиді.

**Шығыс Дешті Қыпшақта
өзбек мемлекетінің
түзілуі**

Уақыттар өтіп, өзара ішкі келіспеушіліктердің нәтижесінде Шайбан ұлысында орталық билік әлсірей бастады. Ақыр-соңында ұлыс майда-майда бөліктерге бөлініп кетті.

Ол кезде, тақ үшін өзара күрес күшейді. Бұл күрес, әсіресе, ұлыстың Шайбан тегінен болған билеуші Давлатшайх 1425 жылы қаза тапқан соң үдей түсті. Осындай ауыр жағдайда Давлатшайхтың ұлы Әбілқайырхан саясат алаңына шықты. Әбілқайырхан жас болуына қарамай күшті

сарбаздық қабілетіне ие еді. Тақ үшін күресте оны ұлыстағы үздіксіз наразылықтардан зардап шегіп жатқан басқа өзбек тайпалары мен руханилар қолдап-қуаттады. Нәтижеде, Әбілқайырхан 1428 жылы „Өзбек ұлысы“ деп аталған мемлекетке негіз салды. Оңтүстік–Батыс Сібірдегі Тура қаласы бұл мемлекеттің астанасы деп жарияланды. 1431 жылы өз мемлекетін Алтын Ордадан тәуелсіз деп жариялады. 1446 жылы Сырдарияның орта ағымында орналасқан Сығнақ, Аққорған, Арқұк, Өзген және Созақ қалаларын басып алды. Мемлекет астанасын Сығнаққа көшірді. Бұл енді Әбілқайырханның темурилерге қарсы күреске кіріскенін білдіретін еді. Темурилер арасында Самарқанд тағы үшін күрес күшейген кезде Әбілқайырхан жағдайдан пайдалануға әрекет етті. Ол 1451 жылы өзінен көмек сұраған темуризада Әбу Саид Мырзаға Самарқанд тағын иелеуде көмек беруін сылтауратып жүріс бастады. Әбілқайырхан көрсеткен көмегінің орнына үлкен сыйлықтармен еліне қайтты. Ризалығы ретінде Әбу Саид Мырза Ұлықбектің қызы Рабия Сұлтанбегімді Әбілқайырханға некелеп берді.

1468 жылы Әбілқайырхан қаза тапқан соң, ол құрған мемлекет ыдырап кетті. Олардың дұшпандары Әбілқайырханның туыстары мен жақтаушыларын қырғынға ұшыратты. Тек немерелері – аға-інілі Мұхаммед Шайбани мен Махмұт Сұлтан, ұлдары Көшкіншіхан мен Сүйіншіқожахан секілді өте кем адам аман қалды.

Мұхаммед Шайбани саяси күрес алаңында

Мұхаммед Шайбани және оның інісі Махмұт Сұлтандар Әбілқайырханның ұлы Шахбудақ Сұлтанның ұлдары еді. Мұхаммед Шайбани 1451 жылы туылған. Әкесі жас қаза тапқан еді. Сондықтан да атасы Әбілқайырхан олардың тәрбиесіне аса назар аударды. Ұйғыр тегінен болған, Шахбудақ Сұлтанға аталық еткен әмір Байшайхты бұл екі ханзадаларға да аталық етіп тағайындады. Ханзадалар өз дәуірінің жетік тұлғалары болып ұлғайды.

Шайбани мен інісі қашқындық дәуірінде Түркістанда баспана тапты. Кейін келе олар Бұхараға келді. Шайбани Бұхара медреселерінде білім алды. Дарынды ақын ретінде танылды.

Шайбани Бұхарада білім алудан тыс беделді мемлекет және дін қайраткерлерімен жақындасып алды. Оның көңлінде атасы Әбілқайырхан мемлекетін қайта қалпына келтіру арманы болды және Дешті Қыпшаққа бет алды. Бұл дәуірде Дешті Қыпшақта тақ үшін аяусыз күрес жалғасты. Халықтың әртүрлі топтары ұлыста бейбітшілік орнатылуын ті-

леген еді. Бұл фактор жақсы әскери білім алған, мықты тәртіпті жалданбалы әскер түзе алған Шайбаниге өте қолайлы болды. Бірақ әскер тобын сақтау үлкен қаражат талап ететін еді. Сондықтан төлемнің орнына Мауароуннахр және Қорасан темурилер ханзадаларына және Моңғолия билеушілеріне ішкі дұшпандарына қарсы күресте әскери көмек көрсете бастады. Бұл әскери жорықтарда Шайбани өзінің шебер сарбаздық қабілетін көрсетті. Әртүрлі темури билеушілеріне қызмет ету Шайбаниге Темурилер мемлекетіндегі міндетті жақсырақ біле түсуге мүмкіндік берді.



Шайбанихан



Шайбани атасы Әбілқайырхан өлімінен кейін күйзеліске ұшыраған тайпаларды біріктірді де аяусыз күрестер нәтижесінде XV ғасырдың 80-жылдарында атасы құрған Өзбек ұлысы мемлекетін қайта қалпына келтіруге қол жеткізді және хандық тағына отырды.

Уақыт өтіп, Шайбанихан Сырдария жағалауларындағы қорғандарды да иеледі. Бұл қорғандар келешекте оған Мауароуннахрды басып алу үшін сүйеніш міндетін атқарды.



- 1428 жылы Шығыс Дешті Қыпшақта Өзбек ұлысы мемлекеті құрылды.
- 1451 жылы – Мұхаммед Шайбанихан туылды.
- 1468 жылы – Өзбек ұлысы мемлекеті ыдырады.
- 1480 жылы – Мұхаммед Шайбанихан атасы құрған Өзбек ұлысы мемлекетін қайта қалпына келтірді.



1. Дешті Қыпшақ дегенде қайсы географиялық аумақ түсініледі?
2. Әбілқайырхан қашан, қайда және қандай мемлекетке негіз салды?
3. Әбілқайырханның темури билеушілерімен саяси байланысы жөнінде нелерді біліп алдың?
4. Қандай алғышарттар Мұхаммед Шайбаниге Темурилер мемлекетіндегі ішкі жағдайды жақсы біліп алуға мүмкіндік берді?

Пікір таластыр!

Неліктен Шыңғысханның ұрпақтары бірте-бірте түркілесіп кеткен?

2-§. Мауароуннахр мен Қорасандағы саяси жағдай

Мауароуннахрда темурилер арасындағы өзара күрес

Саған VII сынып «Өзбекстан тарихы» оқулығынан белгілі, Өмір Темір қаза тапқан соң тақ үшін жүргізілген күрестерде ақыры оның кенже ұлы Шахрух Мырза жеңіп шыққан.

Шахрух Мырза дәуірінде Темурилер салтанаты іс жүзінде екі тәуелсіз мемлекетке бөліп басқарылды. Олардың бірі Қорасан (астанасы Хират), ал екіншісі Мауароуннахр (астанасы Самарқант) мемлекеттері еді. Қорасанда Шахрух Мырза, ал Мауароуннахрда ұлы Мырза Ұлықбек билік жасады.

Мырза Ұлықбектің өлімінен соң Мауароуннахрда тақ үшін өзара күрес күшейді. Бұл күресте ақыры 1451 жылы Мираншахтың немересі Сұлтан Әбу Мырза Әбілқайырхан көмегімен жеңіске қол жеткізді.

1458 жылы Қорасан билеушісі Әбілқасым Бабыр қаза тапқан соң Қорасанды да иеледі. 1469 жылы Әбу Саид Мырза бұрын темурилер билігінде болған Иранның батыс бөлігін басып алған ақ құйындыларға қарсы күресте қаза тапты. Бұл өлімнен соң Мауароуннахр оның ұлдары патшалық еткен іс жүзінде үш дербес мемлекетке бөлініп кетті. Өйткені, Самарқантта Сұлтан Ахмад, Ферғанада Омаршайх Мырза, Хисар, Хутталон және Бадахшанда Сұлтан Махмұт Мырза үстемдік етті. Солай болса да, Сұлтан Ахмад ресми түрде Мауароуннахр билеушісі есептелетін еді. Оның дәуірінде халық бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрді.

Ол қаза тапқан соң Мауароуннахр тағын інісі Сұлтан Махмұт Мырза, ал 1495 жылы ұлы Байсұнғыр Мырза иеледі. Көп өтпей Мауароуннахр тағы үшін күреске Ферғана әкімі Бабыр Мырза да қосылды. Ол 1497 жылы Байсұнғырды қамалға жасырынуға мәжбүр етті. Бұл кезде қала ішінде азық-түлік жетіспеушілігі жүзеге келгендіктен Байсұнғырдың әскерлері арасында бытыраңқылық пайда болды. Бекініске шыдауға көзі жетпеген Байсұнғыр Түркістанда (Яссиде) тұрған Шайбаниханнан көмек сұрады. Шайбанихан қолайлы жағдайдан пайдаланып, шұғыл Самарқантқа келіп, Бабырды қорқытып қойды. Оның үстіне Бабырдың әскерлері суық болғандықтан төңіректегі қыстақтарға таралып кеткен еді. Саны аз әскерлермен Шайбаниханға бетпе-бет келу қауіпті еді. Бірақ бұдан басқа жол жоқ еді. Бабыр бар әскерлерімен дұшпанға қарсы шығуға мәжбүр болды. Бірақ күтілмегенде Шайбанихан қала ішкерісіне

карай жүрді, бірақ Байсұнғыр оны қалаға кіргізбеді. Өйткені Байсұнғыр оны қала сыртында болатын шайқаста одақтас болуды ұсынған еді. Бұдан ренжіген Шайбанихан Түркістанға қайтып кетті.

Самарқант қамалы 7 айдан астамға жалғасты. Шайбаниханнан көмек ала алмаған Байсұнғыр қашып кетуге мәжбүр болды. Ал Бабыр Самарқант тағын иелеуге қол жеткізді. Ол атасы Әмір Темір тағының иесі деп жарияланды. Бірақ бұл иелік ету ұзаққа созылмады. Бұған Бабырдың дұшпандары Ферғана тағына інісі Жахангирді отырғызу үшін көтерген бас көтеуру себеп болды. Жүзеге келген әскери-саяси дағдарысты түсінген Бабыр қалай болғанда да Ферғанадағы билігін сақтап қалуға шешім қабылдады және Самарқантқа өз бектерінен бірін қойып Әндіжанға қайтуға мәжбүр болды. Бабырдың жоқтығынан Байсұнғырдың інісі Сұлтанәлі Мырза пайдаланып қалды да 1498 жылы Мауароуннахр тағына отырды. 1500 жылы аға-інілі Бабыр мен Жахангир Мырзалар арасында келісім түзілді. Ол бойынша, Сырдарияның оңтүстік жағы Ахси қаласымен Жахангирде және өзеннің оңтүстік жағы Әндіжан қаласымен Бабырда қалды.

Қорасандағы саяси жағдай

Әмір Темірдің төртінші ұлы, Қорасан билеушісі Шахрух Мырза 1447 жылы қаза тапқан соң, тақ үшін күрес үдей түсті. Нәтижеде, Қорасан мемлекеті он бір бөлікке бөлініп кетті. Олардың әрқайсысы іс жүзінде тәуелсіз мемлекеттер еді. Және 1458 жылы Әмір Темірдің үшінші ұлы Мираншахтың немересі Сұлтан Әбу Саид Мырза Темурилер мемлекетін біршама біріктіруге қол жеткізді. 1469 жылы Әбу Саид Мырза қаза тапқан соң, Әмір Темірдің екінші ұлы Омаршайхтың немересі Сұлтан Хусеин Байқара Қорасан тағын иеледі. 40 жылдан астам билік еткен Сұлтан Хусеин Байқара дәуірінде де мемлекетте толық тыныштық орнатылмады. Сонда да, Қорасан мемлекетінің шаруашылық және мәдени өмірі біршама жоғарылады. Мемлекетті өркендету жолында үлкен жұмыстар жүзеге асырылды. Мауароуннахрға жасалған саяси тұрақтылық қамтамасыз етілді. Мұнда Хусеин Байқараның билеушілік беделі маңызды орын алды. Уәзір Әлішер Науаның қызметтері де аса үлкен болды. Бірақ Хусеин Байқара мен ұлы Бадиуззамон арасындағы қатынастарда қайшылық пайда болды. Бұл жағдай әке мен ұлы арасына шиеленіс ұрығын шашқан қара күштердің Бадиуззамонның 11 жасар бейкүнә ұлы, үздік немере, Әлішер Науаиды терең құрмет еткен Момын Мырзаның өліміне қол жеткізген соң күшейе түсті. Қара күштердің

мақсаты таққа Байсынғұрды емес, оның өгей інісі Мұзаффар Хусеинді отырғызу еді.

Бадиуззамон ақылды және іскер, әскери мәртебесі жоғары, әділет-сүйгіш ханзада еді. Ол өз сарайында ғалымдар, ақындар, ғұламалар, өнерпаздарды жиып әртүрлі шаралар өткізетін еді. Өзі де әдемі ғазелдер жазатын. Ұлы Әлішер Науаи оның бұл қасиеттерін өте жоғары бағалайтын.

Әкесі Сұлтан Хусеин Байқараның Мұзаффар Хусеин Мырзаны орынсыз жақтауы, ұлы Момын Мырзаның өлтірілуінің ақыр-соңында Бадиуззамон және әкесі арасында соғыс келтіріп шығарды. Соғыста Бадиуззамон жеңілді. Өзара қырғынды соғыстар аяғында келісім түзумен аяқталды. 1506 жылы Сұлтан Хусеин Байқара қаза тапты. Одан соң мемлекетте қос әкімшілік пайда болды. Бадиуззамон мен Мұзаффар Хусеиндер бір кезеңде билеуші деп жарияланды. Ал бұл онсыз да ауыр күндерді бастан кешірген Қорасан мемлекетін ыдыраушылыққа алып келді.

Темурилер салтанатында басталған тақ үшін аяусыз күрестің салдарынан салтанат күйзеліске ұшырады. Нәтижеде, көптен бері Темурилер салтанаты аумақтарын иелеуді өз алдына мақсат етіп қойған Мұхаммед Шайбаниханның Мауароуннахр мен Қорасанды қолға алуына қолайлы жағдай туды.



- 1447 жылы – Шахрух Мырза қаза тапты.
- 1458 жылы – Сұлтан Әбу Саид Мырза уақытында болса да, Темурилер салтанатын біріктірді.
- 1506 жылы – Хусеин Байқаро қаза тапты. Қорасанда қос әкімшілік пайда болды.



1. Мауароуннахрда Темурилер билігінің күйзеліске душар болуына нелер себеп болды?
2. Бабыр Мырзаның саяси күрес алаңына шығуы жөнінде нелерді біліп алдың?
3. Қорасанда Темурилер билігінің әлсіреп қалуына нелер себеп болды?



Мауароуннахр және Қорасандағы саяси жағдайды салыстыр. Өзара ұқсас және өзіне тән жақтарын анықта да оларды жазба түрде жазып қой.

3-§. Захириддин Мұхаммед Бабыр және Мұхаммед Шайбанихан қатынастары

Бабырдың саясат алаңына шығуы

Алдыңғы тақырыпта атап өтілгендей, XVI ғасыр босағасында Темурилер мемлекеті тақ үшін күрес алаңына Захириддин Мұхаммед Бабыр Мырза да шықты. Бабыр Мырза Сұлтан Әбу Саид Мырзаның немересі еді. Ол 1483 жылы 14 ақпанда Әндіжан қаласында туылды. Балалық және жастық жылдары Әндіжан және Ахси қалаларында өтті. Әкесі Омаршайх Мырза (1455–1494) сарайында өз дәуіріне лайық барлық қажет білімдерді меңгерді. Әбу Саид Мырза ұлы Омаршайх Мырзаны өз билігі дәуірінде, бастапқыда Қабул облысына, одан соң Ферғана облысына әкім етіп тағайындады. Кейін келе ағасы Сұлтан Ахмад билігі дәуірінде Ташкент пен Сайрам да Омаршайх Мырзаға берілді. Бірақ өзара ішкі күрестер нәтижесінде Омаршайх Мырза қол астында тек Ферғана, Хожент және Оратөбеде ғана қалды. Омаршайх Мырза 1494 жылы бақытсыз оқиғаның арқасында қаза тапқан соң, билік 12 жасар ұлы Бабыр Мырзаның қолына өтті.



Бабыр жас болғандықтан мемлекет жұмыстарын сенімді бектерден Хажықазы және оқымысты, ақылды анасы Құтлық Нигарханым арқылы басқарады.

Бабыр Мырзаның саяси күрес алаңына шығуы Темурилер салтанатында әскери-саяси жағдай өте ауыр болған жағдайға тура келді. Оның да барлық тақ талапкерлеріне тән қасиеттері жоқ емес еді. Оның арманы ұлы атасы Әмір Темір салтанатының астанасы болған Самарқант тағына отыру еді.

Мұхаммед Шайбаниханның Мауароуннахр үшін күреске қосылуы

Шайбаниханның негізгі мақсаты Темурилер салтанатын бүтіндей тоқтату еді. Бабыр Мырза мен оның арасындағы қатынастар Шайбаниханның сол ниетін анық көрсетіп берді. Анасының сөзімен іс жүргізген Мауароуннахр билеушісі Сұлтан Әли Мырза қысқа ойлағандығынан Шайбанихан 1500 жылы Самарқантты шайқассыз қолға алды. Бұдан хабардар болған Бабыр Мырза қатты күйзелді. Бұл ретте де арада қиянат бар екендігі оны терең азапқа салды. Шайбанихан Самарқантты алған соң, Сұлтан Әли Мырзаны өлтірді.



Захириддин Мухаммад
Бабыр

Мауароуннахрдың беделді мемлекет қайраткерлері шайхулислам Абулмакорим басшылығында Бабыр Мырзаны Самарқант тағын иелеуге үндеді. Әулеті мүддесіне адал болған Бабыр Мырза 1500 жылдың күзінде Самарқантқа жүріс бастады да тақты екінші рет иеледі.

Бұл кезде Шайбанихан Самарқанттан тысқарыда – Конигил (қала сыртындағы билеушілер демалатын жерде) тұратын еді.

Шайбанихан бұл оқиғаны есіткен соң, болашақ шешуші шайқасқа дайындық көрді. Бабыр Мырза бұл реттегі соғыс шешуші соғыс екендігін біліп Әндіжан, Ташкент, Хисар, Хират және басқа жерлерге

көмек жіберулерін сұрап елшілер жіберді. Бірақ нағашысы – Қорасан билеушісі Сұлтан Хусейн Байқара мен Қашқардағы нағашысы Сұлтан Махмұтханнан көмек күші келмеді. 1501 жылы алты айлық қамалдан соң Шайбанихан Бабыр Мырзаға келісім ұсынды. Бабыр Мырза еш қайдан көмек ала алмаған соң, лажсыздықтан келісімге разы болды. Келісім шарттары Бабыр Мырза үшін өте қорлық болса да, оған разы болмай басқа шарасы жоқ еді.

Ауыр және нашар жағдайға түсіп қалған Бабыр Мырза Самарқантты тастап, көп азаптарды бастан кешіріп, басқа елдерге кетуге мәжбүр болды. Бабыр Мырзаның қызы Гүлбаданбегім (1523–1603 жылдары өмір сүрген) өзінің „Хумаюннама“ шығармасында бұл жөнінде төмендегілерді жазған еді: „Құдайға тәуекел етіп, Бадахшанот пен Қабулға бет бұрды“.

1504 жылы Қабул облысында (Қабул – қазіргі Ауғанстан мемлекетінің астанасы) өз әкімшілігін орнатты. Бұл жерде тәуелсіз мемлекет түзуге тез кірісті. Қатаң тәртіпке мойынсұнатын әскерлер жасағын түзді. Құрылыс, көркейту жұмыстарына үлкен мән берді. Көп бактар өсірілді. Олардың ішінде Бабыр бағы өте танымалды.

Қабулдағы Боло Хисар қамалын өзінің резиденциясына айналдырды. Шайбанилардың одан әрі күшейіп бара жатқан жүрісіне қарсы бірге шара көру мақсатында Сұлтан Хусейн Байқара барлық темури билеушілері қатарында Бабыр Мырзаны да кеңес жиынына шақырғандығы, оның жоғары мәртебеге ие болғандығын дәлелдейді. Бабыр Мырза сол шақыру

бойынша Хиратқа жол алды. Бірақ Хусеин Байқараның 1506 жылы кенет қаза табуы жағдайды ауырластырды. Өзара қарама-қайшылықтар күштілігінен теури ханзадалары дұшпанға қарсы одақ түзе алмады. Ал бұл ақыр-соңында Теурилер салтанатының бүтіндей жойылуына себеп болды.

Бабыр Мырза тарихымызда ұлы акын, Мауароуннахрды Шайбанилар басып алуынан сақтап қалу жолында табандылықпен күрескен билеуші және сарбаз ретінде аты қалды.



- 1494 жылы – Бабыр Мырза Өндіжан тағына отырғызылды.
- 1500 жылы – Шайбанихан Самарқандты иеледі.
- 1501 жылы – Бабыр Мырза Шайбаниханнан жеңілді.
- 1504 жылы – Бабыр Мырза Қабулда үстемдік орнатты.



1. Бабыр Мырза қандай жағдайда саясат алаңына кіріп келді?
2. Неліктен Мұхаммед Шайбанихан жеңіске қол жеткізді?



Пікір таластыр!

Теурилер мемлекеті құламауы мүмкін бе еді?

4-§. Мауароуннахр мен Қорасанда шайбанилер үстемдігінің орнатылуы

Шайбанихан үстемдігінің күшеюі

Дешті Қыпшақтағы өзбек тайпаларының жетекшілері Әбілқайырхан өлімінен соң басталған өзара қырғындардың тағы қайталануын еш қаламайтын еді. Оларда Мұхаммед Шайбаниханның қырғынға жол қоймауына сенім пайда болды.

Бұдан тыс, Дешті Қыпшақтағы өзбек тайпалары көптен бері толық отырықшылықта өмір сүруді үміт етіп келетін. Бұл үміттің орындалуы өзгелердің құнарлы жерлері есебіне іске асуы мүмкін еді.

Өзбек тайпаларының сарбаздары Мұхаммед Шайбаниханды өз үмітін іске асыра алатын жарамды жалғыз тұлға деп есептейтін. Сондықтан да олар және руханилар Мұхаммед Шайбаниханды қолдады.

Олар жерлері құнарлы, қолөнершілігі дамыған өлкелерде, бірінші кезекте, Мауароуннахрда Мұхаммед Шайбанихан билігінің орнатылуы

отырықшы тіршілікке өту мүмкіндігін беруін де жақсы білген. Бұл факторлар Мұхаммед Шайбанихан әкімшілігінің күшеюіне көмек берді. Мұхаммед Шайбаниханның Мауароуннахрдағы ішкі саяси жағдайды жақсы білгендігі де оның мәртебесін арттыра түсті. Сондай-ақ, Мауароуннахр халқы темури хандаларының таққа таласқан өзара күрестерінен шаршаған да еді. Мауароуннахр шенеуніктері және тіпті жай халықтың белгілі бөлігі де Мұхаммед Шайбанихан бейнесінде Мауароуннахрда бейбітшілік орнатуға құдіреті жететін жалғыз тұлғаны көрді.

Осылайша, Мұхаммед Шайбаниханның Темурилер салтанаты аумақтарында да өз билігін орнатуы үшін барлық қажетті жағдай жасалды.

Сондай-ақ, Ресейдің шығысқа қарай кеңейе түсуі де Шайбаниханның Мауароуннахрға жорығын жеделдетіп жіберді.

Мауароуннахрда Шайбанихан үстемдігінің орнатылуы

Шайбанихан Темурилер салтанатын бүтіндей жою мақсатында бастаған әскери жүрісі кезінде қарсыластарын есеңгіретіп қойған шайқас тәсілі – толғаманы қолданды. Ол Самарқандты бастапқы 1500 жылы қысқа мерзімге болса да иеледі және жаңа өзбек мемлекеті – Шайбанилар мемлекетіне негіз салды. Ал 1501 жылы Самарқандты үзілді-кесілді мойынсұндырды. Енді бүкіл Мауароуннахрды бағындыруға кірісті.

1503 жылы Ташкент және Шахрухия қалалары басып алынды. Шайбанихан Ұлықбек Мырзаның Әбілқайырханға ұзатылған қызы Рабия Сұлтанбегімнің ұлы болған нағашылары Көшкінші Сұлтанды Түркістанға және оның інісі Сүйіншіқожа Сұлтанды Ташкентке, өзінің інісі Махмұт Сұлтанды Бұхара облыстарына әкім етіп тағайындады.

Ал 1504 жылы Ферғана қолға алынды. Шайбаниханның әскери жүрістерінде ең белсенді қатысқан нағашысының ұлы Жәнібек Сұлтанға Ахси және Әндіжанды сыйлады.

Жәнібек Сұлтан Әбілқайырханның басқа бір ұлы Хожа Махмұт Сұлтанның ұлы еді.

Осылайша, бүкіл Мауароуннахрда Шайбанилер әулеті билігі орнатылды. Ал Самарқанд қаласы астана етіп белгіленді.

Хорезм мен Қорасанның қолға алынуы Мауароуннахрда күшейіп алған Шайбанихан 1505 жылы Хорезмге жүріс жасады және оны да бағындырды.

1505 жылдың күзінде Қорасанға жүріс бастады. Соңғы жылдары өзара ішкі келіспеушіліктер салдарынан күйзеліске бет бұрған темурилердің Қорасан мемлекетін басып алу Шайбанихан үшін қиын болмады. 1506 жылы Балх, 1507 жылы Хират иеленді. Одан соң Хират өзінің экономикалық, саяси және мәдени орталық ретіндегі мәртебесін жойды. Қорасанның да мойынсұндырылуымен іс жүзінде Шайбанихан бүкіл аймақты жалғыз бір орталық – Самарқантты қол астына біріктіре алды және темури ханзадалары жүзеге асыра алмаған жұмысты орындады. Бұл оның мемлекетшілігіміз алдындағы қызметі. Осылайша, Мауароуннахр, Хорезм мен Қорасанды қамтып алған аумақта Шайбанихан билігі орнатылды да Шайбанилер әулеті үстемдігінің дәуірі басталды.

Этникалық үдеріс Сен VII сыныпта біліп алғанындай, Мауароуннахр мен Хорезмде өзбек халқы IX–XII ғасырларда қалыптасқан. Дұрыс, бұл аумақтарда өмір сүрген ата-бабаларымыз XVI ғасырға дейін өзбектер деп аталған. Ежелден тарихи түркі этникалық топтар тек біздің туған жерімізде ғана емес, сондай-ақ басқа өлкелерде, оның ішінде, Дешті Қыпшақта да ұзақ жылдар барысында өмір сүріп келген. Дешті Қыпшақты XIII ғасырдың басында басып алған моңғолдар біртіндеп бұл өлкеде өмір сүретін түркі тайпалар құрамына сіңіп кетті де өз ұлтын жоғалтты. Шайбанилер елімізді иелеп алған Дешті Қыпшақта өмір сүретін әртүрлі өзбек тайпалары Мауароуннахр мен Хорезмге көшіп келе бастады. Бұл оқиға Отанымыз аумағындағы этникалық үдеріске әсер етпей қоймайды.

Ең алдымен, XVI ғасырдан бастап елімізде өзбек халқының құрамы кеңейе түсті. Екіншіден, көшіп келген әртүрлі өзбек тайпалары экономикалық және мәдени өркендеу жағынан өзінен жоғары болған жергілікті туыстарымен жақындасты. Үшіншіден, олар жергілікті халық тұрмыс салтына тән барлық оңтайлы жақтарын қабылдады. Уақыт өте Мауароуннахр мен Хорезмде алдын өмір сүріп келе жатқан туыстары құрамына сіңіп кетті.

„Өзбек“ аты Өзбекстан тарихының XVI ғасырдан кейінгі өркендеу басқыштарында жергілікті халық рухына сіңді. Өзбек атауы бүкіл бір халықтың этникалық атына және ұлттық мақтанышына айналды.

Иран шахы Исмаил Сафавимен қанды қақтығыс Бұл кезде Иранда шах Сафави билік жасайтын еді. Ол өз дәуірі үшін үлкен және құдіретті әскер түзе алды. Исмаил Сафави түзген салтанат тарихта Сафавилер мемлекеті атымен танымал болған.

Шах Исмаил мемлекеті үлкен аумақтарды өз ішіне қамтыды. Бұл мемлекеттің бір жағалауы Қорасанмен, екінші жағалауы Османды мемлекетімен шектескен еді. Шах Исмаил басшысы Иран сафавилерінің Қорасанға қысымы күшейе түсті, талан-тараждық әрекеттері үдеп кетті. Енді бұл екі билеуші арасында соғыс болуы анық болып қалды.

Сөйтіп, 1510 жылы екі билеуші әскері қақтығысты. Марв (қазіргі Түрікменстан аумағы) маңында болған шайқаста Иран әскері жеңіске жетті. Шайбанихан және оның саптастары шайқаста қаза тапты. Бұл жеңістің нәтижесінде шах Исмаил бүкіл Қорасанды иеленді.



Толғама – шайқас кезінде дұшпан әскерін қанаттарынан айналып өтіп, қоршап алып соққы беру тәсілі.



- 1500 жылы – Мауароуннахрда жаңа өзбек мемлекеті – Шайбанилер мемлекетіне негіз салынды.
- 1503 жылы – Ташкент иеленді.
- 1504 жылы – Ферғана иеленді.
- 1505 жылы – Хорезм иеленді.
- 1507 жылы – Хират иеленді.



1. Шайбанихан әкімшілігінің күшеюіне себеп болған факторлар нелерден құралған еді?
2. Шайбаниханның Мауароуннахр мен Қорасанды біршама оңай басып алуына нелер негізгі себеп болды?
3. Исмаил шахтың жеңісінің салдары жөнінде нелерді біліп алдың?
4. Елімізге Дешті Қыпшақтан әртүрлі өзбек тайпалары көшіп келген соң, этникалық үдеріс қандай болды?



II ТАРАУ. БҰХАРА ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ БҰХАРА ӘМІРЛІГІ

5-§. Бұхара хандығының қалыптасуы

Көшкіншіхан және Убайдуллахан үстемдігі

Шайбанихан қаза тапқан соң, оның орнына нағашысы Көшкіншіхан таққа отырды. Бірақ 1511 жылы Бабыр Мырза Самарқантты үшінші рет иелегенде шайбанилер уақытшалық биліктен мақрұм болып қалды. 1512 жылы 28 сәуірдегі шайқаста шайбанилер Бабыр Мырзамен оның одақтасы сафавилер әскерлерін талқандады, Самарқант тағын қайта қолға алды. Көшкіншіхан 1530 жылға дейін билік етті.

Көшкіншіханнан соң таққа ұлы Әбу Саид (1530–1533) отырды. Ал одан кейін билеушілік Шайбаниханның інісі Махмұт Сұлтанның ұлы Убайдуллахан (1533–1540) қолына өтті. Ол 1533 жылы хандық астанасын Самарқанттан Бұхараға көшірді. Осылайша, Шайбанилер мемлекеті Бұхара хандығы деп атала бастады. Убайдуллахан Бұхараға ата мирас мүлік деп қарайтын еді. Өйткені Шайбанихан көзі тірісінде-ақ Бұхара әкімдігін інісі Махмұт Сұлтанға берген еді. Осылайша, шайбанилердің Мауароуннахрда түзген мемлекеттері бұдан кейін Бұхара хандығы деп аталатын болды.

Убайдуллаханның тарихымыздағы қызметтері үлкен. Ең алдымен, ол Исмаил Сафави әскерлерінің шабуылдарын тоқтатып, Мауароуннахрды олардың әскери-саяси қысымдарынан сақтап қалды.

Убайдуллаханды сафавилерге қарсы күресте өзінің рухани шабыттандырушысы Мир Араб бүркемелі атымен танымал болған дін қызметкері Абдулла Саброни қолдап-қуаттады. Ол Убайдуллаханның досы болған. Убайдуллахан сафавилерді жеңуі Отан тәуелсіздігін, халық бостандығы мен дін және ар-намысын сақтап қалды. Убайдуллахан бұл жеңісті Мир Арабқа арнады және 1530–1536 жылдарда Бұхарада оның атымен танымал медресе құрғызды. Мир Араб медресесі қазірге дейін ғылым-ағарту ошағы болып отыр.

Тарихшы Хафиз Таниш әл-Бұхари босқа *„Оның мемлекеті және халифаты заманында Мауароуннахр, әсіресе, Бұхара облысы гүлдеп-өркендеді“*, деп жазбаған еді.

Убайдуллахан билігі дәуірінде Бұхараның астана ретіндегі беделі жан-жақты өсті. Убайдуллахан өз мемлекетінің шекарасын Шайбанихан дәуіріндегі жағалауларда қайта тіктеуге әрекет етті. Ол Хиратты басып алған Иран әскерлерін бірнеше рет жеңген еді. Сондай-ақ, ол мемлекет ішкерісіндегі саяси ыдыраушылықты тоқтатты.

Тақ үшін өзара күрестің күшеюі

Көшкіншіханның ұлы Абдуллахан I дің қысқа әкімшілігінен кейін Мауароуннахрда қос әкімшілік, яғни бір уақыттың өзінде екі билеуші әкімшілігі орнатылды.

Олардан бірі – Убайдуллаханның ұлы Абдулазизхан Бұхарада, екіншісі Көшкіншіханның және бір ұлы Абдулатифхан Самарқантта билей бастады. Бірақ олардың билігі нығайтылған емес еді. Мемлекет іс жүзінде бірнеше тәуелсіз бөліктерге бөлініп кетті. Өйткені, Балх пен Бадахшанда Пірмұхаммедхан I, Ташкент пен Түркістанда Наурыз Ахмадхан, Кермене мен Миянқолда Искандархан тәуелсіз болып алды.

Мемлекетте болған саяси шиеленісуден кейін Ташкент пен Түркістан билеушісі, Сүйіншіқожа ханның ұлы Наурыз Ахмадхан пайдаланып қалуға бел байлады. Самарқант билеушісі, нағашыларынан Абдулатифханмен одақ түзіп 1540 жылы Бұхараны иеледі және билікті өз жақтаушыларына тапсырды. 1548 жылы Абдулатифхан қаза тапқан соң, Самарқант тағын иеледі. Өз атынан теңге ақша жасатты. Мауароуннахрдың көп қалаларында оның аты құтбаға қосып оқылды.

Бірақ Кермене мен Миянқол билеушісі Искандархан және оның ұлы Абдулалар Наурыз Ахмадханға бас июге көнбеді. Бұған қарсы Наурыз Ахмадхан Миянқолға жүріс бастады. Күштер қатынасында Наурыз Ахмадханның басымдылығын білген әке мен ұлы Балхқа кетуге мәжбүр болды. Абдуллахан Балх билеушісі – нағашысы Пірмұхаммедханның көмегі арқылы Наурыз Ахмадханға қарсы бірнеше жүрістер жасаған соң ғана жеңіске қол жеткізді. Жеңілген Наурыз Ахмадхан Бұхараны тастап Самарқантқа қайтты. Соңғы шайқаста екі жақ та жеңіске жетуге көздері жетпеген соң, ортада келісім-шарт жасалды. Келісімнен соң Абдуллахан Әмудариядан өтіп Майманаға, ал Наурыз Ахмадхан Бұхарада орынбасарын қалдырып, Самарқантқа қайтты және 1556 жылы қаза тапты



- 1512 жылы – Шайбанилер Мауароуннахр тағын қайта иеледі.
- 1533 жылы – Шайбанилер мемлекеті Бұхара хандығы деп атала бастады.



1. Неліктен шайбанилердің Мауароуннахрда түзген мемлекеті Бұхара хандығы деп аталды?
2. Шайбани Убайдуллаханның мемлекетшілігіміздегі тарихи рөлі нелерден құралған?
3. Наурыз Ахмадханның Мауароуннахр билеушісі тағын иелеуіне қандай факторлар себеп болды?

Пікір таластыр!

Неліктен шайбанилер дәуірінде де ішкі келіспеушіліктер аяқталмады?

6-§. Абдуллахан II дәуірінде Бұхара хандығының өркендеуі

Абдуллахан II нің билік басына келуі

Наурыз Ахмадхан қаза тапқан соң, мемлекеттегі саяси ыдыраушылық қаупі күшейе түсті. Мемлекеттегі күйзеліске шек қою үшін орталық билікті қайта қалпына келтіру және күшейту қажет еді. Бұл қажеттілікті соғыстарсыз жүзеге асыруға болмайтын еді. Міне осындай жағдайда күрес алаңына Миянкол әкімі Искандар Сұлтанның ұлы Абдуллахан II (1534–1598) шықты. Ол Шайбанилер әулетінің жарқын өкілдерінен бірі, аты 4-тақырыпта атап өтілген Жәнібек Сұлтанның немересі еді.

Искандархан отбасына Бұхара маңындағы Жуйбар қыстағында тұратын, өте үлкен мәртебеге ие болған шайх Мұхаммед Исламның ықыласы жоғары болғандығы Абдуллахан II ге бұл күресте өте үлкен көмек болды.

Мұхаммед Ислам және оның ұрпақтары өздерінің келіп шығуын әкесі жағынан Мұхаммед пайғамбар ұрпақтарына, ал анасы жағынан Шыңғысхан мен Жошыға байланыстыратын еді. XVI ғасырдың екінші жартысында Мұхаммед Ислам, кейін келе



Абдуллахан II
(миниатюра, 1572)

оның ұлы Әбубәкір Саъд Бұхарада шайхулислам лауазымында қызмет жүргізді.

Мемлекеттің орталықтандырылуы

1556 жылы Наурыз Ахмадхан қаза тапқан соң, Абдуллахан II дереу Кермене мен Шах-рисабзда өз билігін қайта қалыптастырды. Мұхаммед Исламның көмегімен Бұхара тағы да қолға енгізді де оның астана беделін қайта тіктеді. Орталық билігіне мойынсұнуды қаламаған Самарқанд, Ташкент, Сайрам, Түркістан және Ферғана қылыш күшімен бойсұндырылды. Бірақ қарсыластарының таққа жасы үлкен шайбани отырмады ғой, деп кінә артуы мүмкін болуына орын қалдырмау үшін бір отбасы төңірегінде болса да, бастапқы нағашысы Пірмұхаммед I ді, ал оның өлімінен соң әкесі Искандарханды таққа отырғызды.

1583 жылы әкесі қаза тапқан соң, Абдуллахан II ресми хан деп жарияланды.

Сөйтіп, Абдуллахан II Мауароуннахрда өз билігін толық орнатты. Сондай-ақ, Қорасан құрамындағы, бірақ шайбанилер қолында қалған Балх, Маймана, Бадахшанда орталық әкімшілікке қарсы көтерілген көтерілістерді бастырды.

Хорезм 1594 жылы бірінші рет, ал 1596 жылы екінші рет мойынсұндырылды. Сафавилерге қарсы жүргізілген күрес нәтижесінде Қорасанның шығыс бөлігі иеленді. Сондықтан, бүкіл Мауароуннахр, Хорезм және Қорасанның шығыс бөлігіне дейін болған аумақтар біртұтас билеуші қолы астында біріктірілді. Осылайша, Абдуллахан II нің тайсалмас күресі нәтижесінде XVI ғасырдың соңында Бұхара хандығы орталықтандырылған үлкен мемлекетке айналды. Мұндай үлкен нәтижеге ұлы Әмір Темірден кейін тек Абдуллахан II қол жеткізе алды.

Ресейде бұл мемлекетке босқа „Великая Бухария“ (Ұлы Бұхара) атауы қолданылмаған еді.

Шайбанилер әулеті билігінің аяқталуы

Абдуллахан II мемлекетті біріктіру үдерісінде шайбани сұлтандарының орталық билікті әлсіздендіруге әрекет етуіне қарсы тынымсыз және аяусыз күрес жүргізді. Бұл мақсат жолында туыстарын да аямады. Бірақ Абдуллахан II қаншалықты әрекет етсе де, ішкі келіспеушіліктерді толық тоқтата алмады. Тақ мәселесінде тіпті өзінің ұлы Абдулмомынмен келісе алмады. Ол мұрагер ретінде Балх облысын басқаратын еді.

Абдуллахан II 1598 жылы қаза тапқан соң, тақты ұлы Абдулмомын иеленді. Бірақ сол жылдың өзінде-ақ Абдулмомынды қастандық жасаушылар өлтірді. Одан қалған екі жасар ұлының хандық құқықын ешкім тән алмады. Тақ үшін басталған күрестің нәтижесінде таққа Абдуллахан II нің нағашысы – Балхтың әкімі Пірмұхаммед II отырғызылды. Ішкі келіспеушіліктер салдарынан Бұхара хандығында қалыптасқан ауыр жағдайдан пайдаланған Иран билеушісі Шах Аббас бастырып кіріп, Нишапур, Сабзавор, Мешхед, Хиратты иеледі. Ал Хорезм хандық иелігінен шығып, мемлекет тәуелсіздігін қайта қалпына келтірді.

Пірмұхаммед II Бұхара хандығын тағы екі жылдай басқарды. 1601 жылы келіп шығуы аштарханилерден болған, Самарқанд әкімі Боқи Мұхаммед арасында қанды соқтығысу болды. Жеңілген Пірмұхаммед II өлтірілді. Осылайша, Абдуллахан II өлімінен небары 3 жыл өткен соң, бір ғасыр билік жасаған шайбанилер әулеті аяқталды.



- 1556 жылы – Абдуллахан II іс жүзінде, ал 1583 жылы ресми хандық тағы иеленді.
- 1596 жылы – Хорезм (Хиуа хандығы) екінші рет мойынсұндырылды.
- 1598 жылы – Абдуллахан II қаза тапты.
- 1601 жылы – Бұхара хандығында Шайбанилер билігі аяқталды.



1. Абдуллахан II нің өзбек мемлекетшілігі алдындағы қызметі неден құралған?
2. Шайбанилер әулеті билігі аяқталуының себептерін тәртіппен жаз.
3. Неліктен Абдуллахан II де мемлекетті әулет өкілдерімен ынтымақта басқара алмаған?

7-§. Бұхара хандығында аштарханилер әулеті үстемдігінің орнатылуы

Аштарханилер жөнінде Өзара ішкі келіспеушіліктер салдарынан Жошыхан ұлысы – Алтын Орда іс жүзінде бірнеше тәуелсіз хандықтарға бөлініп кете бастады. Олардан бірі XV ғасырдың 30-жылдарында Волга бойы жерлерінде құрылған Аштархан (Хожи Тархан) хандығы еді. Қазіргі Ресей Федерациясына тиісті Астра-

хань (Аштархан) қаласы оның астанасы болған. Ресей бұл хандықты 1556 жылы басып алды

Аштархан хандығы таратылған соң, хан отбасындағы кісілер жан сақтау үшін әртүрлі жақтардан баспана іздеуге мәжбүр болды. Солардың бірі шайбанилерге нағашы Ермұхаммедхан отбасы еді. Ермұхаммедхан және оның отбасы Бұхара хандығынан баспана тапты. Ол Бұхара ханы Искандарханмен (Абдуллахан II нің әкесі) жақын қатынаста болған.

Бұхарада биліктің аштарханилерге өтуі

Ермұхаммедхан отбасы мүшелері және туысқандарымен Бұхараға келген соң, Искандархан оларды құрметпен күтіп алды және қызы Зухрабегимді Ермұхаммедханның ұлы Жәнібек Сұлтанға тұрмысқа берді. Жәнібек Сұлтан Зухрабегімнен үш ұл (Дінмұхаммед, Бақымұхаммед, Уәли Мұхаммед) көрді. Әке мен ұлдар Бұхара хандығында жоғары беделге қол жеткізді.

Шайбанилер әулетінен тақ мирасқоры қалмаған соң, Жәнібек Сұлтан хандық тағына ең лайықты үміткер болып қалды. Хандықтың беделді кісілері оған тақты ұсынды. Бірақ ол ұлы Дінмұхаммедтің пайдасына тақтан бас тартты. Бірақ бұл арада Қорасанда Иран билеушісі Шах Аббас әскерімен болған шайқаста Дінмұхаммед қаза тапты.



Нәтижеде, 1601 жылы Жәнібек Сұлтанның екінші ұлы, Самарқант әкімі Бақымұхаммед Бұхара тағына отырғызылды. Осылайша Бұхара хандығы тарихында жаңа әулет – аштарханилер әулеті әкімшілігі басталды.

Орталық басқару билігін нығайту үшін күрес

Бақы Мұхаммед (1601–1605) мемлекет шекараларының тығыздығын нығайту, басқару жүйесін бір жүйеге салу үшін көп әрекет етті. 1602 жылы Иран сафавилеріне соққы беріп, Балхты мойынсұндырды және інісі Уәли Мұхаммедті әкім етіп тағайындады. 1603 жылы Иран сафавилерінің Балхқа шабуыл жасаған әскерлерін жеңіліске ұшыратты.

1605 жылы Бақы Мұхаммед қаза тапқан соң, інісі Уәли Мұхаммед таққа отырғызылды. Бірақ тайпа әмірлері хан әкімшілігіне мойынсұнбай алауыздықты күшейтті. Бұхаралық әмірлер ханға қарсы көтеріліс ұйымдастырғанынан хабар тапқан Уәли Мұхаммед қашып кетті. Әмір-

лер таққа Бақы Мұхаммедханның ұлы Имамқұлыханды (1611–1642) отырғызды.

Имамқұлыхан Ташкент және хандықтың солтүстік-шығыстық шекаралары үшін қазақтар, жоңғарларға қарсы табысты күрес жүргізді. 1613 жылы Ташкентті қазақтардан азат етті.

Имамқұлыхан дәуірінде орталық мемлекет билігі біршама нығайтылды.

Саяси ыдыраушылықтың күшеюі

Имамқұлыханнан кейін таққа отырған інісі Надыр Мұхаммед (1642–1645) дәуірінде саяси ыдыраушылық күшейді. Бұған ханның мемлекет облыстарын ұлдарына және жақын туыстарына мүлік етіп үлестіріп бергендігі себеп болды. Нәтижеде, мемлекетшілік негіздері әлсіреді. 1645 жылы қазақтар қайта Мауароуннахрға жүріс жасап, Хожентке дейін жетіп келді.

Надыр Мұхаммед оларға қарсы ұлы Абдулазиз басшылығындағы үлкен әскерді жұмылдырды. Ханнан наразы болған бір топ әмірлер жүріс дәуірінде Абдулазизды хан деп жариялады да оны таққа отырғызды. Ал Надыр Мұхаммед Балхыға әкім етіп тағайындалды (1645–1651). Надыр Мұхаммед тақты қайтарып алу мақсатында Үндістан патшасы теури ханзадалары Шах Жаһаннан көмек сұрады. Шах Жаһан Балх облысын өзіне мойынсұндыру мақсатында әскер жіберді. Оның шынайы ниетін байқаған Надыр Мұхаммед үнді әскеріне қарсы шықты. Бірақ ол шайқаста жеңілді де Иранға қашып кетті. Абдулазизхан Балхыны екі жылдан соң ғана қайтарып алды. 1649 жылы әкесі Надыр Мұхаммедті және Балхы әкімі етіп тағайындады. Бірақ әкесінің Иран арқылы өз беделін нығайтуға әрекет еткендігі Абдулазизханды абыржытып қойды. Енді ол әкесіне қарсы інісі Сұбханқұлыхан жетекшілігінде әскер жіберді. 1651 жылы Сұбханқұлыхан Балхыны иеледі. Сондай-ақ, ол Балх әкімі етіп тағайындалды. Ал әкесі Надыр Мұхаммед Меккеге қажға бара жатып жолда қаза тапты.

Бұхара–Хиуа қатынастары

Бұхара хандығындағы өзара күрестерден пайдаланған Хиуа хандарының Бұхараға талан-тараж жүрістері күшейді. 1655 жылы Хиуа ханы Әбілғазыхан үлкен әскермен жүріс жасап, Бұхара маңын екі рет талан-тараж етт.

1681 жылы қартайып қалған Абдулазизхан ішкі қайшылықтар мен сыртқы шабуылдар Бұхара хандығының әлеуметтік-экономикалық

жағдайын күрделендіріп жібергендігі және саяси жағдай бір ізден шыққандығынан тақтан бас тартты.

Абдулазизханнан кейін таққа отырған Сұбханқұлыхан (1681–1702) дәуірінде де жағдай оңалмады. Сұбханқұлыхан бір жағынан ұлдарына қарсы, екінші жағынан облыстардағы әмір мен бектердің орталық билігінен тәуелсіз болу жолындағы әрекеттеріне қарсы күрес жүргізуге мәжбүр болды.

Хандықтағы өзара ішкі күрестер Хиуа хандығына дұрыс келді. Бұхараға қарсы жүріс бастаған Хиуа ханы Анушахан белгілі мерзім Самарқантты иеледі. Тіпті өз атына құтба да оқытты және теңге ақшалар енгізді. Бірақ Сұбханқұлыхан катаған ұрығынан болған Бадахшан әкімі Махмұтби аталық арқылы Хиуа әскерлерін Самарқанттан қуып шығаруға қол жеткізді. Ол Хиуа шабуылына шек қою үшін Анушаханға қарсы қастық дайындады. Мұның нәтижесінде Анушахан тақтан түсірілді де 1688 жылы хандықты Бұхара иелігіне кіргізді.

Сұбханқұлыхан Махмұтби аталыққа Хиуа хандығына қарсы күресінде берген көмегі есесіне Балх әкімдігін де тапсырды. Ханның бұл қаулысы көптеген кісілерді наразы етті. Ішкі келіспеушіліктер соңында мемлекет экономикасын терең күйзеліске ұшыратты.



- 1601 жылы – Бұхара хандығында аштарханилер әулеті билігі орнатылды.
- 1688 жылы – Хиуа хандығы Бұхара иелігіне кіргізілді.



1. Шайбанилер әулетінің аяқталуына нелер себеп болды?
2. Аштарханилер кімдер еді және олар Бұхараға қалай келіп қалды?
3. Бақы Мұхаммедтің Бұхара хандығы тағын иелеуі жөнінде нелерді біліп алдың?
4. Имамқұлыхан мемлекет тәуелсіздігін сақтау жолында қандай шаралар көрді?
5. Сұбханқұлыхан дәуірінде Бұхара–Хиуа қатынастары қалай өтті?

8-§. Бұхара хандығында орталық әкімшіліктің әлсіреуі

**Бұхара хандығы
Убайдуллахан II
дәуірінде**

1702 жылы Сұбханқұлыхан қаза тапты. Тақты ұлы Убайдуллахан II (1702–1711) иеледі. Убайдуллаханның негізгі мақсаты саяси ыды-

раушылықты аяқтаудан құралған еді. Сол мақсат жолында біресе көтерілісшілер тайпаларға қарсы, немесе мойынсұнбайтын жергілікті билеушілерге, не мемлекет шекараларына, бастырып кірген көшпенділерге қарсы соғыс жүргізуге мәжбүр болды.

Бастапқыда ол Балхыны мойынсұндыру жолын іздеді. Убайдуллахан II нің әкесі Сұбханқұлыхан Балхыны қатаған тайпасының басшысы, Бадахшан әкімі Махмұтби аталыққа жеке қызметтері үшін тарту еткендігі белгілі. Убайдуллахан дәуірінде Махмұтби Балхыда билікті толық өз қолына алды және өзін 1706 жылы хан деп жариялады. Бұл Махмұтбиге қарсы бірнеше рет ұйымдастырылған әскери жүрістері нәтиже бермеген соң, Убайдуллахан оның тәуелсіздігін тән алуға мәжбүр болды.

Убайдуллахан II өткізген реформалар сәтсіздікке ұшырады. Әрине, ішкі және сыртқы дұшпандарға қарсы тынымсыз соғыстар жүргізу үлкен қаражат талап ететіндігі белгілі. Убайдуллахан халықтан жиналатын салықтарды 4 есеге көбейтіреді. Нәтижеде, халық күйзеледі. Міне осындай бір жағдайда ақша реформасын да өткізді. Хандықта құрамының 35 процентін күміс құрайтын теңге ақша қолданылатын еді. Ал 1708 жылы бұл теңгелердің біреуінен 4 жаңа теңге жасала бастады. Нәтижеде, жаңа ақшаның құрамындағы күміс мөлшері 4 рет, әйтсе де, іс жүзінде ақшаның қадірі де 4 рет кемейген болса да; жаңа теңге алдыңғы ескі теңгеге құны жағынан тең деп белгіленді.

Теңге құрамында күміс процентінің кемеюі дүкендер мен қол-өнершілердің қатаң наразылығына себеп болды. Енді олар өз өнімдерін сатпай қойды. Сауда жұмыстары бәсеңдеді және оның салдарынан мемлекеттің экономикалық өмірі тоқырауға бет алды.

Ауыр жағдайға шыдай алмаған халық бас көтерді. Бірақ көтеріліс аяусыз бастырылды. Убайдуллахан орталық билікті күшейту мақсатында тіпті сол дәуірдің ең әсерлі күші – ірі жер иелері мен Жуйбар шайхтарының ықпалын кемейтуге де әрекет етті. Убайдуллахан оларды салық төлемеу жеңілдігінен мақрұм етті. Нәтижеде, олар Убайдуллаханның ең қауіпті дұшпанына айналды.

Сондай-ақ, Убайдуллахан көтерілісшілерді өз мүлкінен келетін табыстардан мақрұм етті, салық пен міндеттемелер мөлшерін көбейтті.

Мұндай кескін өзгерістерге шыдай алмаған күдіретті күштер Убайдуллаханға қарсы қастандық дайындай бастады. 1709 жылы

Ферғана алқабының Бұхара хандығынан бөлініп шығуы саяси жағдайды күрделендіре түсті. Ақыры, қастандық жасаушылар 1711 жылы Убайдуллаханды өлтірді. Таққа қастандық жасаушы, Убайдуллаханның інісі Абулфайзхан отырғызылды.

Убайдуллахан тарихымызда жергілікті әкімдердің дара басшылығына шек қоюға, орталық билікті күшейтуге әрекет еткен соңғы аштархани билеуші ретінде танылды.

**Хандықта
идыраушылықтың
күшейе түсуі** Таққа отырғызылған Абулфайзхан күннен күнге мемлекет өмірінде беделі күшейіп бара жатқан әмірлер мен ақсүйектердің қолындағы бір қуыршаққа айналды. Оның жарлықтары сарай баспанасынан шыға алмайтын болып қалды.

Хан билігінің бұл дәрежеге түсіп қалуына хандықтың тұрақты әскерге ие болмағандығы себеп болды. Тұрақты әскер түзуге және оны сақтауға қаражат жетіспеді. Ал бұған хандық экономикасының нашарлығы себеп болды.

Абулфайзхан дәуірінде өзбектердің тайпаларынан шыққан маңғыт тайпасынан шыққан Мұхаммед Әкімби үлкен мәртебеге ие болып алды. Ол барлық ханзадалар аталықтарының бастығы деп тән алынды. Бұл басқа тайпалар ақсүйектерінің қатал наразылығына себеп болды. Нәтижеде, Шахрисабздың әкімі, кенегес тайпасынан шыққан Ибрахимби Үргіт және Миянқол әкімдерімен біріктіріп, Бұхара хандығынан тәуелсіз, астанасы Самарқанд болған мемлекет түзуге шешім қабылдады. 1723 жылы Самарқандты иелеп, күйеуі Ражаб Сұлтанды таққа отырғызды. Ибрахимби өзіне „амир ул-Омаро“ („ұлы әмір“) атағын алды.

Ибрахимбидің кезектегі мақсаты Бұхара тағын иелеу, Ражаб Сұлтанды Бұхара тағына отырғызу және осы жолмен хандықтың ең беделді кісісі болып алу еді. Абулфайзхан саясатынан наразы болған әмірлер Ибрахимбиге қосылды. Ибрахимби Бұхараға жүріс бастады. Ол және Ражаб Сұлтан оларға қосылғандарға жеңіске жеткен соң өте үлкен байлық пен мансап уәде етті. Шайқаста Мұхаммед Әкімби аталық басшылығындағы Бұхара әскерлері жеңілген болса да, Ражаб Сұлтан Бұхара қаласын иелей алмады.

Ибрахимби мен Ражаб Сұлтан ақырын мұқият ойламай, өз мақсаттарына жету үшін көшпелі қазақтардан көмек сұрады. Оларға үлкен олжалар уәде етті.

Жоңғар көшпенділерінің басқыншылығынан үлкен зиян көрген, таланған және ашаршылыққа душар етілген қазақтар бұл ұсынысқа разы болды. Бірақ мемлекетке кіріп келген қазақтар талан-таражды үдетіп алды. Не Бұхарада, не Самарқантта оларды тоқтатуға күш болған жоқ. Мұндай жағдайда ішкі келіспеушіліктер одан әрі өршіді. Халықтың Абулфайзханнан наразылығы күшейді. Қорыта келе, Абулфайзхан туыстарының талабы бойынша Мұхаммед Әкімбиді Бұхарадан шығарып жіберуге шешім қабылдады. Әкімби Қаршыға әкім етіп тағайындалды. Бірақ ол қолайлы мүмкіндік пайда болуымен, Бұхарада билікті одан әрі өз қолына алу ниетінен қайтты.

Ал, Абулфайзхан уақытын көңілашар жұмыстарына жұмсап, мемлекет жұмыстарын дерлік бақыламай қойды. Самарқант, Қаршы, Балх, Ферғана және Бадахшан іс жүзінде тәуелсіз болып алды.



Ыдыраушылық – мемлекет облыстарының орталық әкімшілікке мойынсұнбауы саяси шиеленісу.



- 1708 жылы – Убайдуллахан II ақша реформасын өткізді.
- 1709 жылы – Ферғана аңғары Бұхара құрамынан бөлініп шықты.
- 1711 жылы – Убайдуллахан II қастандық құрбаны болды.



1. Орталық әкімшілік әлсіреуінің негізінде әрқашан не тұрған?
2. Неліктен Убайдуллахан II өткізген ақша реформасы нәтиже бермеді?
3. Неге Убайдуллахан II қастандық құрбаны болды?
4. Маңғыт тайпасы сарбазы Мұхаммед Әкімби үстемдігінің күшейіп кетуіне қандай факторлар себеп болды?



Шайбанилер мен аштарханилер дәуірінде Бұхара хандығындағы ішкі саяси жағдайдын салыстыр. Қорытындыларды дәптеріңе белгілеп қой.

9-§. Бұхара хандығында мемлекет басқаруы

**Хандық аумағы,
географиялық орналасуы
және халқы**

Мұхаммед Шайбанихан түзген мемлекет аумағының шекарасы әрқашан да маңызды болмаған. Атап айтқанда, Шайбанихан билеушілігі дәуірінде оның мемлекеті құрамына Мауароуннахрдан тыс Хорезм және Қорасан аумақтары кірген.

Оның өлімінен соң Хорезм толық қолдан шықты. Қорасанның үлкен бөлігін Иран сафавилері иелеп алды.

Абдуллахан II дәуірінде қысқа мерзімге болса да, хандық аумағы кеңейе түсті. Өйткені, Хорезм мен Қорасан және Бұхара хандығына мойынсұндырылды. Оның өлімінен соң Иран Қорасан аумағын мойынсұндырған болса, Хорезм тағы тәуелсіз мемлекетке айналды.

XVI ғасырдың басында Шайбаниханның әскери жүрістері барысында Мауароуннахр және Хорезмге 500–600 мың Дешті Қыпшақ өзбектері кіріп келген.

XVI ғасырдың басында хандық халқы көшіп келген өзбектерден тыс „түрік шығатай“ және тәжіктерден құралған болған. Дереккөздерде XVII ғасырдың соңында өзбек және тәжіктерден құралғандығы атап өтілген.

Орталық басқару Бұхара хандығы әкімшілік жағынан облыстар мен аудандарға бөлінді. Хандықта жоғары мемлекет мекемесі темурилер дәуіріндегідей мекен орны, атқарушы әкімшілік алдыңғыдай *девон* (уәзірлік) деп атауды жалғастырды. Оған *девонбегі* (бас уәзір) басшылық етті.

Девонбегі, сол кезде, мемлекеттің қаржы және шаруашылық жұмыстарын да басқаратын еді. Бірақ шайбанилер дәуірінде девон қызметі темурилер дәуіріндегідей мәртебеге ие емес еді. Бұған резиденциядағы шенеуніктер мансабының күшті болмағандығы себеп болды.

Және бір үлкен мемлекет мансабы – *аталық* ету еді. Хан саясатының облыстардағы әсері аталық мансабына тағайындалғандардың беделімен белгіленген. Хан облыстарды ханзадаларға үлестіріп береді екен. Оларға ұстаз, демеуші етіп өз бақылаушысын, сенген кісісін тағайындаған. Мұндай бақылаушы, сенімді тұлға аталық деп аталған. Бұл атау аталық жасаушы, әкесінің орнын басатын мағыналарды білдірген.

Және бір мемлекет мансабы – *парвоначи* деп аталған. Оның міндеті жарлықтарын, ресми құжаттарды жауапты кісілерге, орындаушыларға жеткізуден құралған болатын.

Дадгах мансабында жұмыс істеген орынға түскен арыздарды қабылдаған және оларға жауап қайтарған. Сондай-ақ, дадгох мемлекетте әділет өлшемдер орындалуын да бақылап барған.

Ең маңызды мемлекет мансаптарының және бірі – *кукалдаш* мансабы еді. Бұл мансапқа хан әулетіне ең жақын тұлғалардан ғана

тағайындалған. Кукалдош хан саясатына азаматтардың қатынасын үйренген және бұл саясаттың дербестігін қамтамасыз еткен.

Бүгінгі күн көзқарасында айтқанда, кукалдаш мемлекет қауіпсіздік қызметі кеңсесі басшысы болған. Ол тек жай кісілердің ғана емес, сондай-ақ мемлекет шенеуніктерінің және тіпті валиахдтардың да билеушіге деген қатынасына жауапты болған.

Хан және ханзадалардың арасындағы қатынастар мәселесімен *хан жасауылы* мансабында жұмыс істеген лауазымды кісі шұғылданған.

Хандықта *есік ағабасы* лауазымы да маңызды саналған. Өйткені бұл мансапқа тағайындалған кісі сол мекен қауіпсіздігі мен онда орнатылған тәртіп орындалуы үшін жауапты еді.

Үлкен беделге ие болған *шайхулислам* лауазымын иелеген тұлға шариат заңдары орындалуын бақылауды іске асырған.

Қазыкалон (Бас қазы) барлық басқыштағы сот жұмыстарына басшылық жасаған.

Мухтасиб (төраға) лауазымды иелеген кісі мемлекетте қоғам тәртібінің сақталуы, діни рәсім мен шараларда дәстүрлерді орындауы, базарларда баға мен таразылардың туралығы үшін жауапты болған.

Ал *мехтар* лауазымына тағайындалған мансап иесі зекет және басқа түсімдердің қажет орындарда қолданылуын бақылайды.

Хандықта мемлекет лауазымы мансап иесі болып есептелінбесе де, *нақиб* атағына ие болған кісінің хан сарайындағы беделі жоғары болды. Өйткені, ол ханның жақын және сенімді кісісі саналған. Сондай-ақ, ол мемлекет ішкі және сыртқы саясаты мәселелерінде ханның кеңесшісі болып есептелінген. Қажет болғанда елшілік міндетін де атқарған.

Алдыңғы тақырыптарда айтылғандай, шайбанилердің мемлекет басқаруында бастапқы дәстүрлілік сақталды. Жоғары билеушілік, яғни *хандық* атадан балаға емес, сондай-ақ әулеттің жасы ең үлкен өкіліне өткен. Атап айтқанда, Мұхаммед Шайбаниханнан кейін таққа отырған Көшкіншіхан Шайбаниханның перзенті емес, нағашысы болғандығын біліп алғансың. Ол шайбанилердің жасы ең үлкен болғандығы үшін тақты иеледі. Екінші жасы үлкен – шайбани Көшкіншіханның інісі Сүйінқожа *валиахд* етіп тағайындалды. Бірақ ол Көшкіншіханнан алдын қаза тапқандығы үшін хандық тағын иелеу оған бұйырмады. Бірақ XVI ғасырдың 40-жылдарынан бастап өзара келіспеушіліктер

салдарынан бұл дәстүр бұзылды. Енді тақ әкеден балаға мұра болып өтетін болды.

Жергілікті басқару Жоғарыда атап өткізгеніміздей, шайбанилер дәуірінде хандық облыс және аудандарға бөлінген. Облыстарды, негізінен, әулет өкілдері арасында тағайындалған әкімдер басқарған. Әкімдер де орталықтағыдай өз басқару мекемесін түзген.

Кейіннен, орталық әкімшілік әлсіреген соң, кейбір құдіретті тайпа басшылары – *әмірлер де* осы мансапқа тағайындалған. Аудандарды аудан *әкімдері* басқарған. Басқарудың ең төменгі жүйесі амлок деп аталған (яғни бірнеше үлкен-кіші қыстақтардан құралған басқару құрылымы). Амлоктарды аудан әкімі тағайындаған – амлоктар басқарған.

Амлок басқаруы әкімшілігі *амлоктар, мырза* (хатшы), *мұрап* (су үлестіруші), *амин* (салық жинаушы) және *ақсақалдан* (әрбір қыстақты басшысы) құралған.

Аштарханилер дәуірінде мемлекет басқаруындағы кейбір өзгерістер Аштарханилер дәуірінде мемлекет басқаруы өз түзілісі, маңыздылығы жағынан шайбанилер дәуіріндегіден де дерлік айырмашылық еткен болса да; кейбір өзгерістер жүзеге асырылды. Өйткені, шайбанилер дәуірінде *аталық* лауазымындағы тұлға ханнан кейінгі орында тұратын девонбегі лауазымындағы тұлға мәртебесіне теңдестірілді. Күннен-күнге ол әмірлер әміріне айналды. Сондай-ақ, аштарханилер дәуірінде сарай *қутволи* мемлекет лауазымы белгіленді. Ол мемлекет қаражаты есебіне жүзеге асырылатын құрылыс, қамал қабырғалары және ғимараттарды жөндеу, сондай-ақ, көркемдеу жұмыстарын басқаратын еді.

Сондай-ақ, аштарханилер дәуірінде уәзірлер жүйесі дерлік бүлінді. Орталықта бүкіл әкімшілік тұрағында жиналып қалды. Нәтижеде, уәзірлер жергілікті әкімдіктерді басқару мүмкіндігін қолдан шығарды. Ал бұл, сонымен қатар, облыстарда бүкіл облыс әкімдері және оларды қолдаушы жергілікті күштер қолында қалуға алып келді. Бұл фактор аштарханилер дәуірінде орталық әкімшілікті дерлік жоққа шығарды.



1. „Мемлекет және құқық негіздері“ пәнінен алған білімдеріне сүйеніп мемлекет ұғымына түсінік бер.
2. Хандықтарда орталық биліктің әлсіреуіне жол бермеу үшін нелер істелінбеуі керек еді?

3. Бұхара хандығында болған негізгі мемлекет лауазымдары жөнінде нелерді біліп алдыңыз?
4. Сенің ойыңша, бабаларымыз мемлекет басқаруында енгізген мемлекет лауазымдарының қайсы бірінен қазір де пайдалануға болады?



Бүгінгі күнде Өзбекстанда мемлекет басқаруының ең төменгі органы қалай аталуын және жетілдіруін анықтап кел.

10-§. Бұхара хандығындағы әскери қызмет

Хандық әскерінің түзілуі

Бізге белгілі, әрбір мемлекеттің саяси беделі көбінесе әскерінің құдіретіне байланысты екендігі тарих дәлелдеген шындықтардан бірі. Сондықтан шайбанилер де өз дәуіріне сәйкес құдіретті жасақ түзуге қол жеткізген. Әскерлер сол кезде пайдаланатын әскери құрал-жарақтардың барлық түрінен шеберлікпен пайдалана алған.

Әскер құрамы бойынша, негізінен, *атты және жаяу әскерлерден* құралған еді. Түзілуіне қарай, *қалб, оң және сол қанат, манглай* (авангард), *озат, манглай қарауылы, тугчи, хировул* секілді бөлімдерге бөлінген. Әскер түзілуі және оның әскери жүрістері дәуіріндегі әрекеті жүйелі және тәртіпті болған. Әскерлердің негізін *оң қанат (баронгор)* және *сол жақ қанат (жасавонгор)* және *хировул* (артқы бөлігі) бөлімдерден құралған қалб, яғни орталық бөлігі құралған. Жасақ әскери жүріс бастаған кезде оның алдында *озат* деп аталатын бөлім барған. Оның міндеті жолдың қауіпсіздігін, торуыл қойылған-қойылмағандығын анықтау еді. Озаттан соң *манглай* (авангард) барған. Оған – қалбты дұшпанның андаусыз жасалған шабуылдан сақтау жүктелген. Әскер жасағының күзетші бөлігі жалпы әскерді күзетіп барған.

Үлкен және кіші құлдар арнайы бөліп болып, жоғары бас қолбасшысы (хан) және сарбаздарын қорғаған. Ал *чанох* әскерлердің оң және сол қанаттарын күзететін арнайы бөлім еді. Барлық бөлімдер арасында *арнайы шабандоздар қызметі* түзілген. Бұл қызмет жоғары бас қолбасшының бұйрық және нұсқауларын жеткізіп тұратын.

Әскерлер құрамында *тугчи* бөлігі де болып, ол мемлекет туын күзеткен. Бұдан тыс, *зобонгири* (дұшпан жағынан тұтқын болып келетін) және *хабаргири* (барлау) деп аталатын арнайы бөлімдер де болған. Кейде жағдай тура келгенінде бұл арнайы қызметтерді әскердің *озат*

немесе күзетшілері жүзеге асырған. Әскери әрекет уақытында жоғары бас қолбасшысы үшін арнайы ресми қабылдау рәсімі өткізетін жер – **боргох** та дайындалған. Боргохты ханның арнайы іріктелген бөлімі күзеткен.

Әскердің басқарылуы, әскери мансаптар

Хан әскердің жоғары бас қолбасшысы еді. Әскерлердің оң және сол қанаттары да шайбани сұлтандар мен ханзадаларға тапсырылған. Өйткені, 1512 жылы Ғыждуванда шайбанилермен сафавилер арасындағы шешуші шайқаста шайбанилер әскерінің қалб бөліміне Убайдулла Сұлтан, оң қанатқа Шайбаниханның ұлы Мұхаммед Темур, сол қанатқа Көшкіншіханның ұлы Әбу Саид Сұлтандар қолбасшылық етті.

Әскерде *тавочи* мансабына тағайындалған лауазымды әскерлерді жинау, оларды әскери жүріске дайындау мәселесімен шұғылданған. Сондай-ақ, ол әскердің материалдық қамтамасыз етілуі үшін да жауапты болады.

Жевачи мансабында қызмет еткен лауазымды кісі әскерлерді қару-жарақпен қамтамасыз ету мәселесімен шұғылданған. Сондай-ақ, ол ханның қару-жарағы үшін де жауапты болған.

Жоғары бас қолбасшы және сарбаздардың жеке тапсырмаларын *жасауыл* деп аталатын әскер орындаған.

Ханды курчи күзеткен. Яловбардор мемлекет жалауын көтеріп барған.

Күзетхана басшысы лауазымында қызмет еткен әскери жасақ әскери құрал жасау ұстаханасында басшылық еткен. Дәстүр бойынша, әскер әскерлер санына қарай бөлінген. Оларға онбасы, елубасы, жүзбасы және мынбасылар басшылық еткен.

Құрал-жарақтар

Әскерлер оқ және садақ, *найза, балта, қалқан, чокмор секілді құралдармен қаруландырылған*. Оқ және жай негізгі құрал еді. Олар шабуыл кезінде де, қала немесе қамал қорғауында да сенімді толық ақтаған.

Жай (садақ) оғы орналастырып қойылатын жабдық *садақ* деп аталған. Әскердің өзін өзі қорғай алуында *сауыт* және *дубулға (дулыға)* маңызды роль ойнаған.

Тофангпен (мылтықпен) қаруланған топ *тофандоз* деп аталған. Әскерде тофангты тұрақты түрде қолдану XVI ғасырдың орта шенінен

басталды. Бұл дәуір тофангтарының стволы мыстан дайындалған еді. Кейіннен олар Османды мемлекетінің стволы темірден жасалған тофангтарымен айырбасталды. Бірақ бүкіл XVII ғасырда да оқ-дәрі атты әскер үшін негізгі құрал болып қалады. Әскери жүріс кездерінде аттарды оқтардан қорғау үшін аттардың үстіне *кежим* деп аталатын арнайы жабыншақ жабыстырылған. Мұндай жабыншақ Еуропадан да алып келінген.

Әскери әрекеттерде *нафтандоз* (мұнайды жандырып атушы) және *манжанак* (тас атушы) құралдар, негізінен, қала немесе қамалдарды қоршап алуда, сондай-ақ, дұшпан әскерінің қатарын тоздырып жіберуде қолданылған.

Дереккөздерде атап өтілуінше, хандық әскерде *зеңбіректер* де болған. Аштарханилер билігі дәуірінде хандықтың экономикалық өркендеуі төмендей түсті. Оның негізгі себебі орталық биліктің аса әлсіз болып қалуы нәтижесінде саяси ыдыраушылық болғандығында еді. Экономикалық күйзеліс салдарынан аштарханилер дәуірінде хандық тұрақты әскер сақтай алмады.



1. Әскер түрлері жөнінде нелерді біліп алдың?
2. Әскерде қызмет еткен туқчи, яловбардор, тавочи, жасауыл және жевачи мансабындағы әскерилер қандай істер үшін жауапты болған?
3. Әскерлер қару-жарақтардың қандай түрлерімен қаруландырылған?



Мектебіндегі „Шакыруға дейінгі болған бастапқы дайындық“ мұғалімі арқылы бүгінгі Өзбекстан армиясы қандай құрамдық бөлімдерден құралғандығын анықтап кел.

11-§. Бұхара хандығының әлеуметтік-экономикалық өмірі

Жер иелену қатынастары

Шайбанилер Мауароуннахрға жаңа өндіріс қатынастарын алып келгені жоқ. Керісінше, Теңірилер дәуірінде қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды қабылдады және оған бейімделді.

Хандықта барлық жерлер мемлекет мүлкі еді. Бұл мүлік мемлекеті *патша немесе мемлекет сұлтаны* деп аталған. Жерді меншіктендіру ханның қолында еді. Хан мемлекет жерлерін *мулки хос, мулки холис* (мулки хур), мүлік және уақып жерлері ретінде үлестірілген.

Тікелей меншікті ханның өзіне тиісті жерлер *мулки хос* деп аталған. Бұл жерден алынған табыс ханның қаражаттарына және уақыптарға қайыр садақа үшін жұмсалған.

Мулки холис мемлекеттен жер сатып алу арқылы пайда болған. Бірақ бұл оңай емес еді. Өйткені шарт бойынша, мемлекеттен жер сатып алған кісі сол жердің $\frac{2}{3}$ бөлігін мемлекет еркінде қалдырған. Өзіне қалған $\frac{1}{3}$ бөлігі оның мүлкі боп есептелінген және мемлекетке салық төлеуден азат етілген.

Мулк жер суюрғал және *танхо* түрінде белгіленген. Өйткені, Мұхаммед Шайбанихан Темурилерге, Темурилер дәуірі шенеуніктеріне тиісті барлық жерлерін кәмпескеледі. Оларды тек өз әулеті өкілдеріне бөліп берді.

Жер иелігінің суюрғал түрі алдыңғы ханға оның иелерін бағынышта тұтып тұрудың күшті құралы болып қызмет етеді. Мұхаммед Шайбанихан қалаған уақытта облыс әкімдерінің орнын алмастыра алатын еді. Орталық билікке аздап мойынсұнбаған суюрғал иесін мұндай құқықтан мақрұм ететін. Уақыт өте суюрғалдың әкеден балаға мирас болып өтуі белгіленді.

1512 жылы Шайбанилер Мауароуннахрды екінші рет иелеген соң, шайбани сұлтандар мемлекет облыстарын қайта үлестіруді шайбанилердің ең беделді өкілі Жәнібек Сұлтанға тапсырды. Оның көңліне қарай, Самарқант Көшкіншіханға, Ташкент облысы Сүйінқожаға, Бұхара мен оның маңы Убайдулла Сұлтанға мирастық мүлік етіп берілді. Миянқол облысы Жәнібек Сұлтанның өзіне тиді.

Аумақтардың жақын туыстарына бөліп берілуі мемлекетте бірыңғай әулет жанұя билігін қамтамасыз етті. Жұрт иелері өз аумағындағы әскерге де басшылық етті. Әйтсе де әскер де, жоғары әскери лауазымдар да әулет өкілдерінің қолында жиналды. Бірақ суюрғал мүліктер уақыт өте орталық әкімшіліктен тәуелсіз болуға ұмтылатын күштердің күшеюіне себеп болды. Уақыт өте олар ханға да мойынсұнбай қойды. Шайбанилер дәуірінде мүлік иелігінің екінші түрі – танхо да қалыптасты. Шайбанилерге дейін болған жер иелігінің түрі жаңа аты – *танхо* (танахо) атымен сақтап қалынды. Ол мемлекет қайраткерлеріне, әскерлерге, сондай-ақ , кіші мемлекет шенеуніктеріне мемлекет алдындағы салық қызметтері үшін берілді.

Танхо жер алғандар *танходорлар* деп аталған. Танханың көлемі, танхо иелерінің қызметіне қарай бірнеше отбасы немесе бірнеше қыстақтан құралған болған. Танхоға тек егін егілетін жер емес, сондай-ақ танхо аумағында орналасқан диірмен және майжуаздардан келетін табыстар да қосып берілген. Осылайша, жер иелігінің жаңа түрі жетілдірілді. Бірақ танхо жер танхо иесінің жеке мүлкі есептелмеген. Танходор мемлекет қызметінен кеткенінде немесе қаза тапқанында танхо жерлері басқа мемлекет қызметкерлеріне берілген.

Шайбанилер дәуірінде уақып жер-мүлкінің көлемі артып отырды.

Шайбанилер өткізген реформалар

Жерлердің әртүрлі түрлеріне бөлінуі тікелей мемлекет қазынасына түсетін салық табыстарының кемеюіне алып келе бастады.

Салық түсімінің кемеюі шайбанилерді ауыл шаруашылығын дамыту үшін бірнеше шаралар көруге мәжбүр етті. Салықтар ауырлығынан және мүлік иелерінің зұлымдығынан, сондай-ақ, мемлекет ішіндегі тынышсыздықтан өзі өмір сүріп келген жерлерден қашып кеткен диқандар мен кішігірім жер мүлік иелері тауып келінді және жерлері қайтарып берілді. Жерді өндіріске енгізуде оларға мемлекет көмектесті.

Мұхаммед Шайбанихан хандық экономикасын тәртіпке келтіру және сауданы дамыту мақсатында 1507 жылы ақша реформасын да өткізді. Ол бойынша, осы уақытқа дейін айналымда болған өлшем және салмақтағы теңгелердің орнына салмағы бір түрлі – 5,2 грамм болған жаңа күміс және мыс теңге соғылды.

Теңгелер дәуірінде бір күміс теңгенің салмағы 4,8 грамм болып, оның құны алты мыс теңгеге тең еді. Реформадан кейін 5,2 грамды күміс теңгенің құны 24 мыс теңгеге тең болды. Бұл реформа сол кезде, диқандардың салық төлеу мүмкіндігін асыруға, мемлекет мүлкін көбейтуге қызмет етті.

Шайбанихан жүзеге асырған бұл және басқа шаралар, өз маңызы бойынша, орталық билікті нығайтуға қызмет етті.

Шайбани Абдуллахан II өткізген ақша реформасы да Бұхара хандығы тарихында маңызды мәнге ие болды. Ол бұл реформаны өткізуде күміс құнының артқанын есепке алды. Реформа бойынша, жаңа күміс теңгенің құны 30, ал ескісі 27 мыс теңгеге теңдестірілді. Абдуллахан II нің ақша реформасы арқылы күміс теңге көп мөлшерде шығарылды. Нәтижеде, құны көтерілген күмістің көп мөлшерде басқа мемлекеттерге шығып



Мыс теңге. XVI ғасыр

кетуіне шек қойылды. Ол алтын ақша соғуын да жолға қойды және оның құрамына құны төмен болған басқа қоспалар араласпағанын қатты бақылап отырды. Бұл ақшалар хандықтың бүкіл аумағында айналымға кірді. Бұл реформа сонымен қатар, биліктің орталықтандырылуына, қазынаға үлкен табыс түсуіне алып келді. Сондай-ақ, ішкі және сыртқы сауда одан әрі дамуы үшін қолайлы жағдай жасады.

Экономикалық өмір Шайбанилер дәуірінде де диқаншылық экономиканың жетекші тармағы боп қалды. Оның дамуы жасанды суғарумен байланысты ділгірліктердің қаншалықты табысты шешілуіне байланысты еді. Сондықтан да бұл мәселеге күрделі мән берілді. Әулет өкілдері Сангзор, Шыршық, Сырдария, Әмудария, Вахш және Мұрғаб дариялары мүмкіндіктерінен тиімді пайдалану шараларын көрді.



Зарафшан өзенінде құрылған көпір – су айырғыш



Абдуллахан бөгені

Қашқадарияның арналарынан Кеш облысы жерлерін суғару үшін 10-нан астам каналдар қазылды. Жасанды суғару жұмыстары, әсіресе Абдуллахан II дәуірінде кең дамыды. Мысалы, 1556–1585 жылдар аралығында Зарафшан дариясында бірнеше су айырғыштары, көптеген су қоймалары құрылды. Нұрата ауданындағы Ақшаб маңында Бектерсай өзенінде орналасқан ежелгі тоған қалдықтарының орнында үлкен тоған – Абдуллахан тоғаны құрылды. Оның қақпаларын тоған төбесінде тұрып ашу немесе жабу мүмкін еді. Абдуллахан тармағына 1 миллион 200 мың куб метр су жинаған.

Абдуллахан II керуен жолдарын қайта қалпына келтіру, су қоймалары, базарлар, керуенсарайлар құру және жөндеу мәселесіне де ерекше мән берді. Атап айтқанда, 1577 жылы Бұхарада ірі, үсті жабық базар – тим құрылыпты. Бұл ғимарат Абдуллахан тимі деп аталатын болды.



Абдуллахан тимі

Салық пен міндеттемелер

Хандықта негізгі салық суарылатын жерден алынатын хираж еді. Ол табыстың 30 процентінен 40 процентін құрайтын еді. Мемлекет мекемелері, әскер және хан отбасы қаражаттарын өтеу үшін төленетін салық *ихражат* деп аталатын еді. Халық мал-мүлкінен алынатын салық – *зекет*, билеуші үшін жиылатын арнайы салық *зобитона*, әскери салық – *мадади лаишкар* деп аталатын еді. Мемлекет ақшаға мұқтаж болғанында төтенше салықтар да енгізілген.

Халыққа мемлекет алдында өтеуі шарт болған *ясоқ* деп аталатын еңбек міндеттемесі де жүктелген. Бұл міндет халықты арналар, арықтар қазуға, жол және көпірлер құруға, жем-шөп дайындауға қатыстыруды назарда тұтқан. Өзара соғыстар көбейіп кеткен жылдары салықтар бірнеше жыл үшін алдынан алынатын еді. Ауыр жылдары халыққа тіпті *жизя* – жан басы салығы салынатын еді.



1. Бұхара хандығында жер иелігінің қандай түрлері болған және олар қалай қалыптасқан?
2. Мүлкі халыс қандай тәртіпте жетілдірілді?
3. Суюрғал жер иелігінің кері әсерлері жөнінде нелерді біліп алдың?
4. Шайбанихан және Абдуллахан II өткізген ақша реформаларын бір-бірімен салыстыр және қорытындыларды баян ет.
5. Бұхара хандығында ауыл шаруашылығын дамыту үшін жүзеге асырылған жұмыстарды атап өт.



Төмендегі сұрақтарға жауап тауып кел:

1. Өзбекстан Республикасында ақша реформасы қашан өткізілді?
2. Алдыңғы замандарда болғанындай, қазіргі таңда да барлық жер мемлекет мүлкі. Өзбекстан да осы мүліктен қазіргі күнде қандай түрлерде пайдаланып жатыр?

12-§. Бұхара хандығының сыртқы саясаты

Бұхара хандығы мен Ресей қатынастары

Бұхара хандығының Ресеймен қатынасы XVI ғасырдың екінші жартысынан дами берді. Абдуллахан II Ресеймен сауда байланыстарын жақсартуға әрекет ете отырып, бұл арқылы өз мемлекетінің саяси жағдайын нығайтуға да қол жеткізбекші еді. Өйткені

патша Иван Грозный дәуірінде Ресейдің беделі көтерілді. Атап айтқанда, Қазан хандығы (1552 жылы), Қажытархан хандығы (1556), Еділ бойы және Батыс Сібір аумақтарын Ресей басып алды. Бұл жағдай Ресейге сауда жолдарын бақылау мүмкіндігін берді.

Еділ маңындағы облыстарда сауда жұмыстарын жүргізу Бұхара хандығынан келген саудагерлер үшін қолайлы еді. Оларға ең жақын көрші мемлекет Ресей болып қалған еді. Атап айтқанда, қазан татарлары, орынборлықтар және башқұрттармен дін және тіл жақындығы да үлкен маңызға ие болды. 1557–1558 жылдары Бұхара хандығынан Мәскеуге елші жіберілді.



Иван Грозный

Сондай-ақ, Ресей де Бұхара хандығымен сауда жұмыстарын дамытуға мүдделі еді. Бұл мүдделілік ең алдымен хандықтардың Ресей тауарларын сату үшін қолай базар екендігінде еді. Ал екіншіден Ресей Орта Азия арқылы Азияның басқа мемлекеттерімен сауда байланыстарын дамыту мүмкіндігіне ие болатын еді. Бұл ретте, бірінші кезекте, Үндістанға шығу мақсаты есепке алынды. 1555 жылы Мәскеуде ағылшын-орыс экономикалық байланыстары дамуына қызмет ететін „Мәскеу компаниясы“ ұйымдастырылды. 1558 жылы компания Ресей арқылы Шығысқа жол ашу үшін өз елшісі Антони Дженкинсонды Бұхараға жіберді. Елшіні Абдуллахан II қабылдады. Антони Дженкинсон елшілігі нәтижесінде Ресей және Бұхара хандығы арасында жақсы сауда және дипломатиялық байланыстар жолға қойылды.

Ресей мен Бұхара қатынастарында Аштархан (Астрахань) арқылы Бұхара хандығы азаматтарының Мекке қаласына қаж сапарына бару мәселесі де маңызды орын алған. Өйткені Қорасан арқылы қаж сапарына барудағы ең қолайлы жол Иран сафавилері бақылауына өтіп қалған еді. Қаж сапарына Аштархан арқылы бару мәселесін шешу бойынша Бұхара хандығы Османды мемлекетімен бірге шешім қабылдады. Бұл кездейсоқ емес еді. Өйткені Османды мемлекеті сұлтандары мұсылман әлемінің халифасы боп есептелінетін еді.

XVI ғасырда еуропалықтардың теңіз сауда жолын ашуы Ұлы жібек жолының маңызын төмендетті. Соның салдарынан Османды мемлекеті

ең болмағанда Аштархан жолын өз бақылауында сақтап қалудан мүдделі еді. Сондықтан ақыры Ресейге қарсы әскери әрекет бастауға шешім қабылдады. Османды сұлтаны оны жолын ашу үшін әрекет жариялағандығы табиғи жағдай.

1569 жылы Ресей – Османды мемлекеті арасында соғыс басталды. Соғыста Османды мемлекеті жеңілді. Сонда да, сұлтан Ресейден Қаж сапары жолын ашып қою талабын жалғастырды. Соңында Ресей 1572 жылы сұлтанның талабын орындады.

Ресей–Бұхара мүдделері Сібірде де тоғысты. Өйткені, Оңтүстік-батыс Сібір шайбан ұлысы құрамына кірген.

1563 жылы Абдуллахан II нің әскери көмегімен шайбани Көшімшіхан Сібір хандығы тағын иеледі.

1581 жылы Ресей Сібір хандығына қарсы Ермак басшылығында әскер жіберді. Бастапқыда ол жеңіске ие болса да, 1584 жылы жеңіліске ұшырап қаза тапты. Абдуллахан II өз мемлекетіндегі ішкі қарама-қайшылықтарды жою және әскери жүрістермен әуре болғандығы үшін кейіннен Көшімшіханға көмек бере алмады. Сондай болса да, ол Көшімшіханға жіберген хатында өзара ішкі қарама-қайшылықтарды және күресті аяқтау арқылы хандықты апаттан сақтап қалу мүмкіндігін ұқтырды. Одан соң Ресей басып алған аумақтарды қайтарып алу қажеттігін атап өтті. Бірақ 1598 жылы Ресей және Сібір хандығы арасындағы шешуші шайқаста орыс әскерлері жеңіске ие болды.

1598 жылы Абдуллахан II және Көшімшіхан қаза тапқан соң, Бұхара хандығының Сібірдегі саяси ықпалы бүтіндей жоққа шықты. Бірақ сауда жұмыстары жалғаса беретін еді.

XVII ғасырда Ресейде орталықтандырылған мемлекет қалыптаса бастады. Ғасырдың соңында Ресей Еуропаның құдіретті мемлекеттерінен біріне айналды. Бүкілресей базары қалыптасты. Бұл факторлар Ресейдің Орта Азия хандықтарымен сауда қатынастарын дамыта түсуді өмірлік қажеттілігіне айналдырып қойды. Нәтижеде, Ресей 1620 жылдан 1675 жылға дейінгі өткен дәуірде хандықтарға 4 рет елшілерін жіберді. XVII ғасырда Орта Азия және Ресей арасында саудада тауар айырбастау 100 мың рубльді құрады.

Ресей елшілері Бұхара хандығымен тек сауда байланыстарын кеңейту мәселелерін шешіп қана қоймады. Атап айтқанда, 1620 жылы Бұхараға жіберілген Ресей елшісі И.Д. Хохловқа Бұхара хандығының

сыртқы саяси жағдайы жөнінде мәлімет жинап, Ресейдің күш-құдіретіне ханды сендіру, Бұхара хандығы қарулы күштері, хандық қазынасының жағдайын толық зерттеу, Бұхара–Хиуа қатынастары мәселелерін талдап шығу сияқты міндеттер де жүктелген. И.Д. Хохлов өзіне жүктелген міндеттерді табысты орындады.

XVIII ғасырда Бұхара– Ресей қатынастары

XVIII ғасырда Бұхара хандығы мен Ресей арасындағы қатынастарда жаңа дәуір басталды. Бұл дәуірде Ресейдің Орта Азия хандықтары, оның ішінде, Бұхара хандығымен сауда байланыстарында кемсіту саясаты жүргізіле бастады. Атап айтқанда, кеден төлемі мөлшері арттырылды.

Сондай-ақ, саяси мақсаттарды іске асыру, табиғи байлықтарға көз салатын көңіл күйі күшейе түсті. Ресейді, әсіресе, Орта Азия алтындыры да қызықтыра бастады.

Петр I Бұхараны саяси жағынан Бұхара Ресейге тең мемлекеттер емес деп есептеді және іс жүзінде оған қысым өткізе бастады.

Сол мақсатта 1718 жылы Ертіс өзені жағалуында жеті қорғаннан құралған қала (Семипалатинск) құрғызды. Ал бұл Бұхара хандығының мазасын кетірді. Сондықтан да Абулфайзхан Ресейге елші жіберді. Ол өз хатында Бұхараға Ресей елшісі жіберілуін де сұрады. Бұған жауап ретінде Ресей үкіметі 1721 жылы Флорио Беневениді елші етіп жөнелтті. Ресей елшісіне Орта Азияда жүргізілетін су мен құрлық жолдарын үйрену, орыс саудасын кеңейту мүмкіндіктерін анықтау, Бұхара ханын Ресеймен одақ түзуге көндіру, ханға орыс гвардияшыларын ұсыну; қай жерде қанша алтын кендері бар екендігін анықтау және оларды картаға түсіру; хандықтағы қамалдар мен әскердің жағдайын зерттеу және хандықтың ішкі жағдайын, сондай-ақ, Иран, Хиуа және Османдымен өзара қатынастарын үйрену міндеттері де тапсырылды.

Ф.Беневени Бұхарада 3,5 жыл тұрды және өз алдына қойылған мәселелер бойынша бағалы мәліметтер жинады да 1725 жылы Петербургқа қайтып келді.

Петр I дің елімізді басып алу ниеті оның тірі кезінде іске аспаған болса да, кейіннен ұрпақтары жүзеге асырды.

Бұхара–Иран қатынастары

Бұхара мен Иран мүдделері тоғысқан негізгі аумақ Қорасан болды. Оның себебі Қорасанның әскери-саяси және сауда-экономикалық жағынан

маңызды мәнге ие екендігінде еді. Бұдан тыс, Қорасан Бұхара хандығы, Иран мен Үндістан бағытында өзіне тән қақпа міндетін де өтейтін еді. Қорасанды бақылау мәселесінде шайбанилер мен сафавилер арасында шиеленіскен күрес кетті. Бұл мәселеде Мұхаммед Шайбанихан, Убайдуллахан және Абдуллахан II билігі дәуірінде шайбанилер үстемдік етті. Атап айтқанда, Абдуллахан II Қорасанның Марв, Нишапур және Мешхед секілді ірі қалаларын иеледі.

Абдуллахан II Иранға қарсы күресте Османды мемлекетімен одақ түзуге әрекет етті. Бірақ мақсатына қол жеткізе алмады және соңында Иран Қорасанды Мауароуннахрдан бөліп тастады.

Аштарханилер дәуірінде де Иранмен қатынастар шиеленісіп қалды. Ал 1740 жылы Иран Бұхара хандығын бағынышты мемлекетке айналдыруға қол жеткізді.

Бұхара–Үндістан қатынастары

Үндістандағы Бабырилер салтанаты мен Бұхара хандығы арасындағы өзара қатынастардың орнатылуы Бабыр және Көшкіншіхандар атымен байланысты. Көшкіншіхан билігі дәуірінде Бұхара хандығы Бабырилер мемлекетін тән алды. Онымен сауда және елшілік қатынастарын орнатты.

Бұхара елшісін хан Бабырға Мауароуннахрдың атышулы мейіздерінен, тәтті өріктерінен және басқа игіліктерінен құралған сый-сияпаттары қатарында 200 жақсы тұлпарлар да алып келді.



Акбаршах

Сонымен бірге, Бабыр да Бұхара хандығына елшілер жіберді. Екі мемлекет арасындағы мұндай қатынастар кейінгі Шайбани мен Бабыри билеушілері дәуірінде кеңейе түсті. Атап айтқанда, Абдуллахан II сафавилерге қарсы күресте Бабырилермен бірге әрекет етуге ұмтылды. Сол себепті Абдуллахан II Акбаршахтың жанына бірнеше рет елшілерін жіберді. Абдуллахан II Акбаршахқа Иранды өзара бөліп алуды ұсынды. Бірақ Акбаршах бұған разы болмады. Өйткені Акбаршах азаматтары әртүрлі дін және діни бағыттарға сенетін мемлекеттердің бір-біріне сабыр білдіріп өмір сүрулерінің жақтаушысы және

діни кеңпейілдікті мемлекет саясаты дәрежесіне көтерген билеуші еді. Сонымен қатар, ол Иранмен жақсы қатынаста еді.

1586 жылы Акбаршах Абдуллахан II ге жолдаған хатында Османды мемлекеті Иранның бір бөлігін басып алғандығынан мазаланып жатқандығын баяндады. Сондай-ақ, Бұхара мен Үндістан бірге Иранға көмек көрсетуі қажеттігін атап өтті. Бірақ Иран шайбанилер мемлекетін өзінің негізгі бәсекелестерінің бірі деп есептеп келе жатқандығы үшін Абдуллахан II Акбаршахтың ұсынысына разы болмады.

Бабури билеушілер Шах Жаһан мен Аврангзеб Оламгирлер билігі дәуірінде аштарханилермен сауда байланыстарын жалғастырды.



1. Қандай факторлар Бұхара–Ресей арасында сауданың дамуына қызмет етті?
2. Бұхара–Ресей мүдделері тоғысқан мәселелерді атап өт.
3. XVIII ғасырда Ресей – Бұхара қатынастарында не себептен өзгеріс болды?
4. Бұхара–Иран қатынастары жөнінде нелерді біліп алдың?
5. Бұхара–Үндістан қатынастарына байланысты негізгі жақтарын атап өт.

Бүгінгі күнде достық Ресей Федерациясының Өзбекстанда атом электр станциясын құруға байланысты мәліметтерді жинап кел.

13-§. Бұхара хандығындағы мәдени өмір

Ғылымның дамуы

Шайбани билеушілер арасында да білімді, зиялы мемлекет қайраткерлері бар еді. Олар медресе ілімін алған, дүниежүзілік және діни білімдерге ие болған кісілер еді. Сондай-ақ, өзбек, парсы және араб тілдерін білген. Әсіресе, поэзия бойынша өте талапты болған. Парышаны ғазел жазу дәрежесінде жетік меңгерген.

Ғылым, әдебиет, өнер және сәулеткерліктің дамуында әулет өкілдерінің қызметі үлкен болған. Сонда да, Шайбанилер Темурилер дәуірінде елімізде жоғары дамыған және әлем тән алған ғылымға лайықты ұрпақ бола алмады.

Шайбанилер дәуірінде медицина, математика және астрономия секілді ғылымдар белгілі дәрежеде дамыды. Медицина ғылымындағы даму өз дәуірінде „емшілер мақтанышы“ деп мақтаныш тұтылған *Мұхаммед*

Мазид, хирург *Мавлоно Бако*, көз аурулары бойынша аты шыққан *Шонали ибн Сулаймон*, „Емдеу бойынша бағдарлама“ шығармасының авторы *Сұлтанәли Самарқанди*, „Көз ауруларына байланысты негізгі кітап“ шығармаларымен атышулы болған *Убайдуллах Каххол* секілді ғұлама емшілердің аттарымен байланысты. *Мұхаммед Амин*, *Бобокалон Самарқанди*, мавлоно *Кавкавийлер* математика, *Мұхаммед Хусайни Бухари* „Қыбла жағын табу білімі“, *Махмұт ибн Ахмад Фаразий* „Ай кеңістіктерінің теңдігі жөнінде туынды“ шығармаларымен астрономия ғылымдарының дамуына лайықты үлес қосты.

Өкінішке орай, аштарханилер дәуірінде қоғам өмірінде діни нанымшылық кең таралды. Барлығынан де діни қағидаларға сөзсіз мойынсұну талап етілді. Бұл факторлар ғылымның дамуына кері әсер етті. Сонда да, ғылым тоқтап қалған жоқ.

Атап айтқанда, Мір Араб медресесінің мұғалімі *Мұхаммед Шариф Бухорий* тарих, дінтану, тіл ғылымы, астрономия және басқа ғылымдарға байланысты 20-дан астам шығарма жазып қалдырғаны осының дәлелі. Олардың ішінде „Қоқанға пайдалы кеңестер“ шығармасы ерекше маңызға ие.

Сұбханқұлыхан билігі дәуірінде медицина ғылымы дамыды. Оның бастамасымен Бұхарада „Дор уш-шифо“ құрылды және ауруларды емдеу жұмысы жолға қойылды. Медицинаға мамандандырылған медресе құрылып, дәрігерлер дайындалды. *Сұбханқұлыханның* медицинаға байланысты кітаптар жинақталған бағалы кітапханасы болған. Ол „Субхани медицинасы бойынша емдеу“ атты кітап та жазып қалдырды.

Тарихтану Шайбанилер дәуірінде тарих ғылымы саласында көптеген ірі шығармалар жазылды. Олардың ішінде *Камолиддин Биноинің* „Шайбанинама“, *Мұхаммед Салықтың* „Шайбанинама“, *Мұхаммед Хайдардың* „Тарихи Рашиди“, *Фазлуллох ибн Розбеханның* „Мехмонномаи Бұхара“, *Хафыз Таниш ал-Бұхаридің* „Абдулланом“, („Шарафномаи шохи“), *Сұлтан Мұхаммед Хафыз Тошкандийдің* „Тарихи жадидаи Тошканд“ секілді шығармалары осылардың қатарына кіреді.

К. Биноидің „Шайбанинама“ шығармасы Дешті Қыпшақ пен Мауароуннахрдың XV ғасыр орта шенінен XVI ғасырдың басына дейінгі болған дәуір оқиғаларын өз ішіне қамтыды. Сондай-ақ, шайбанилермен

Иран сафавилері арасындағы қатынастар жөнінде маңызды мәліметтер береді.

Ал *Мұхаммед Салыхтың* „Шайбанинамасы“ өзбек тілінде жазылған шығарма болып, ол Шайбаниханның әскери жорықтарына арналған.

„Абдуллонома“ шығармасының авторы бұл шығармасын Шыңғысханның Мауароуннахр шабуылы, шыңғыстықтар билігінің орнатылуы, Дешті Қыпшақта Әбулқайырхан мемлекетінің түзілуі, Шайбаниханның әскери жорықтары, оның өлімінен соң Мауароуннахрда пайда болған жағдай, Абдуллахан II нің мемлекетті саяси жағынан біріктіру жолында жүргізген күресі тарихына арналған.

XVII – XVIII ғасырдың бірінші жартысында да Бұхарада тарих ілімі саласында бірқатар тарихи шығармалар жазылды. Атап айтқанда, *Мұхаммед Юсуф Муншидің* „Тарихи Муқимхани“, *Мұхаммед Амин Бухаридің* „Убайдуллонома“ және *Абдурахмон Толениң* „Абулфайзхан тарихы“ секілді шығармалары осылар қатарына кіреді.

Әдебиет

Бұл дәуір әдебиетінде *Мұхаммед Шайбанихан*, оның жиені *Убайдуллахан*, *Камолиддин Бинойи*, *Мұхаммед Салих* және басқалар ерекше орын алады.

Өмірінің негізгі бөлігін шайқас пен соғыстарда өткізген Мұхаммед Шайбанихан, сондай-ақ, поэзиямен де шұғылданды. Ол өзінен жоғары дәрежелі көркем шығарманы мирас етіп қалдырды. Оның шығармалары дүниенің әртүрлі мемлекеттеріне алып кетілген. Мысалы, оның бірегей өлеңдер жинағы – „Девон“ Стамбул қаласы кітапханасында сақталынып жатыр.

Мұхаммед Шайбанихан өлеңдерінде, әсіресе, Самарқант пем Бұхара қалаларын ең көп мадақтайды. Өйткені, бір өлеңінде Самарқантты жәннатқа ұқсатады. Ол өлеңдерінің бірінде мұндай деп жырлайды:

*Кетпеді көңілден еш дидары Самарқанттың,
Көзімнен ұшар әр кез гүлбағы Самарқанттың.
Өйткені шен алса дүниеде нәзік, бірақ
Бәрінен жақсы еридi сырқаты Самарқанттың.*

Ал Бұхара қаласын Каъба дәрежесінде дәріптейді.

*Бір ойым бар көңілімде жан қиып рухани жетектейін,
Осы Бұхара қаласында Каъба зияратын өтейін.*

Мұхаммед Шайбаниханның жиені Убайдуллахан өзінің ғазел, рубаи, қыта және туюқларимен поэзия өркендеуіне үлкен үлес қосты. Ол „Убайди“, „Убайдулло“ және „Қул Убайдий“ бүркеншік аттарымен шығармашылық жасады:

*Мұқтажға қайылу – шынайы керемет бұл,
Бір ішкі, жоқ артында айыпты – олар .
Әр екі дүниеде, солико, иманды
Құтқарушы шын рухы саламат олар.*

Ол парсы және араб тілдерін жақсы білгендігі үшін осы тілдерде де шығармашылық еткен. Өзбек, парсы және араб тілдеріндегі өлеңдерін үш жинақта жинады. Кейіннен олар бір мұқаба ішінде жиналды және ол „Қуллият“ деп аталды.

Рубаи нәзіктіктің Бабыр Мырзадан кейінгі өркендеуі Убайдуллахан атымен байланысты. Ол сол кезде *Ахмад Яссауи* негізін қалаған хикмет нәзіктік дәстүрін дамытты. 220-дан астам хикмет мұра қалды.

Мұхаммед Шайбанихан, Абдулазизхан және *Абдуллахан I – II* лердің кітапханалары өз заманасының таңғажайып кітап қазынасы болған еді.

XVII – XVIII ғасырдың бірінші жартысында әдеби мұхитында Бедилдің (шынайы аты Мырза Абдулкадыр, 1644–1721) орны үлкен. Ол кештік (Шахрисабз). Делиде қаза тапқан. Оның ірі шығармасы – „Төрт ұнсыр“ прозада жазылып, мұнда ауа, су, жер, от жөнінде, сондай-ақ, өсімдіктер, жануарлар мен адамның келіп шығуы жөнінде өз көзқарастары баяндалады. Ол өлеңдерінде қоғамдағы зұлымдық, әділетсіздік секілді кемшіліктерді қаралады. Бедил „Абулмаъони“ („Мағыналар әкесі“) атымен даңқы кетті.

Бұл дәуір әдебиетінің ірі қайраткерлерінің және бірі ақын *Сайидо Насафи* еді. Ол *Насаф* (Қаршы) қаласында туылған. Замандастары оны „Бұхара ақындары тағындағы сұлтан“ деп дәріптеген.

Оның атышулы „Хайуанатнама“ атты көркем пікірталас шығармасы еді. Насафи бұл шығармасында жануарлар рәмізі арқылы ақсүйек және шенеуніктердың еңбексүйгіш халыққа өткізген зұлымдықтарын, олардың паракорлығы мен рухани опасыздығын паш етті. Қасқыр мен арыстан рәмізінде ақсүйектердің жыртқыштықтан құралған өз бейнелерін ашып тастады. Шығармада арыстан барлық жануарларды жеңіп шықса да, еңбексүйгіш халық рәмізінде болған құмырсқадан жеңіледі.

Бұл дәуір әдебиетінде *Тұрды Фароғи* да лайықты орын алады. Тұрды қоғамдағы әділетсіздіктерді, Сұбханқұлыханның халықты ауыр салықтарға душар еткендігін және соның салдарынан халық тартып жатқан азап-қиыншылықтарын жасырмай сынай алған ержүрек ақын еді:

*Жедіңіз барлығыңыз иттей бұқараның етін,
Тартып алдыңыз, түк қалдырмай талшығының битін.*

Тұрды халықтың тілінен мемлекетті жұрдай етіп, саяси күйзеліс, ол келтіріп шығарған қантөгіс соғыстарға лағынет айтқан. Ұрық және тайпаларды бірігуге және өзара ынтымақтастық жасауға үндеу жасаған. Ұрық ақсақалдарын және бектерді бір жағадан бас шығаруға шақырған.

Бұл ретте Тұрдының „Тар көңілдік бектер“ өлеңі жеке маңызға ие:

*Тар көңілді бектер, менмен болмай кең бола біл,
Тоқсан екі баулы өзбек елін бұл тең қоя біл...*

Сәулеткерлік

Шайбани билеушілері астана Бұхараны және оның маңын қайта құруға әрекет жасады. XVI ғасыр барысында осы кезеңдегі барлық инженерлік мүмкіндіктерін және қоғамның мәдениет дәрежесіне дұрыс келетін көптеген ғимараттар, сәулеттік орындар, құрылымдар салынды.

Олардың арасында Бұхарадағы Мір Араб, Абдуллахан, Құлбаба, Кукалдаш, Надыр девонбегі, Ерназар елші; Самарқантта құрылған Шайбанихан, Ташкентте құрылған Барақхан және Кукалдаш медреселері сәулет өнеріміздің жарқын бейнесі болып есептеледі. Барақхан медресесі Шайбани билеуші Сүйіншіқожаның ұлы Барақхан жағынан құрылды.



Надыр девонбегі



Регистан алаңы

Медресе күмбезінің биіктігі 22 метрді құрайды. Бұл медреседе еліміздің тәуелсіздік жылдарында да үлкен жөндеу істері жүзеге асырылды.

XVII ғасырда Самарқант Регистан ансамблінің қазіргі көрінісі жөнделді. XVI ғасырдың бірінші жартысында Самарқант әкімі Жалаңтөс Бахадыр ұсқынсыз жағдайға келіп қалған Регистан ауласында Ұлықбек медресесі алдында Шердар медресесін, оның жанындағы Тиллакори медресе-мешітін өз есебінен құрды. Оған алтыннан бояу жүргізілді. Самарқант Регистан ансамблі өзінің түрлі-түсті ерекше безектері, ойылған шатырлары, үлкен күмбездері мен Орталық Азия сәулет өнерінің қайталанбас тарихи ескерткіші ретінде әлем елдерінің және саяхатшылардың назарын өзіне аударып келеді.

Бұхара хандығында білім беру

Шайбанилер білім беру саласында да өзгерістерге өзек салды. Өзгерістерді енгізуге лауазымда отырғандар тобын реттеу және оларды қоғамның негізгі тірегіне айналдыру қажеттілігі себеп болды. Хандарға және сұлтандарға барлық салалар бойынша білімді, дипломатиялық қабілетке ие болған лазымдылар тобы қажет еді. Өзгерістер енгізу негізінде, көп кезеңді оқыту жүйесі енгізілді. Әрбір ауылда мектеп ашылды, кейбір үйлерде үйде оқыту енгізілді. Балаларға 6 жастан білім берілетін болды. Мектепте екі жыл оқығаннан кейін, оқушылар медресеге өткізілетін еді.

Медреседе білім беру үш кезеңде болды, оның әрбір кезеңінде 7 жылдан оқылған және оқудың барысы 21 жылға созылды. Оқушылар теология ілімі, есеп-кітап, геометрия, құқық, логика, музыка, поэзиялық шығармашылықтан білім алған.

XVII–XVIII ғасырларда қала және ауылдарда көптеген мектеп-ханалар жұмыс атқарған. Ұлдар мен қыздар бөлек-бөлек мектептерде оқытылған. Ұлдар мектептері мешіттер, медреселер, шаруашылықты жүргізу ұстаханаларының алдында немесе жекеменшік мектеп иелерінің үйлерінде ұйымдастырылған болып, мешіт имамы немесе медресені бітірген зиялы кісілер ұстаздық еткен. Оларды домла деп атаған. Қыздар мектептері мемлекеттік кісілер немесе оқытушы әйелдердің үйлерінде ұйымдастырылған. Қыздарды атынайы, атынбиби, бибихалифа, бибиатын, деп аталған әйел оқытушылар оқытқан. Балалар мектепке 6-7 жастан берілген және олар 5-8 жыл бойы бастауыш білім алған.

Оқушыларға ең алдымен әріптер, соңынан буындар, оларды қосу арқылы сөз жасау, "Хафтияк" (Құран Кәрімнің жетіден бірі) кітабын оқу үйретілген. Оқушылар Науаи, Фузулий, Бедил, Машраб, Саъдий Шерази, Хафиз Шерази және Софы Аллаяр шығармаларын, "Чор кітапты" оқып сабақ алған. Қыздар мектеп бөлмелерінде үй тірлігін тұту, аспаздық, тәрбие, пәктік сырларын үйретуге көбірек назар аударған.

Балалар оқуды толық игеріп алған соң ғана жазуға өткен. Мектеп бөлмелерінде емтихандар өткізілмеген. Оқушыларға мектепті бітіргені туралы құжат та берілмеген. Баланың мәнерлеп оқуы, дұрыс жаза алуы, есеп-кітапты білуі мектепті бітіргенінің дәлелі болған.

Медресе орта және жоғары оқу орны есептелген. Медресеге мектеп-ханаларды бітіргендер қабылданған. Медресе білімі оқырушылардың қабілетіне қарап 7-12 жылға созылған. Бұхара хандығы қалаларында 150-ден астам медресе болған. Оқу "Аввали илм" деп аталатын парсы тіліндегі оқулықтарын оқудан басталған. Соңынан араб және парсы тілінде жазылған кітаптар оқытылған. Оларды оқырмандарға мударрис түркі тілінде түсіндіріп берілген. Кейін араб тілі грамматикасы оқытылған. Фикхты (құқық) үйрену мәжбүри есептелген. Хандықта білім беру шығындары уақып мүлкі түсімдері есебінен жүзеге асырылған.

Назар аударған болсаң, мектепханаларда ең маңызды табиғи пәндер оқытылмаған. Оның себебі, біріншіден, діни берілушіліктің күшейгені болса, екіншіден, хандықтың сыртқы қатынасы өзі сияқты кем дамыған мемлекеттермен шектеліп қалған да өркендеген Еуропа мемлекеттерімен қатынасты қолға алмағанында еді. Сол үшін ата-бабаларымыз заманауи, табиғи және техника пәндері жетістіктерінен хабарсыз қалды. Нәтижеде, мемлекет тағдыры үшін жауапты болған билеушілер, жоғары әулет өкілдері өз қабығына оралып қалды.



1. Шайбанилер дәуірінде ілім-ғылымның қайсы салалары өркендеді?
2. Тарих ғылымы саласында жаратылған ірі шығармаларды айт. Олардың бүгінгі жас ұрпақтар үшін маңызы неде?
3. Сұбханқұлыханның медицина іліміне қосқан үлесі жөнінде нелерді біліп алдың?
4. Мұхаммед Шайбанихан мен Убайдуллахандардың сол кезең әдебиеті дамуына қосқан үлесі жөнінде әңгімелеп бер.
5. Бедил мен Саидо Насафи шығармашылығын салыстыр.
6. Тұрды шығармашылығына тән жақтарын айт.
7. Неге ата-бабаларымыз ең маңызды табиғи және техникалық ғылымдардың жетістіктерінен хабарсыз қалды?



1. Бабаларымыз негізін қалаған ең танымал сәулеткерлік өнері туындыларының тізімін жаса.
2. Бұхара хандығындағы білім беру тізімі мен Өзбекстандағы бүгінгі білім беру жүйесін салыстыр.

14-§. Бұхара хандығының құрылуы

Бұхара хандығының мемлекет тәуелсіздігін жоғалтуы

Бұхара хандығында жүзеге келген тонаушылық Иранның Бұхараға шабуыл жасауы үшін ыңғайлы жағдай жаратты. Соның үшін 1736 жылы Иран патшасы Надыршахтың ұлы Ризақұлы жетекшілігіндегі жасақ Амудариядан өтіп, көп жерлерді басып алды.

Осындай ауыр жағдайда Бұхара ханы Хиуа ханынан жәрдем сұрауға мәжбүр болды. Хиуа ханы Елбарысханның жәрдемге келе жатқанын себепті Рызақұлы жасақты арқаға қайтарып кетуге мәжбүр болды.

1740 жылы енді Надыршахтың өзі Бұхараға қарсы жасақ тартады. Бұхара хандығында тұрақты әскердің болмағандығы және өз хандығында ішкі келіспеушіліктерді қалпына келтіру мен қарбалас болып қалған Хиуа ханының Бұхараға жәрдем бере алмағаны Надыршахқа өте қолайлылық туғызды.

Оның үстіне Мұхаммед Әкімби аталықтың ұлы Мұхаммед Рақым Надыршах жағына өтіп кетті. Надыршахтың жақындап келе жатқанынан қорыққан Абулфайзхан Қаршыдан Әкімби аталықты шақырып алды және Надыршахтың алдына елші етіп жөнелтті. Оған Надыршахтың Бұхара хандығын күйретпеу шарттары жөнінде келісімге келу міндетін жүктеді. Әкімби бұл міндетті орындады.

Бұхара Иран басқыншылығына қарсы тұра алмаған соң, Абулфайзхан жеңіліске ұшырау шарттары жөніндегі келісімге қол қоюға мәжбүр болды.

Келісімге орай, Надыршах жоғарғы билеуші, Бұхара хандығы болса, Иранға тиісті мемлекет деп мойындалды. Сондай-ақ, үлкен мөлшерде ұлпан төленді. Бұдан тыс, Бұхара хандығы халқынан 10 мың жасақ топталып, Надыршахтың иелігіне жөнелтілді. Бұл жасаққа Мұхаммед Әкімбидің ұлы Мұхаммед Рақым жасақ басшысы етіп тағайындалды. Осылайша, Абулфайзхан амалда Иранға тәуелді қуыршақ билеушіге айналды. Мұхаммед Әкімби болса құсбегі (бас уәзір) мәртебесіне ие болды. Бүкіл әкімдік іс жүзінде оның қолына жиналды. Енді Аштарханилер билігінің бұзылуы анық болып қалды.

Маңғыттар әулеті билігінің орнатылуы

Бұхарада Аштарханилер әулеті билігі дәуірінде өзбек тайпаларынан бірі маңғыттардың беделі биік еді. Бұл тайпа билік толығымен аштарханилер қолында болып тұрған дәуірлерде оларға адалдықпен қызмет етті. Бірақ кейіннен Бұхарада маңғыттар ерекше мәртебеге ие болу үшін шынайы күресті және Әкімби дәуірінде бұл мақсатқа қол жеткізді.

Мұхаммед Әкімби 1743 жылы қаза тапқан соң, Рақымби өз әскерлерімен Бұхараға қайтып келді де өзінің тұрақты әскерге иелігінен пайдаланып, әкімшілікте әкесі секілді арнаулы мәртебелікті талап ете бастады. Соңғы аштархани Абулфайзхан оны әкесінің орнына тағайындауға мәжбүр болды.

Надыршах 1747 жылы өлтірілген соң Иранда басталған ішкі күрестер Мұхаммед Рақымбидің Бұхара тағын иелеуіне жол ашты. Оның бұйрығымен Абулфайзхан 1747 жылы өлтірілді. Мұхаммед Рақымби таққа Абулфайзханның ұлы Абдулмомынды отырғызды да оны өзіне күйеу етіп алды. Көп өтпей Мұхаммед Рақымби жалған хандарды да жаза тарттырды және 1756 жылы билікті толық қолға алды. Бірақ маңғыттар шыңғыстықтар нәсіліне ие емес еді. Сондықтан маңғыт билеушілері өзін хан деп емес, әмір деп атады.



Сөйтіп, 1756 жылы Бұхарада әкімшілік төбесінде жаңа әулет – маңғыттар әулеті келді. Әулет мемлекетті 1920 жылға дейін басқарды. 1756 жылдан бастап Бұхара хандығы енді Бұхара әмірлігі деп аталатын болды.

Орталық билікті нығайту

Әмір Мұхаммед Рақым мемлекетте өзінің шексіз билігін орнату және ішкі дара басшылықты тоқтату саясатын жүргізді. Бұл саясаттан көзделген мақсат – мемлекетті орталықтандыру еді. Мұхаммед Рақым мақсатты іске асыруға қатты кірісті.

Тәуелсіздікті талап етіп жүрген Миянқол, Нұрата, Қабодиен, Байсын, Шахрисабз және Үргіт облыстарын төрт жыл ішінде бағындырды. Сондай-ақ, орталық билікке бойсұнбауға ұмтылып жатқан тайпаларды жасап тұрған жерінен көшіртіп жіберу тәжірибесін де қолдады.

Даниялби аталық және Әмір Шахмұрат

Мұхаммед Рақым өлімінен соң оның нағашысы Даниялби аталық билікті өз қолына алды (1758 – 1785). Ол әскерлерді нығайтуға, оған сүйеніп іс жүргізуге әрекет етті. Барлық маңғыт бектеріне үлкен жер – мүлікті *танхо* етіп берді. Халықтан алынатын салықтарды көбейтті. Бұдан наразы халық көтеріліске шықты, ал Даниялби оларды бастыруға үлгермейтін еді. Оның дәуірінде Балх, Хисар, Куляб, Оратөбе облыстарының тәуелсіздікке ұмтылыстары күшейді. Үлкен жер иелерінің озбырлығы шектен асты. Даниялби осындай жағдайда тақты ұлы Шахмұратқа (1785 – 1800) тапсырды. Шахмұрат дәруіш сияқты өмір сүретін, шайх кеңесімен базарда жүк тасушылық ететін еді. Кейін пышаққа қын жасап сатып, сол арқылы тіршілік ететін Шахмұрат халыққа сүйеніп қызмет етті. Әділет принциптерін қатты сақтайтын. Осы жақтарымен халық арасында үлкен беделге ие еді.

Әмір Шахмұрат жастайынан құдайға сенетін, таза болып өсті. Медресені бітіріп, дәруіштік қоғамының насихаттаушысының біріне айналды. Халық оны құрмет етіп, *"амири маъсум"* (күнәсіз әмір) деп атады.

Әмір Шахмұрат реформалар өткізіп, мемлекетті нығайтты. Ол мемлекет өмірінде саудагер және қолөнерші тобының қаншалықты маңызға ие екендігін дұрыс бағалай алды. Сондықтан да сауда мен қолөнершіліктің өркендеуі үшін барлық қажет жағдайларды жасады. Атап айтқанда, Бұхара халқына *Тархан* жарлығы жазып берілді. Ол бойынша, халық сауда табысынан төлейтін кеден салығынан азат етілді. Қолөнершілерден ақша жинау, оларды мәжбүрі еңбекке қатыстыруға тыйым салынды. Негізгі салық – *хираж өлшемі* кемеітірілді.

Сондай-ақ, соғыс кезінде әскердің қаражаты үшін *жул* деп аталатын жаңа салық енгізілді. Зарафшан алқабында, Өмудария мен Қашқадария алқаптарында суару жүйелерін қайта қалпына келтірді. Қазіргі күнде орталық билікке мойынсұнуды қаламаған облыс әкімдеріне қарсы шиеленіскен күрес жүргізді. Төраға (мухтасиб) мен қазы әскер (әскери сот) мансаптарының мәртебесін арттыра түсті. Мемлекет экономикасын ретке келтіруде Шахмұрат өткізген ақша реформасы да аса маңызға ие болды. Аштарханилер дәуірінде жасалған теңгелерде күміс мөлшері кемеітіп жіберілген еді. Реформа бойынша, таза күміс теңге айналымға енгізілді. Сондай-ақ, кімде күміс болса, ақша соғатын ұстаханаға келіп, одан ақша жасап алуына рұқсат берілді. Бұл күміс алып сатарлықтың алдын алды.

Шахмұрат енгізген заң бойынша кім мал-мүлікке қиянат етсе, қоғамдағы мәртебесіне қарамай қатты жазаға тартылады. Бұл халық мүдделеріне қарсы жасалатын жауыздықтардың алдын алды.

Әмір Шахмұрат қызметіне жоғары баға берген атышулы ғалым Ахмад Даниш былай деп жазған еді: *„Ол әмірлік қаламын кедейлік киімімен көркейтті. Әлем бағынан дұшпандық пен жамандықты тамырымен суырып тастады және әділет өскіндерін отырғызды“.*



- 1756 жылы – Аштарханилер билігі толық аяқталды. Билік маңғыттар әулетінің қолына өтті.



1. Бұхараның Иранға бағынышты мемлекетке айналып қалуының себептерін атап өт.
2. Неліктен Хиуа хандығы Бұхараға көмек бере алмады?
3. Бұхараның берілуі жөніндегі Бұхара – Иран келісім шартының мазмұнын әңгімелеп бер.
4. Бұхарада маңғыттар әулеті билігінің орнатылуына қандай факторлар көмек берді?
5. Әмір Шахмұраттың мемлекетшілікті нығайту жөнінде жүзеге асырған жұмыстарының маңызы жөнінде нелерді біліп алдың?



Өзбекстан заңдары бойынша, мәжбүри еңбек қандай жағдайларда қолданылады?

15-§. Әмірлікте орталық биліктің нығайтылуы

Әмір Хайдар билігі

Әмір Шахмұрат қаза тапқан соң, таққа ұлы Әмір Хайдар отырды (1800–1826). Кейбір облыстар билеушілері оның тәжірибесіздігінен пайдаланып, орталық билікке мойынсұнбауға әрекет етті. Бірақ Әмір Хайдар үлкен қиыншылықтармен болса да, олардан көпшілігінің қарсылығын сындыра алды да орталық билікке мойынсұндырды. Көпшілік облыстар тәуелсіздігінің жойылуы мемлекет жерлері қорларын көбейтті. Ал бұл мемлекет жерлерін жалға алып жұмыс істеушілер санының артуына себеп болды. Бұл фактор әмірлік экономикасының дамуына қызмет етті.

Сондай-ақ, Әмір Хайдар қаншалықты әрекет етсе де, әмірлікте толық тыныштықты қамтамасыз ете алмады. Бұған бір жағынан орталық билікке мойынсұнуды қаламаған кейбір облыс әкімдерінің әрекеті, ал екінші жағынан қоғам өміріндегі әділетсіздіктерге қарсы көтерілген халық көтерілістері себеп болды. Өйткені, Әмір Хайдар Шахрисабз бен Миянқолды әмірлік құрамында сақтап қалу үшін күрес жүргізуге мәжбүр болды. Оратөбені қолда сақтап қалу үшін Қоқан хандығына қарсы әскери әрекеттер жүргізді. Сондай-ақ, өзі 1806 жылы Хиуа хандығы шабуылына ұшырады. Әмір Бұхараның бүкіл халқын мемлекетті қорғауға үндеді. Хиуа әскерлері Өмудария жағалауларында жеңіліске ұшырады. Хиуа әскерлері қуып шығарылған болса да, мемлекетте бейбітшілік болғаны жоқ. Тез арада мемлекет және оның шеңберлерінің әділетсіз саясатына қарсы көтерілістер басталды. Кейбір облыс әкімдері және ірі ақсүйектер орталық әкімшіліктен дербес болу мақсаты жолында пайдаланып қалуға әрекет етті. Өйткені Әмір Хайдардың інісі Діннасырбек әкімшілік етіп жатқан Марв облысы халқы 1804 жылы бас көтерді. Әмір Хайдарға қарсы болған күштер одан пайдаланып, Діннасырбекті әмірлік тағына отырғызбақшы болды. Бірақ орталық әкімшілік бұған қарсы қатаң шаралар көруге мәжбүр болды.

Әмір Хайдардың інісі Діннасырбек бас болған көтерілісшілерге қарсы әскер жіберді. Әскер сарбазының бұйрығымен Марв алқабын сумен қамтамасыз етіп тұрған Сұлтанбөгені тоғаны бұзып тасталды. Сусыз қалған марвтықтар өзі жасап тұрған жерлерден басқа елдерге кетуге мәжбүр болды. Діннасырбек Ираннан баспана тапты. Әскери әрекеттер

қарапайым еңбекшілердің онсыз да ауыр жағдайын ауырластыра түсті. Оның үстіне, әскери әрекеттер үшін қара серікке әскер жинау және жер салығының мерзімінен алдын жинап алынуы 1821 жылы Миянқолда халық көтерілісінің шығуына себеп келді. Оны бастыруға қанша әрекет жасалғанмен, Әмір әскері көтерілісшілердің күшін сындыра алмады. Әмір соңында көтерілісшілерге берілуге, олардың мүлкі мен жеке дербестігі жөнінде жарлық беруге мәжбүр болды.

Әмір Насрулла билігі

Әмір Хайдар қаза тапқан соң, қысқа уақыт аралығында оның екі ұлы таққа отырды. Бірақ олар бүлік құрбаны болған. Ақыр-соңында, таққа оның үшінші ұлы Насрулла отырды (1826–1860).

Әмір Насрулла әмірлік құрамына ресми кірген бектіктерді бірыңғай мемлекетке біріктіру жолында қатал күрес жүргізді. Шахрисабз бен Китаб бектіктерін толық мойынсұндыру үшін күрес 30 жылға созылды. Сөйтіп, 1856 жылда ғана ол Шахрисабз бен Китабты мойынсұндыра алды.

Бұдан тыс, маңғыт әмірлері өздерінің шексіз билігін қалыптастыруды бас міндеттерінің бірі деп есептеді. Осы мақсатта олар әмірдің жеке басына сиыну саясатын жүргізді. Нәтижеде, азаматтар жазаға тартылудан қорыққандарынан оның атын биік дауыспен айта алмайтын болып қалды. Билеуші топтар әмірге жағымпазданды. Шенеуніктер әмірден нұсқау алып отырмастан оның тілегін таба алуға әрекет етті. Әрбір лауазымды әмірдің, кіші лауазымды өзінен үлкен шенеуніктің қаһарына ұшырап қалудан қорықты. Өзінің бүгінгі мәртебесі, мүлкі, өмірі, отбасының амандығы үшін осындай үрей күші пайда болған еді. Нәтижеде ешкім сеніммен ертеңгі күнінен үміткер бола алмайтын болып қалды.

Көрші өзбек хандықтарымен қатынастар

Бұхара әмірлігінің өз әскерлері Қоқан мен Хиуа хандықтарымен қатынасында өзара келіспеушілік басым еді. Бұл келіспеушіліктің негізінде Бұхара әмірлігінің аймақта жетекшілікке қол жеткізу және бұл екі хандық есебіне байып алу мақсаты жататын еді.

Сондықтан да Бұхара әмірлігі 1842 жылы тіпті Қоқан хандығын да басып алды. Бірақ Қоқан хандығының Бұхара әмірлігіне тәуелділігі алысқа бармады. Сол жылдың өзінде-ақ Қоқанда Бұхара басқыншылығына қарсы көтеріліс нәтижесінде Қоқан хандығының тәуелсіздігі қайта қалпына келтірілді.

Көп өтпей бұл екі мемлекет арасында және соғыс келіп шықты. 1843 жылы Әмір Насрулла Хожент пен Оратөбені қолға алу үшін Қоқан хандығына қарсы күрес бастады. Бұл екі қала он жылдар барысында қолдан қолға өтіп келетін еді. Соңында бұл сапарда Бұхараның қолы басым келді.

1843 жылы Марв облысы үшін таласып жатқан Бұхара мен Хиуа арасында соғыс әрекеттері жүзеге келді. Хиуа әскерлері Хазорасп маңында Бұхара әскерін жеңіліске ұшыратты. Бірақ Марв Бұхара әмірлігі құрамында қалды. Тек 1845 жылда ғана Хиуа хандығы Марвты иеледі.



1. Әмір Хайдар орталық билікті нығайту жөнінде қандай шараларды жүзеге асырды?
2. Әмір Насрулла дәуірінде қандай факторлар әмірлік билігінің күшеюін қамтамасыз етті?
3. Неге маңғыттар дәуірінде де өзбек мемлекеттері арасында шиеленісу жалғасты?

16-§. Бұхара әмірлігінде мемлекетті басқару

Мемлекет құрылымы және әкімшілік басқару реформалары

Әмірлік мемлекет құрылым бойынша тәуелсіз монархия еді. Жоғары билеуші – әмір шектелмеген құқыққа ие болған. Бүкіл билік оның қолында жиналған. Әмір, сонымен қатар, мемлекеттің рухани демеушісі де еді. Өйткені, ол ең жоғары мәртебелі шенеуніктер (арқони давлат) және тайпалардың басшыларымен кеңесіп жұмыс жүргізген.

Әмірлікте мемлекетті басқару саласында кейбір реформалар өткізілді. Атап айтқанда, аштарханилер дәуірінде болған басқарудың даргах пен девондар жүйесі жоққа шығарылды. Мемлекет міндеттерін атқару тікелей сарайдағы әрбір лауазымда немесе кез келген бір беделді мемлекет қайраткері қолында жиналатын тәртіп енгізілді. Ол бойынша, құсбегі лауазымына мемлекеттік мәртебе берілді, яғни мемлекетте әмірден кейінгі екінші тұлғаға айналды. Сондықтан ол әмір сарайында жасаған. Бұдан тыс, аштарханилер билігі дәуірінде мемлекетте өте үлкен мәртебеге ие болған аталық лауазымы алдыңғы беделін жоғалтты. Қысқасы, әмірлікте әртүрлі мемлекеттік лауазымдардың мәртебесі не көтерілді, не түсірілді. Соған орай әрбір лауазым иесінің өкілдік

шенбері кеңейтірілді немесе шектеп қойылды. Сарайда жалпы үш жүз мыңға жуық үлкен-кіші шенеуніктер тобы қызмет еткен. Олардан 30-ға жуығы жоғары мемлекет лауазымдары саналған.

Әмірліктің әкімшілікке бөлінуі

Әмірлік әкімшілік жағынан облыс және аудандарға бөлінген. Әдебиетте маңғыттар дәуірінде әмірлікте 27 облыс (бектік) болғандығы атап өтілген.

Облыстарды бектер – әкімдер басқарған. Әкім лауазымына, негізінен, тайпа сарбаздары (әмір) тағайындалған. Қалған әкімшілік-аумақтық бірліктерге суарылатын жер мөлшері негіз етіп алынған. Соның ішінде, бірнеше арық пен арналар арқылы суарылатын жүз мың танап жер бір ауданды құраған. Бір үлкен арықпен суарылатын елу мың танап жер хазора, жиырма бес мың танап жер ним (*жарты*) *хазора*, 10–15 мың танап суарылатын жерге ие ауыл суармалы, 400 танапқа ие ауыл қория, 300 танап және одан кем жері болған аумақ, халық тұрса-тұрмаса, марза деп аталады. Кейбір қыстақтар орналасқан аумақ алаңы үлкен болмаған еді. Сондықтан да бірнеше үлкен-кіші қыстақтар біріктіріліп ең төменгі әкімшілік бірлік ұйымдастырылған және ол амлок деп аталған. Оны амлокдор ауыл ақсақалдары, амин және мирабтарға сүйеніп басқарған.

Амлокдор („мүлік иесі“ деген мағынаны білдіреді) өсірілген өнімнің есебін жүргізген және салықтар және басқа түсімдердің белгіленген мерзімдерде жиналуын бақылаған. Аминнің („сенімді, адал адам“ мағынасын білдіреді) негізгі міндеті салық және басқа түсімдерді жинау, халықты бақылау және арықтардағы суды егістік алаңдарына үлестіру болған. Ауыл мирабы су ғимараттарының өз уақытында қамтамасыз етілуін, қыстақтар үшін бөлінген судың арықтар бойынша дұрыс үлестірілуін қамтамасыз еткен.

Жоғары мемлекет лауазымдары

Әмірлік мемлекет мекемелері әкімшілік, қаржылық, қазылық, күзетшілік және әскери кеңселерден құралған. Жоғарыда атап өтілгендей, әмірлікте жоғары атқару әкімшілігі – құсбегі, яғни Бас уәзір (Вазири бузрук деп те аталған) қолында жиналған. Ол мемлекет басқаруы, қаржы, салық, қазына және астана Бұхара қаласындағы жағдай секілді ең маңызды салаларды бақылаған. Сонымен қатар, барлық облыстар оған мойынсұнған. Әмірлікте құсбегіден кейінгі орында қаржы уәзірі

(девонбегі) тұрған. Ол төменгі құсбегі деп те аталған. Қаржы уәзірі зекет мәселесімен шұғылданған. Шайбанилер, әсіресе, аштарханилер дәуірінде үлкен беделге ие болған аталық лауазымына тағайындалған тұлға енді Бұхара мен Самарқанд облыстарын суару, сондай-ақ, су үлестірілуімен байланысты жұмыстар үшін жауапты болған.

Парваначи лауазымында жұмыс істеген шенеуніктің негізгі міндеті Бұхара хандығында болғанындай жоғары билеушінің жарлықтарын әрбір шенеунікке жеткізген жағдайда, әмірлікте тұратын арабтар мәселелерімен де шұғылданған.

Кейбір жағдайларда парваначи лауазымындағы шенеунікке оның жеке тұлғасы, әмірлік саяси өміріндегі орнына қарай, маңызды міндеттер де жүктелген. Оның ішінде, Әмір Хайдар Марвта оған қарсы інісі Діннасырбек басшылығында көтерілетін көтерілісті бастыру үшін Ниязбек парваначині әскерге қолбасшы етіп жөнеткені бұған дәлел. Немесе әмір Насрулла 1842 жылы Қоқанды бағындырып, ол жерге Ибрахим парваначи маңғытты уәзір етіп тағайындағанда, сөзсіз, оның әмірлік өміріндегі беделін есепке алған. Бір сөзбен айтқанда, әрбір мемлекеттік лауазымның беделі сол лауазымда кім отырғанына да байланысты болған.

Бас инақ лауазымына тағайындалған шенеунік әмірдің бұйрықтарын төменгі лауазымда істейтін мемлекет қызметкерлеріне жеткізу, сол бұйрықтардың орындалуын және келешекте мемлекет мансаптарына тағайындалуы мүмкін болған қызметкерлердің қызметін ұйымдастырумен шұғылданған.

Ал *кіші инақ* шет мемлекет елшілері тапсыратын құжаттарды қабылдап алған. Сондай-ақ, әмір мөрі үшін жауапты болған. Және бір маңызды мемлекет мансабы *тоқсоба* еді. Ол мемлекет туының дербес сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ, ең сенімді тұлға ретінде жоғары мемлекет рәсімдерінде әмір дастарханына тамақ тарту секілді өте жауапты міндетті орындаған. Міндет өте жауапты болғандықтан оған табыс көзі ретінде бір аудан біріктіріп қойылған.

Мемлекет басқаруында, сондай-ақ, *кукалдаш* (мемлекет қауіпсіздік қызметі бастығы), *мехтар* (салық және басқа жиымдардан түскен қаражаттардың белгіленген орындарда қаншалықты дұрыс жұмсалатынын бақылайтын шенеунік), *қутвол* (мемлекет есебінен жүзеге асырылатын құрылыс жұмыстарына жауапты шенеунік), *есік ағабасы*, *мирахур*

(әмір атханасының бастығы), *қарауылбегі* (қала мен жолдар күзетшісі), *шығауыл* (шет мемлекеттер елшілерінің қабылдауын ұйымдастырушы), *мушриф* (әмірге сыйлаған сыйлықтарды тіркеуге алу және салықтар түсімін жазып баратын шенеунік), *дастурханчи* (әмір қасында ұйымдастырылатын зияпаттар үшін жауапты шенеунік), *кітабдар* (әмір кітапханасының бастығы), *дадхак* (жәбірленуші арызын әмірге жеткізуші және жауабын арыз берушіге жеткізуге жауапты шенеунік) секілді жоғары мемлекет лауазымдары бар еді.

Шариғат талаптарының сақталуын бақылау Қоғам мен мемлекет өмірінде шариғат заңдарының орындалуын *шайхулислам*, *қазикалан*, *муфти*, *мухтасиб* (төраға) және *садрлар* қамтамасыз еткен.

Шайхулислам барлық мұсылман руханилардың (діни ұйымдарда діни лауазымда қызмет етушілер) бастығы болып, мемлекетте ең жоғары мәртебелі рухани, дін қызметкері болып саналған. Оның мәртебесінің дәрежесі жоғары болғандығы соншалық, тіпті болашақ билеуші де шайхулислам разылығынсыз таққа отыра алмаған.

Ол мемлекетте шариғат талаптарының анық орындалуы бойынша бақылау жүргізген. Шайхулисламға тіпті *Қазыкалон* – Жоғары қазы (бүгінгі күн болмысы бойынша айтқанда Жоғары сот төрағасы) да мойынсұнған.

Қазыкалон лауазымы беделі бойынша шайхулисламнан кейінгі лауазым еді. Ол сот жұмыстарын жүзеге асырудан тыс, бағушысын жоғалтқандардың, жетім-жесірлердің құқықтары қаншалықты қорғалып жатқандығына бақылау жүргізген. Әмірлікте облыс, аудан және қыстақтарда да соттар ұйымдастырылды.

Әмірлікте *мухтасибтің* (төраға) өкілдігі кеңейтірілді. Мухтасиб базарда жүліктікке, сапасыз сатылуына жол бермеу, салмақ (тас пен таразы) және ұзындық өлшемдерінің дұрыстығы және халықтың шариғат ережелеріне қаншалықты сақтайтынына тікелей бақылау жүргізген. Мешіттерге барып намаз оқитындар тізімін тексерген. Тыйым салынған ішімдіктер ішілуіне және өсімқорлыққа қарсы шаралар көрген.

Сондай-ақ, бұл жүйеде *муфти мен садрлар* да үлкен беделге ие болған. Оның қатарында, муфти қазыкалон күрделі деп есептеген әртүрлі діни-құқықты мәселелер бойынша шариғатқа негізделіп фатво

шығаратын ғұлама еді. Ол шығарған фатвосын өз мөрімен бекіткен. Қазы осы фатво негізінде үкім шығарған. Ал *садрлар* вақф мүліктерінің басқарушылары еді.



Танап (шылбыр, арқан) – егістік алаңын өлшеу үшін қолданылатын өлшем бірлігі. 1 танап жер алаңы 8,33 сөтік. 1 гектар жер 12 танапты құраған.



1. Әмірліктің мемлекет басқаруында қандай өзгерістер болды?
2. Әмірліктің әкімшілік-аумақтық жағынан бөлінуінде не негіз етіп алынған және неге солай істелінген?
3. Амлок және ол қандай басқарылған?
4. Әмірліктегі жоғары мемлекет лауазымдары жөнінде нелерді біліп алдың?
5. Әмірлікте сот жұмыстары қалай жүзеге асырылған?



Бүгінгі күнде де дүние мемлекеттері арасында монархиялар бар. „Мемлекет және құқық негіздері“ пәнінен алған біліміңе сүйеніп олар орта ғасыр монархияларынан қайсы жақтарымен ерекшеленетінін анықта.

17-§. Бұхара әмірлігіндегі әскери қызмет

Әмірлікте тұрақты әскердің түзілуі Әмірлік билеушілері тұрақты әскердің болмауы мемлекет қауіпсіздігі үшін көңілсіз оқиғаларға алып келуін аштарханилер тағдырынан жақсы біліп алған еді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында да әскер әлі *тұрақсыз* (қара серік) болып, ол ішкі және сыртқы қауіпті тоқтатуға жарамды емес еді. Бұхара әмірлері XIX ғасырдың басынан бастап *тұрақты* әскер түзуге кірісті. Бұл істі Әмір Хайдар бастап берді. Тұрақты әскер *навқария* деп аталды.

Қара серік әмірдің жарлығы бойынша, әскери қозғалыстар кезінде бейбіт халықтан жиналатын еді. Жарлық базарларда жарияланған және сол жерге қара серікке шығарушылар тізімі асып қойылған. Мемлекетте бейбітшілік орнатылған соң, қара серікке үйлеріне қайтып кетуіне рұқсат берілген.

1837 жылғы әскери реформа

Тұрақты әскер түзуге байланысты ділгірліктер Әмір Насрулла дәуірінде толық шешімін тапты. Ол 1837 жылы әскери реформа өткізді. Ол бойынша, *сарбаз*, *нөкер* және *зеңбірекші* нөкер әскерлерден құралған 3 түрдегі тұрақты әскер түзілді. Тұрақты жаяу әскерлер сарбаз, атты әскерлер *нөкер* деп аталды. Бастапқы сарбаздардың бөлігі 800 кісіден, зеңбірекшілер тобы 250 кісіден құралды. Сарбаздар *жүздік*, *елулік*, *жиырма бестік* және *ондық* бөлімдерге бөлінді.

Тұрақты әскер үшін арнайы аяқ-киім енгізілді. Аяқ-киім әр 3 жылда алмастырылып тұрылды. Тұрақты әскерді қару-жарақпен қамтамасыз ету үздерісі бір жылдан астамға жалғасты.

Әмір Насрулла тұрақты әскерді бір жерде сақтау мақсатында Бұхара қаласының шетінде 800 үйден құралған „Сарбазхана“ деп аталған тұрғын жер құрғызды. Тұрақты әскердің қызмет мерзімі шектелмеген. Сарбазханада жасап жатқан әскерлер ол жерде қолөнершілік және саудамен шұғылданды.

Әскери мансап және атақтар

Әмір мемлекет бастығы ретінде әмірлік әскерлерінің жоғары бас қолбасшысы еді. Одан кейінгі орында *әскер уәзірі* (әскер уәзірі) тұрған. Ол әскердің бас қолбасшысы болып саналған және *зеңбірекбасы* деп аталған. Оған барлық әскери бөлімдерінің сарбаздары мойынсұнған.



Бұхара әскері

Қуштерде *панзодбоши* (бесжүзбасы), *жүзбасы*, *елубасы* (торбасы), *онбасы* (дахбасы) секілді әскери атақтар болған. Бекініс және қорғандардағы әскери бөлімді (гарнизон) *тоқсоба* атағындағы қолбасшы басқарған. Тоқсоба атағы сол дәуір Ресей әскери атақтарына салыстырғанда полк сарбазы беделіне тең болған.

Қажеттілік болғанында *дадхах* (бірнеше полк сарбазы мәртебесінде) және *парваначи* (әскер сарбазы мәртебесінде) әскери әрекеттерге қатыстырылған.

Әскери соғыстар кезінде әскери тұрақ (бүгінгі тілмен айтқанда, штаб) бастығы міндеті *нақибқа* жүктетілген. Тұрақ орын бастығы ретінде ол әскери қозғалыстарды жоспарлаған. Әскери күштерді шайқас алаңында дұрыс үлестірілуіне жауапты болған. Нақибтер әскери жүріс кезінде әскерлердің түзілуі, құралдануы және орналасуы, оның әрекеті соғыс жүргізу жөнінде жеткілікті білімге ие болған. Сонымен бірге, әскердің алдыңғы бөлігі, артқы бөлігі және оның оң және сол қанаты, орталық, бастырмалары жөнінде жеткілікті мәліметке де ие болған.

Әмірлік әскерлеріне *қазы әскер*, *мухтасибтер* және *муфти әскерлер* де қызмет еткен. Олардың әрқайсысы өз мансабы төңірегіндегі мәселелерді шешкен. Атап өтсек, мухтасиб әскерилердің шариғат ережелерін қаншалықты орындағандарын бақылаған.

Қазы әскер болса, әскери бөлімдерде болған қылмыс жұмыстарын, арыз және шағымдарын көріп шыққан және олар бойынша үкім шығарған.

Ал муфти әскерилер үстінен қазы әскер шығарған үкімнің шариғатқа қаншалықты сәйкестігі мәселесін тексерген.

Әмірлік тұрақты әскерін мезгіл-мезгілімен байқаудан өткізіп тұрған. Байқауды әмір, әмір қатыса алмағанда *құсбегі* өткізген.

Қару-жарақтар және әскердің қамсыздандырылуы.

XIX ғасырдың бірінші жартысында өзбек мемлекеттер, атап айтқанда, Бұхара әмірлігі әскерінің қару-жарақтарының сапасы төмен еді. Оның ішінде, әмірлік әскерлері *білтелі мылтық*, *тапанша*, *ұзын найза* және *қисық қылышпен* қаруландырылған. Әскерлер өзін оқтан сақтау жұмыстары үшін *сауыт*, *темір дулығамен* қамтамасыз етілген.

XIX ғасырдың орталарынан бастап құралдардың оқатар құралдардың (мылтық пен зеңбірек) салмағы асты. Сарбаздар *тапанша* мен *қылыштан*

тыс екі қорапшасы бар *мылтықпен* қаруланған. Әскердің зеңбірекшілер бөлімінің еркінде жалпы 50 *зеңбірек* бар еді. Зеңбіректердің жөнделуі орыс пен парсы мамандары бақылауында болған. Кіші калибрлі „қытайша“ деп аталған зеңбірек әскери қозғалыстар кезінде түйелерінің иелері үстіне мықтап орнатылған.

Өмірлікте қару-жарақ жасап шығарушы ұстаханалар да құрылған. Мысалы, зеңбіректер Самарқант қаласындағы ұстаханада құйылған болса, *порох* Қаршы қаласында дайындалған. Оны жасап шығарушы қолөнершілер *дорукаш* деп аталған.

Әскери соғыстар кезінде әскерді орналастыру мәселесі сарбаз бен зеңбірекшілердің әрбір ондық бөліміне біреуден шатыр бөлу арқылы шешілген. Қару-жарақ, оқ-дәрі және шайқас үшін барлық қажет жабдықтар мекенжайға ат-арбаларда жеткізіп берілген.

Өмір Насрулла үнемі әскердің қажеттіліктерін, бастапқы, күнделік тұтыну тауарларын беру арқылы қанағаттандырған. Кейіннен тұрақты әскерлер үшін жалақы төленетін болды. Атап айтқанда, сарбаз және зеңбірекші әскер үшін әр үш айда бір тіллә жалақы белгіленді. Жоғары мансапты сарбаздардың жалақыларының мөлшері жоғары болғаны табиғи. Мысалы, жүзбасы айына алты тіллә, қарауылбегі төрт жарым тіллә, панжабасы (елубасы) сексен бес теңге, бас қолбасшы екі мың тіллә жалақы алатын.

Бұдан тыс, әскери соғыстар кезінде мансап пен атағына қарамай әрбір қатысушыға күніне бір тіллә берілетін. Одан тыс, жай әскер әр үш күн үшін бір теңге, онбасы әр екі күн үшін бір теңге, қарауылбегі күніне екі теңге және жүзбасы төрт теңге қосымша ақы алатын еді.

Сондай-ақ, тұрақты әскерлер қызмет барысында әртүрлі салық пен міндеттемелерден азат етілген. Шайқаста қаза тапқан әскерді және қызмет етіп жатқан әскердің қаза тапқан отбасы мүшелерін жерлеуде белгілі мөлшерде ақша мен кебін берілген.



1. 1837 жылғы әскери реформа қандай маңызға ие болды?
2. Өмірліктің тұрақты әскерінің құрамдық бөліктерін атап өтіңіз.
3. Өмірлік әскерінің қару-жарақтары қандай құралдар болған?
4. Жасақтың материалдық қамтамасыз етілуі жөнінде нелерді біліп алдың?
5. Жасақтағы әскери мансаптар мен атақтар тізімін жаса.



Ўзбекстан Республикасында әскери қызметкерлер үшін қандай жеңілдіктер қолданылғандығы жөнінде мәліметтерді жинап кел.

18-§. Бұхара әмірлігінде әлеуметтік-экономикалық тіршілік

Аймағы мен халқы XIX ғасырда әмірліктің шекарасы Зарафшан алқабы, Қашқадария облысы, Тәжікстанның Панжикент, Хисар аңғары, Хожент, Оратөбе облыстары, Зарафшон өзенінің жоғары ағымы аумақтарын, қазіргі Ауғанстанның бір бөлігі, Түрікменстанның Мұрғаб өзеніне дейінгі бөлігі, Қазақстанның Түркістанға дейінгі барлық аумақтарын өз ішіне қамтиды да 200 мың шаршы км-ді құрайды. Ендеше, әмірлік аумағы аштарханилер дәуіріндегімен салыстырғанда бірнеше есеге кеңейді.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап әмірлік экономикасының дамуы, сондай-ақ, халық санының артуына себеп болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында әмірлік халқы 2 миллион адамнан құралған еді. Халықтың көпшілік бөлігін өзбектер құраған.

Аймағы және халқы Әмірлікте өзбектерден басқа тәжіктер, түрікмендер, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар, парсылар, арабтар, еврейлер және басқа халық өкілдері де жасайтын. Халықтың үлкен бөлігі отырықшы өмір сүрген. Халықтың әлеуметтік құрамын билеуші ақсүйектер, ғұламалар, діни және дүниелік мекемелер қызметкерлері, саудагерлер, колөнершілер мен диқандар құраған. Әмірлік экономикасында ауыл шаруашылығы жетекші сала еді. 90 пайыз халық осы салада еңбек ететін. Суарылатын жерлердің 75 пайызына мақта егілген. Қалған жерлерде бақ, бақша және көкөніс өнімдері, ал тауларда бүкіл Азияда атышулы тау пістесі өсірілген.

Мал шаруашылығы де өте дамыған. Оның негізін қой бағу құраған. Мемлекет жайлауларында 12 миллион бас қой бағылатын еді. Әсіресе, әдемі бұйра, бағалы тері беретін қаракөл қой бағу өте жақсы дамыған еді. „Қаракөл қойлары“ деп аталатын қойдың отаны Қаракөл отаны болған. Сондықтан қойдың бұл нәсілі қаракөл деп аталған. Қозыларының терісі әлем базарларында да көп сатылатын болған.

Орта Азия жағдайында барлық замандарда жасанды суарылмаған ауыл шаруашылығын дамытып болмаған.

Еңбекшілердің аянбай еңбек етуі, сабырлылығы, суару құрылымдарының маңызды жұмыс істеуін қамтамасыз ететін еді. Дикандар судан пайдалануда ғасырлар барысында өте үлкен тәжірибе жинаған еді. Олар осындай суару құрылымдарын құра алған, тіпті оны тән алмауға болмайды. Атап айтқанда, су айырғыш құрудағы шеберлік оның дәлелі.

Өзен мен каналдарға орнатылған шығыр ең көп қолданылатын су айырғыш еді. Осындай шығырлар да жасалған, олар суды тіпті 4 метрге және одан да жоғарыға шығарып бере алады. Суды терең арықтардан шығарып алу үшін тұтқышты су айырғыштар қолданылатын, мұнда ат, түйе, есек және өгіз күшінен пайдаланатын еді.

Диканшылықта еңбек құралдары өте қарапайым болған еді. Қарапайым дикан соқасы негізгі диканшылық құралы еді. Ат, өгіз, түйе, есек диканның сүйеніші боп есептелген.

Жер иеленушілік Өмірлікте алдыңғыдай жер иеленушіліктің мемлекет (бұл жерлер амлок деп те аталған), мүлік (жеке) және *вақф* түрлері сақталып қалды. Мемлекет жерлерінің сусыз қыр, тоғайлы бөлігі көшпенді ұжымдарға бөліп берілді. Олар бұл жерлерден пайдаланғандығы үшін мемлекетке белгілі тәртіпте салық төлеген. Мұндай жерлер сатылмайтын және айырбасталмайтын. Мемлекет жерлерінің басқа бір бөлігі билеуші әулет мүшелеріне ірі мемлекет шенеуніктеріне мемлекет алдындағы қызметтерінің орнына *суюрғал* түрінде сыйланатын еді. Бірақ маңғыттар билігі дәуірінде суюрғал иелері аштарханилер дәуіріндегідей беделден мақұм етілген еді. Суюрғал иесі мемлекет қазынасына хираж төлеуі және жоғары билеушінің шақыруы бойынша, қажет жағдайларда өз қара серігімен әскери жүрістерде қатысуы қажет еді.

Маңғыттар дәуірінде *танхо* сыйлау күшейді. *Танходор* жерге емес, мансабының дәрежесіне қарай осы жерден алынатын салықтың белгілі бөлігіне иелік ететін еді. Ең кіші танхо жері 36–60 танапты (3–5 гектар) құраған еді. Қазынаға ең көп салық та сол жерлерден түсе бастады. Сондай-ақ, маңғыттар дәуірінде дикан ұжымдары жойылды. Оның орнына жалгер дикан жетіле түсті. Жер-мүлік иелігінің бір бөлігі мемлекет қызметімен байланысты болмаған. Мұндай жерлер, негізінен, өмірлікте ғасырлар асып жасап келе жатқан арабтар ұжымына тиісті болған. Бұл жерлерден 1/10 бөлігі мөлшерінде салық алынған. Мүлік

жерлерінің екінші бөлігі (мулки хур) мемлекет қызметімен байланысты еді. Мұндай жерлер соғыстарда ерлік танытқан немесе билеушінің жеке тапсырмаларын орындауда үлгі көрсеткен тұлғаларға берілген.

Мұндай жерге ие болған тұлғаларға арнайы жарлықтар берілген және олар барлық салықтардан азат етілген.

Вақф жерлері – бұл мешіт, мазар, ғибадатхана, мектепхана, медресе және кесене үшін бөлінген жерлер. Бұл жерлер кәмпескеленген, мемлекет және ірі жер иелері сыйға тартқан жерлер есебіне жиналған. Мешіт, медресе, қабірстандардың негізгі қаражаттары, сондай-ақ, оқушы, ұстаз және тәрбиешілерге берілетін жәрдемақы мен жалақылар вақф жерлерінен алынатын табыс есебінен өтелді. Вақф мүлкін мутавалли билеуі белгіленген.

Салық саясаты *Хираж* әмірлік дәуірінде де мемлекеттің негізгі салығы болып қала берді. Оның мөлшері астықтың 2/5 бөлігін құраған. XIX ғасырда хираждың бір бөлігі ақшамен жинала бастады. Бақ, бақша, көкөніс егілген жерлерден *танабана* деп аталған салық алынған. Бұл салықтың мөлшері егістіктің базарға алыс-жақындығына байланысты еді.

Кейін келе бақшаларда жаңа салық – *қос пұлы* салынатын болды. Оның мөлшері жер айдауға жарамды әрбір жұп өгіз есебінен белгіленген. *Зекет* деп аталатын салықтың көлемі салық салынатын мал-мүлік мөлшерінің және құнының 2,5 пайызын құраған. Зекетке, негізінен, шаруа мал иелері мен саудагерлер тартылған. Танабана, зекет, қос пұлы салықтары тек ақша түрінде алынған. Әскери соғыстар кезінде халық үшін төтенше салық – шикізат енгізілген.



1. Әмірлік орналасқан аймақ шекараларын атап өт.
2. Әмірлік халқының ұлттық құрамы кімдерден құралған еді?
3. Әмірлікте ауыл шаруашылығын дамыту үшін қандай шаралар жүзеге асырылды?
4. Суару құрылымдары құралдары және ауыл шаруашылығында қолданылатын еңбек құралдары тізімін жаса.
5. Әмірлікте жер иелігінің суюрғал түрінде қандай өзгеріс болды?
6. Әмірлікте қандай салықтар қолданылған?



Бүгінгі Өзбекстанда енгізілген салық түрлері жөнінде мәлімет жина.

19-§. Өмірліктің қалалары. Ішкі және сыртқы сауда

Өмірліктің экономикалық тіршілігінде ірі қалалардың орны Қалалар әрқашан мемлекеттің экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өте үлкен маңызға ие болған. Өйткені қалалар

мемлекет билігінің сүйеніші, сауда және қолөнершілік орталығы, мәдениет пен ғылым ошағы міндетін өтеген. Олардың бірі „Тәңірдің бейнесі“, „Ислам дінінің күмбезі“ және „Ислам дінінің қуаты“ деп дәріптелген 2500 жылдық тарихқа ие Бұхара қаласы болып табылады. Бұхара қаласы 1533 жылы Бұхара хандығының астанасы етіп белгіленді.

Шайбани Абдуллахан II дәуірінде түпкілікті астанаға айналды. Аштарханилер мен маңғыттар билігі дәуірінде де Бұхара астана болып қалды (1601–1920). Бұхара бүкіл Орта Азияның білім орталығы еді. Бұл жерде Хиуа, Қоқан, Хисар, Самарқант және Ресейдің мұсылмандары жасайтын облыстарынан келген оқушылар да білім алған. Өйткені мәдениет, ғылым-ағарту ошағы Самарқант алдыңғы беделін жоғалтқан еді.

Қала күйдірілген кірпіш және саз балшықты қабырғамен қоршалған. Қалаға 12 қақпа арқылы кірген. 60 мыңға жуық халық жасаған. Сондай-ақ, қалада 100-ден астам медресе, 300-ден астам мешіт, 38 керуенсарай бар еді. Керуенсарайларға әр жылы 12–15 мың түйе мал келіп тұрған. Сауда жұмыстарына, саудагерлер қауіпсіздігіне керуенбасы жауапты болған.

Самарқант „Дүниенің көркі“ деп дәріптелген Самарқант көп жылдар барысында өзінің алдыңғы беделін жоғалтып қойған еді. Бұған аштарханилер дәуірінде өзара соғыстардың күшейгендігі, сыртқы көшпелі тайпалардың қиратушы шабуылдары себеп болды.

Ал маңғыттар қираған жерге айналған Самарқантты қайта қалпына келтіру шарасын көрді. Атап айтқанда, Рақымби қаланы қайта қалпына келтіру жұмысын оған су шығарудан бастады. Бірақ қала халқы санының өте кемейіп кеткендігі күтілген нәтижені бермеді.

Ал Өмір Шахмұрат бұл мәселеде қатал шараларды қолдады. Ол қаланы қайта қалпына келтіру және халық санын көбейту үшін басқа қалалардан мәжбүри түрде халық көшіріп әкелді. Қалада үлкен жасампаздық жұмыстары оның өлімінен соң да жалғастырылған болса да, қала негізінде оның дәуірінде дерлік қайта көркейді.

Деректерде мынадай деп жазылған: „Самарқанттың қазіргі көркеюі 1780 жылы, яғни Шахмұрат дәуірінен басталған болып, 1809 жылдары бір қала түріне кіргізілді“.

XIX ғасырдың басында қала биік қабырғамен қоршалды. Қалаға 6 қақпадан кірілетін еді. Қалада көптеген бақтар, арықтар мен әуіздер, керуенсарайлар мен моншалар жұмыс істеп тұрған. Көшелер қаланың 6 қақпасын Регистан алаңымен байланыстыратын еді. Жүзеге асырылған жасампаздық жұмыстары арқылы тез арада қала халқының саны 25 – 30 мың кісіге жетті.

Қолөнершілік Қолөнершілік әмірлік қалаларының экономикалық өмірінде аса маңызға ие еді. Қолөнершіліктің негізгі түрлерінің бірі тоқымашылық болған. Бұхара алашасы, бөзі, бөзге гүл басу жолы арқылы дайындалатын шыты, шәйісі, Самарқанттың тоқ қызыл реңді бахмалы танымал еді. Иірілген жіптен орамал, сейсеп, сәлде тоқу де кең таралған.

Теміршілік те қолөнершіліктің негізгі салаларынан бірі болып саналады. Теміршілер орақ, пышақ, сондай-ақ, қару-жарақ жасаған. Зергерлік, қышқұмыра жасау, ағаш жасау, тоқымашылық, киім-кешек, аяқ киімін тігу секілді қолөнершілік салалары да өте дамыған еді. Ағаштан есік, бесік, терезе, арба, сандық, қайық және басқалар жасайтын еді. Ағаш оймакерлігі ерекше маңызға ие еді. Көк шыбықтардан себеттер тоқитын. Үй жағдайында киіз, кілем тоқу, өңделген теріден ер-тоқымдар, айылдар, пышақ қындары, әмияндар дайындалды. Базарда әрбір түрдегі қолөнершілік өнімдері жеке-жеке сөрелерде сатылған

Ішкі сауда XVI ғасырдан бастап Ұлы жібек жолы маңызының жоғала бастауы біртіндеп Орта Азия мемлекеттері экономикалық өміріне кері әсер етті.

Ал Бұхараның әлем базарында белсенді қатысушы болуы мүмкіндігін төмендетті. Оның салдарынан мемлекет өмірінде тұтыну қажеттіліктері жоғары бола алмады. Бұл сонымен қатар өз кезеңінде, жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етуші ірі машиналауды істеп шығарудан пайдалану қажеттілігін тудыра алмады. Нәтижеде жай қолөнершілік өндірісі өнер-кәсіп өндірісі дәрежесіне көтерілмеді. Сондықтан да ішкі базарда әдеттегі қолөнершілік пен ауыл шаруашылығы өнімдері саудасы жетекші орын иеледі.

Базарларда кім сатып алушының ақысына қиянат жасаса, қатты жазалаға душар болатын еді. Атап айтқанда, мұндайлар жартылай жа-

лаңаш күйде арбада базар халқына мазақ етіп, бар даусымен: „Мен шайтан жолына кіріп, сатып алушыны алдадым“, – деп жар салуға мәжбүр етілетін еді.

Базарлар тек шаруашылық міндетін өтеумен шекараланып қалмаған. Олар сол кезде өзіне тән қоғамдық және мәдениет орталығы міндетін де атқарған. Атап айтқанда, базарларда билеушінің жарлықтары оқып есіттірілген. Айыптылар жазаланған. Мереке күндері әртүрлі тамашалар көрсетілген.

Сыртқы сауда Ұлы жібек жолы өз маңызын жоғалтқан болса да, мемлекеттің сыртқы сауда байланыстары тоқтап қалмады. Бұхара Үндістан, Ауғанстан, Иран, Қытаймен сауда байланыстарын жүргізді. Бұл мемлекеттерге әмірлікте өндірілген жіп маталар, бахмал, қағаз, ер-тоқымдар, құралдардың кейбір түрлері, жеміс және басқа өнімдер экспорт жасалынатын еді.

Негізгі сауда көлігі түйе еді. Кейбір сауда керуендерінің түйелері бірнеше жүзге жететін еді.

Мемлекеттің Самарқанд және Бұхара секілді қалаларына көп шетелдік саудагерлер келіп түсетін еді. Бұхарада тіпті үнді саудагерлері және өсімқорлары жасайтын ерекше махаллалар бар еді. Олар үнді маталары, бояулары, шипалы және дәмдеуіш шөптер, дәрі-дәрмектер, қант-шекермен сауда жасады.

Бұхара әмірлігінің Ресеймен сауда байланыстары одан әрі арта бастады. Өйткені Ресей өндірісі өнімін ұсына алатын еді. Сондай-ақ, Ресей сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алды.

1804 жылы Орынборда Бұхара әмірлігі саудагерлерінің тұрақтары құрылды. Олар Ресей мен Бұхара әмірлігі арасындағы саудада маңызды орын иеледі. Саудагерлер тұрақтары кеңейе түсті.

Осылайша әмірлік экономикасы Ресеймен сауда жасауға арналған өзіне тән бағытқа ие бола алды. Мұны, атап айтқанда, әмірлікте өсірілген 16 мың тонна мақтаның барлығы Ресейге сатылғандығы, әмірлікке әр жылы тек тоқымашылық өндірісі өнімдерінің өзінен екі миллион рубльдік тауар экспорт жасалғандығы, сондай-ақ, 1844 жылы Орта Азия мемлекеттері – Ресей сыртқы саудасында әмірліктің үлесі 25 пайызды, 1864 жылыға келіп 42 пайызды құрағандығын да дәлелдейді.



1. Бұхара қаласына берілген сипаттамалар жөнінде пікір таластыр!.
2. Бұхараның бүкіл Орта Азияда білім орталығы болғандығына мысалдар келтір.
3. Самарқант қаласына берілген сипаттама мен Бұхараға берілген сипаттаманы салыстыр және қорытындыларды баянда.
4. Самарқант қаласының қайта қалпына келтірілуінде әмір Шахмұраттың орнына берілген баға нені дәлелдейді?
5. Неге әмірлік тұтыну қажеттілігі өндірісте жоғары бола алмады?
6. Бұхара әмірлігінің Ресеймен сауда байланыстарының артып барғандығы жөнінде келтірілген фактілерден қандай қорытынды шығаруға болады?



Ата-анаң арқылы Ресей Федерациясы мен Өзбекстан арасындағы сауда байланыстарына байланысты мәліметтерді жина.

20-§. Бұхара әмірлігінің сыртқы саясаты

Әмірліктің сыртқы саясатының негізгі принциптері

Әмірлік сыртқы саясатының негізгі принциптерін, біріншіден, Орта Азияда бар болған үш өзбек мемлекеттері арасында жетекші беделге ие болу және қолайлы мүмкіндік туылғанда оларды мойынсұндыру; екіншіден, Қорасанда тұрақтап орналасып алу; үшіншіден, Ресей және басқа мемлекеттермен сауда қатынастарын дамыту; төртіншіден, Орта Азия аумағындағы барлық мұсылмандардың әмірі (маңғыттар өздерін осындай деп есептегендер) ретінде мұсылмандардың Астрахань арқылы Меккеге қаж сапарына барып келуін қамтамасыз етіп тұруын қолға алудан құралған болған.

Бұхара – Ресей қатынастары

Маңғыт әмірлері Ресеймен қатынастарға үнемі үлкен мән берді. (Оның себептерін алдыңғы тақырыптарды біліп алғансың). Екі мемлекет арасындағы өзара мүдделі қатынастардың қалыптасуында елшілер алмасуы маңызды рөл ойнады. Әсіресе, XVIII ғасырдың соңғы ширегінде елші Ерناзарбидің Ресейге екі рет сапары бұл ретте теңсіз болды. Ерназарби (Ерназар Мақсұтов) кең көзқарасқа және білімге ие дипломат және саудагер еді. Ол екі мемлекет арасында өзара сенімге негізделген қатынас қалыптасуы үшін шынайы әрекет етті. Екі мемлекет арасындағы қатынастарды нығайту ісіне қосқан үлесі үшін Ерназарбиге тіпті Ресей императоры Екатерина II Бұхарада медресе құру үшін ақша да бөлді.

Осы ақшаға құрылған және Ерназарби атымен аталатын медресе қазіргі күнге дейін бой көтеріп тұр.

Ол елші ретінде сауда байланыстарын дамытудан тыс, Астрахань қаласында Ресейге жөме мешітін құрғызуға және әмірлік бұқараларының Астрахань арқылы қажы сапарына еркін барып келулеріне кепілдік берілуіне қол жеткізді.

Ерназарби елшілігінен Даниялби саяси мақсаттарды да көздеген еді. Өйткені, Бұхара – Османды мемлекеті қатынастары жөнінде орыс үкіметінің қандай пікірде екендігін білу мақсатында, оның тапсырмасы бойынша, елші орыс үкіметіне Бұхараның Османды мемлекетімен достық байланыстарын нығайтуға әрекет етуін де мәлімдеді. Сондай-ақ, Ресей арқылы Стамбул қаласына бару үшін рұқсат сұрады. Әрине, орыс үкіметі Бұхараның негізгі бәсекелестерінің бірі Османды мемлекеті қатарында тұруын қаламайтын еді. Сол үшін де орыс үкіметі Даниялбидің барлық өтініштерін орындады.

Бұхара–Ресей саяси қатынастарында 1797 жылы Әмір Шахмұрат жіберген Полвонкули курчи елшілігі арнайы орын алады. Полвонкули елшілігінің жіберілуіне Иранның Бұхара әмірлігі қауіпсіздігіне қауіп төндіре бастағандығы себеп болды. Бұл дәуірде Кавказда Ресей–Иран қатынастары да шиеленіскен еді. Әмір Шахмұрат бұл жағдайдан пайдалануға шешім қабылдады да Бұхара–Иран арасында соғыс келіп шығатындай болса, бірге әрекет етуді ұсынды. Бірақ Еуропадағы ділгірліктерімен әуре болған Ресей бұл ұсынысты қабылдамады. Әмір Хайдар мен Әмір Насрулла билігі дәуірінде де Ресей–Бұхара қатынастары жалғасты. Екі жақ бір-біріне елшілер жіберіп тұрды. Әмір Хайдар жіберген елшілер Ресей үкіметі алдына Орал өзенінің Азия құрлығы бөлігінен әмірлік саудагерлеріне ақы төлемей ірі қара малды бағу жұмыстары үшін орын бөліп беру, Бұхараға болат сату, сауда керуендерінің талануына жол бермеу секілді мәселелерді қойды.

Көтерілген мәселелерден шаруа малдарын бағуға бөлінетін жерлер үшін ақы төлемеу өтініші қабылданбады. Сауда керуендері қарақшыларына бірге қарсы күреске разылық берілді.

Әмір Насрулла билігі дәуірінде жіберілген елшілер орыс үкіметі алдына, негізінен, Бұхара тауарларынан алынатын кеден төлемдерін кемейту, тау-кен жұмыстарын жүргізу үшін мамандар жіберу және әмірлікке зеңбірек құралын сату секілді мәселелерді қойды.

Бұл дәуірде Ұлыбритания тыңшылары мен тауарларының Орта Азияға кіріп келуінің кеңеюі Ресейді мазасыздандыра бастады. Өйткені, Банорастан (Үндістан) енгізіліп жатқан ағылшын тауарлары бұл жерде өз бағасынан 6–9 рет арзан бағада сатыла бастады.

Әмір Насрулланың тау-кен мамандарын жіберу туралы өтініші қабылданды. Олар Бұхараға қайтып келе жатқан сауда керуеніне қосып жөнетілді. Бірақ керуен жолында шабуылға ұшырады және инженерлер экспедициясы үлкен қиыншылықтармен Орынборға қайтып кетті.

1858 жылы Бұхараға полковник Игнатъев басшылығында Ресей елшілері келді. Бұл Бұхара әмірлігінің тәуелсіз мемлекет мәртебесіндегі соңғы елшілік болды. Келіссөздер барысында Ресеймен сауда жұмыстарында Бұхара саудагерлеріне үлкен жеңілдіктер берілді.

Сонымен қатар, Әмір Насрулла Ұлыбритания елшілерін қабылдамауын, Ауғанстан әмірінен оларды Бұхараға өтулеріне рұқсат бермейтінін сұрауын мәлімдеді. Бірақ Ресей империясының билеуші топтары өздерін Бұхара әмірлігіне қаншалықты дос етіп көрсетсе де, олар Орта Азияны бүтіндей басып алуға жасырын дайындалып жатыр еді. Сондықтан Ресей Игнатъев елшілігінен кейін басқа елші жібермеді.

Ұлыбритания–Ресей бәсекелестігі

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ұлыбритания мен Ресей арасында Орта Азияда бәсекелестік күшейіп кетті. Бұған екі отаршы мемлекеттердің өзбек мемлекеттері есебінен жаңа бағынышты елге ие болуға, олардың базарларын және бай шикізат қорларын қолға енгізуге ұмтылыстары себеп болды.

Үндістанда тұрақтап алған Ұлыбритания Ресейдің өзбек мемлекеттеріндегі әсерін жоққа шығару және оларды өз ықпал шеңберіне алу мақсатында арнайы экспедициялар жібере бастады. Экспедициялардың міндетіне сол кезде, жергілікті беделді күштермен байланыс орнату міндеті де жүктелді.

Ұлыбритания экспедициялары

Ұлыбритания бастапқы 1825 жылы әскери У.Муркфорд басшылығында экспедиция жіберді. Экспедиция нәтижесінде ағылшындар Бұхара әмірлігін жан-жақты үйренуге және жергілікті билеушілер арасында өздеріне жақтаушы топты қалыптастыруға қол жеткізді.

Муркфорд экспедициясынан хабар тапқан Ресей қобалжи бастады. Нәтижеде, Ресей үкіметі Бұхара әмірі Хайдарға ағылшындардың Бұхарадағы іс-әрекеттерінен наразылығын білдірді.

1832 жылы Александр Бернс басшылығында кезектегі ағылшын миссиясы Бұхараға келді. Ол өзін армян саудагері деп танытты да Бұхара әмірлігі құсбегісімен байланыс жасай бастады. Ұлыбритания үкіметі Үндістан мен Орта Азия арасында сауда байланыстарының кеңеюіне өзінің өзбек мемлекеттеріндегі ықпалын қалыптастырудың негізгі жолы деп қарайтын еді. Сондықтан Ұлыбритания үнді саудагерлеріне өзбек мемлекеттерімен сауда байланыстарын ретке келтірілулерінде үлкен көмек көрсетті.

А.Бернс мемлекет аумағында үлкен барлау мәліметтерін де жинай алды. Бұл елшілік миссиясы Орта Азияда Ұлыбритания саудасының дамуына көмек берді.

1839 жылы Ұлыбритания Ауғанстанға қарсы әскери қозғалыстар бастағанында Ресей–Ұлыбритания қатынастары шиеленісе түсті. Егер Ауғанстан басып алынатын болса, кезек Орта Азияға келуі мүмкін еді.

Ресейдің Қырым соғысындағы жеңіліс Орта Азияның Ресей үшін саяси және стратегиялық маңызы орасан үлкен екендігін көрсетті.

Ресейге Ұлыбритания әскери флотының Қара теңізден қауіп төндіру мүмкіндігін жоққа шығара алатын фактор қажет еді. Орта Азияны басып алу міне осындай фактор болатын еді. Өйткені Ресей Ұлыбритания үшін өте маңызды болған Үндістанға тікелей қауіп төндіру мүмкіндігіне ие болатын еді. Ал Ұлыбритания мұны еш қаламайтын еді. Ресейдің Үндістанға қауіп төндіру мүмкіндігі Ұлыбританияны Қара теңіз жағалауларына тұтас Ресей аумақтарына қауіп төндіру мүмкіндігінен мақрұм етті. Екіншіден, Орта Азияны қолға алу дамып бара жатқан Ресей өндірісін арзан шикізатпен толық қамтамасыз ету мүмкіндігін де беретін. Сол екі фактор бұдан кейін Ресейдің Орта Азия мемлекеттері, оның ішінде, Бұхара әмірлігіне жүргізетін басқыншылық саясатын белгілеп берді.



1. Әмірлік сыртқы саясатының негізгі принциптерін атап өт.
2. Неліктен Ұлыбритания Орта Азияға назар аударма бастады?
3. Ресей елшісі полковник Игнатъев 1858 жылы әмірмен қайсы мәселелерде келісімге келді?
4. XIX ғасырдың бірінші жартысында өзбек мемлекеттері мәселесінде Ресей–Ұлыбритания бәсекелестігі күшеюіне нелер себеп болды?

5. Ұлыбританияның Орта Азияға жіберген экспедициялары қандай міндеттерді орындады?
6. Ресейді Орта Азияны әскери күшпен алуын жылдамдатуға шақырған факторлар жөнінде нелерді біліп алдың?

Пікір таластыр!

Бүгінгі күнде мемлекеттераралық қатынастар қандай принциптерге негізделеді?

21-§. Бұхара әмірлігінде мәдени өмір

Тарих ғылымы Аштарханилер билігі дәуіріннен бастап мәдени-рухани өмірі дамуының тосқауылына айналған діни бірбеткейлік маңғыттар билігі дәуірінде де техника мен табиғи ғылымдардың дамуына мүмкіндік бермеді. Өйткені дінге сөзсіз берілушілік үлгілері бұл ғылымдар саласында жүзеге асырылуы мүмкін болған кез келген өнертапқыштықты Құдайдың қалауын жоққа шығару деп бағалады. Соның салдарынан бұл дәуірде негізгі шығармалар тарих, әдебиет, өнер және сәулеткерлік саласында жасалған. XIX ғасырдың бірінші жартысында шығармашылық еткен тарихшы ғалым Мұхаммед ибн Даниялби „Гулшан ул-мулук“ („Патшалар гулшоғы“) атты шығарма жазып қалдырды. Бұл шығарма екі бөлімнен құралған болып, бірінші бөлімі Бұхараның көне тарихы, оның билеушілері шежіресінің баяндалуына арналған. Шығарманың екінші жартысында Орта Азияның XVIII және XIX ғасыр бастарындағы тарихы баяндалған. XIX ғасырда жазылған Мырза Шамс Бухаридің „Баени баъзи хаводисоти Бухара, Қоканд ва Қашғар“ („Бұхара, Қокан және Қашқардың кейбір оқиғалар баяндамасы“) шығармасы, сондай-ақ, Мир Олим Бұхаридің „Фатхномаи Султони“, Мұхаммед Хакимханның „Жылнамалар жинағы“, сондай-ақ, бұл дәуірде жазылған „Тарихи Әмір Хайдар“ секілді шығармалар тарихымыз үшін маңызды деректер болып саналады.

Әдебиет Бұл дәуір әдебиетінде өз дәуірінің атышулы ақыны және жазушылары шығармашылық еткен. Олардың бірі өзіне тән дарын иесі Мұхаммед Нияз Нишати еді. Ақын 1778 жылы өзінің таңғажайып „Хусн-у Дил“ дастанын жазды. Өзбек әдебиетінің үлкен жетістігі болып саналған бұл шығарманы ақын мысал түрде жазған. Дастан кейіпкерлері – Ақыл, Келбет, Жүрек, Ой, Адалдық,

Ықылас, Сезім және басқалардың әрбірі өте әсем адамдық қасиеттерге ие. Бәсекелес, Қастық, Қитық бейнелері кері қасиеттер және әртүрлі жауыздықтардың рәмізі еді.

Дастанда адамдар мен мемлекеттер арасындағы келіспеушіліктер, көреалмаушылық және басқа құлықтық кемшіліктер қараланады. Жақсылық пен жамандық арасындағы көзқарастарда ізгі ұмтылыстар, ақыл мен қайырымды ниеттер жоғары болады. Бұдан тыс, Нишатидің әдеби шығармашылығындағы және өзіне тәндік – әдебиетте пікірталастар жанры өркендеуіне үлкен үлес қосқандығында еді. Бұл ретте оның „Құстар пікірталасы“ кешені үлкен маңызға ие. Шығармада сол дәуірдегі әлеуметтік жүйеге тән жағдай, надандық, мансапқорлық мысал түрінде сыналған. Еңбек халқының сыпайылығы дәріптелген. Шығармада тырна, қарға, бұлбұл, тауыс, тоты, хумо секілді жалпы 14 құс арасындағы болып өткен пікірталас бейнеленген.

Бұл дәуірдің және бір атышулы ақындары Мужрим Обид пен Волалар еді. Мужрим Обидтің шығармаларында қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік және адамдар мінезіндегі салдар сынап тілге алынады.

Воланың (1770–1842) көзі тума соқыр болса да, табиғат оған күшті рух, ақыл, зерде және қабілет пен жағымды дауыс сыйлаған еді. Ақын өз өлеңдерінен 2 жинақ түзді. Бізге дейін 3 мың қатар өлеңдер жетіп келді. Өз өлеңдерінде халық басына түскен қайғы мен қиыншылықтарды шырқайды.

Бейнелеу өнері және музыка

Бұхарада көркем жазу, миниатюра және қолжазбаларды нақышты көркемдеу өнері дамыды. Бұл саланың ірі жетік білгірлері заманасына жараса ескерткіш қалдырды. Атап айтқанда, Әмір Хайдар дәуірінде шығармашылық еткен *Мір Маъсум Оламиен* „Ахлоки Мухсиний“ кітабын және Саъдидің поэзиялық шығармаларын суретпен безендірді.

Мырза Садық Жандари Насруллахан әмірлігі дәуірінде қолжазба кітаптарға үзінділер, Саъди мен Хафиз шығармаларына тұрмыстық көріністер бейнеленген суреттер жасады.

Ірі ғалым, ақын *Ахмад Даниш* (1827–1897) 20 жыл бойы Бұхара сарайының кітапханасында көркем жазушы және суретшілікпен шұғылданды. Ол медицина және сопылық ғылымдары, сәулеткерлік пен музыка өнерін де үйренді. Ахмад Даниш көшірген, безендірген немесе

сурет жасаған қолжазбаларының ішінде „Шохи дарвеш“, „Ажойиб ат-табақот“ және басқа шығармалар бұған дәлел.

Бұхара жоғары ұстаздық музыка өнерінің орталықтарының бірі болған. Атап өтсек, Бұхарада пайда болған „Шашмақом“ оның жарқын дәлелі. Бұхара шашмақомы Бузрук, Рост, Наво, Дугох, Сегох және Ироқ мақомдарынан құралған болып, 250-ден астам әртүрлі күй және өлең үлгілерінен құралған.

Өзбекстан Республикасы Президенті Ш.Мирзиёев былай деген еді: *„Халқымыздың көркем идеологиясының өнімі болған „Шашмақом“, яғни алты мақомды, қажет болса, алты қасиетті өзенге салыстыруға болады. Бұл өзендер ғасырлар барысында әлем мәдениеті теңізіне құйылып, оны жан-жақты толтырып, байытып келуде. Сондықтан бұл ұшан-теңіз сазды байлықты ЮНЕСКО дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізгені терең мағына мен маңызға ие“.*

Мақом өлеңдерінің поэзиялық мәтіні Рудаки; Жами; Науаи; Фузули; Бедил; Бабыр; Надыра және Машраб секілді түркі тілдес және парсы тілдес таңдаулы ақындардың лирикасынан түзілген. Шашмақом ауызекі ұстаз–шәкірт дәстүрі түрінде ұрпақтан ұрпаққа өтіп келуде.



2018 жылдың 6–10 қыркүйек күндері Шахрисабз қаласында Халықаралық мақом өнері фестивалі болып өтті. Онда дүниенің 73 мемлекетінен 300-ге жуық жеке орындаушы және сазды ұжымдар қатысты. Фестивальдің бас жүлдесіне Тәжікстан мақом академиясы ие болды.

Ағарту

Бұхара әмірлігінде ағарту жүйесі аштарханилер дәуіріндегі түрде сақтап қалынды. Яғни оқу ордасы әмірлікте де бастауыш (мектепхана) және жоғары (медресе) мектептен құралған еді. Мектепханалар, негізінен, мешіттердің маңында ашылған. Оларда имамдар ұстаздық еткен. Әмір Хайдар 1803–1804 жылдары реформа өткізді. Ол бойынша әмірлікте барлық азаматтар үшін қажетті жалпы білім беру енгізілді. Реформаны жүзеге асыру үшін әрбір бектікке арнайы өкілдер жөнелтілді. Сондай-ақ жиені – Қаршы бегі Саид Ахмад қожа Файзи әмірлік бойынша жауапты етіп тағайындалды. Әмір Хайдар жиеніне жолдаған хатында, атап айтқанда, былай деп жазған еді: „Сіз ... мұғалімдерге олар қажетті жалпы білім беруді барлық халық мұқият

иеленуін қамтамасыз етсін деп тағайындаңыз... Барлық кісілер жалпы қажетті білімді мұқият иелесін“. Медреседе білім беру үш басқышты болды. Бұл дәуірде Бұхарада 60 медресе, 300 мешіт қызмет көрсетті. Медреселерде 9 мыңнан 10 мыңға дейін оқушы білім алған.

Дәл ғылымдардан тыс тарих, география, тіл және әдебиет, араб тілі, сондай-ақ, дін ілімі берілген. Табиғи ғылымдар, негізінен, орта ғасырлар авторларының шығармаларын қайталаудан ары өте алмады. Тарих сабақтары автор белгісіз болған „Тарихи Искандари“ және XIII ғасырда өмір сүріп өткен Алауддин Отамалик Жувайнидің „Тарихи Жаканкушой“ шығармалары негізінде жүргізілген.

Жувайни (1226–1283) тарихшы ғалым және мемлекет қайраткері болған еді. Ол араб, парсы, моңғол және ұйғыр тілдерін жетік меңгерген. Өз шығармаларын Моңғолия, Орта Азия және Иранның XIII ғасырдағы тарихына арнаған. Шығарма үш бөлімнен құралған болып, бірінші бөлімде Шыңғысханның отаршылдық соғыстары, сондай-ақ, Жошыхан мен Шағатай және олардың ұрпақтарының тарихы жөнінде әңгімелейді.

Ал екінші бөлімі Хорезмшахтар мен Қорасанның моңғол билеушілері дәуірі тарихына арналған.

Үшінші бөлімінде Хулокуханның Иранды басып алуы секілді оқиғалар тарихы сипатталған. Шығарманың 1–2-бөлімдері Орта Азия тарихы үшін ерекше бағаға ие.

Мектепхана мен медреселердегі білім беру қаражаттары уақып есебінен жүзеге асырылған.

Билеушілер білім беру жүйесінің материалдық қамтамасыз етілуін бақылап отырған. Медресе ғылымының жағдайымен де қызыққан. Оның үстіне, Әмір Хайдар өз дәуірінің билеушілерінен бірі еді. Құраны Кәрімді білетін еді. Әмір жанында тез-тез діни және ғылыми пікірталастар өткізіп тұрылған. Бұхара медреселеріне шет мемлекеттерден оқуға келушілер саны артып барған. Олар үшін қолайлы жағдай жасау шаралары көрілген. Әмір Хайдардың өзі де медресе тәрбиеленушілеріне баяндамалар оқып тұрған.



Мақом – музыкада бір бөлімді немесе бір жинақты аспап және өлең жолдары; сазды тәсіл.



1. Тарих ілімі саласында жасалған шығарманың тізімін жаса.
2. Мұхаммеднияз Нишати шығармаларының мазмұны жөнінде нелерді біліп алдың?
3. Ақын Мужрим Обид поэзиясында сыналған кемшіліктер нені дәлелдейді?
4. Көркем жазу мен миниатюра өнері саласындағы шығарма үлгілеріне мысалдар келтір.
5. Музыка өнерінің мақом жанры жөнінде әңгімелеп бер.



Бұхарада XVI–XIX ғасырдың бірінші жартысында билік жасаған әулеттер

№	Әулеттердің аты	Билік жасау жылдары	Әулеттің ең атышулы билеушілері	Жазылған тарихи шығармалар
1.				
2.				
3.				



III ТАРАУ. ХИУА ХАНДЫҒЫ

22-§. Хиуа хандығының құрылуы

Хорезмнің тәуелсіздігі үшін күрес

Хорезм Шайбанихан шабуылы қарсаңында темури Сұлтан Хусеин Байқара билеуші болған Қорасан мемлекеті қарамағында еді. Хусеин Байқаро Хорезмге қоңырат тайпасынан шыққан Чин Сафиді уәзір етіп тағайындаған.

1505 жылы Шайбанихан, ал 1510 жылы Иран билеушісі шах Исмаил Хорезмді басып алды. Бірақ шах Исмаилдың билігі алысқа бармады. Хорезмдіктер сафавилер билігіне қарсы күрес бастады. Бұл күреске жергілікті ақсүйектер басшылық етті. Атап айтқанда, Хорезмді Иран сафавилерінен азат ету және тәуелсіз мемлекет түзу үшін басталған күрестің бастамашысы сол дәуірде Хорезмнің орталығы болған Вазир қаласының қазысы Омар қары болды. Ол хорезмдіктерді сафавилерге қарсы күреске шақырды. Хорезм халқын тәуелсіздік үшін күреске көтеруде Саид Хисомиддин қаттол да үлкен рөл ойнады.

Хорезмнің болашақ билеушісі үстемдігінің заңды мәртебеге ие болуы аса маңызға ие еді. Сондықтан тәуелсіздік үшін күрестің жанашырлары Хорезм тағына Дешті Қыпшақтағы Шайбан ұрпағынан болған Берка Сұлтанның ұлы Елбарысханды ұсынды. Берка Сұлтанның отбасы Шайбанихан отбасымен бір шежіреден болса да, бір-біріне дұшпандық қатынаста еді. 1480 жылы өзара тақ үшін күресте Мұхаммед Шайбаниханның өз бабасы Шайбанихан ұрпағынан болған Берка Сұлтанды өлтіргені оның себептерінің бірі еді. Елбарысхан 1512 жылы Хорезм тағына отырды.

Елбарысхан дәуірінде мемлекет астанасы Вазир қаласынан Үргеніш қаласына көшірілді. Елбарысхан Вазир қаласын Иран әскерлерінен азат еткен соң, бұл жеңістің құрметіне өз ұлдарының атына „қазы“ бүркеншік атын қосып айтуды бұйырды.



Бостандықсүйгіш Хорезм халқының азаттық үшін күресінде қол жеткізген жеңісі нәтижесінде, 1512 жылы Хорезмнің тәуелсіздігі қайта қалпына келтірілді және бұл тәуелсіз мемлекет кейіннен Хиуа хандығы деп атала бастады. Хиуа хандығында шайбанилер билігі 1770 жылға дейін жалғасты. Хиуа шайбанилері Жошыханның бесінші ұлы Шайбан ұрпағынан болған Арабшах ибн Полодтың ұрпақтары болғаны үшін арабшахилер деп аталатын еді.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірі

Мауароуннахрдағы Шайбанилер мемлекеті секілді Хиуа хандығы да бірнеше үлкенді-кішілі мүліктерге бөлінді. Хандықта ірі өзбек тайпаларының бастықтары іс жүзінде тәуелсіз мүлік иелеріне айналды. Олар хандықтың бүкіл әлеуметтік-саяси өміріне шешуші ықпалын тигізді.

Сонымен қатар олар орталық билікке мойынсұнбауға, тәуелсіздікке ұмтылды. Бұл жағдай өзара келіспеушіліктерді тереңдетті. Оның үстіне, XVI ғасырдың 70-жылдарында Хиуа хандығы экономикалық күйзеліске ұшырады. Оның негізгі себептерінің бірі – Әмударияның өз ағысын өзгертіп, Арал теңізі бағытында аға бастағаны еді. Оның салдарынан ескі өзен төңірегіндегі жерлер шөлге айналды. Халық хандықтың басқа аумақтарына көшіп өтуге мәжбүр болды. Бұдан басқа, Хиуа хандығын XVI ғасырда екі рет Бұхара хандығы басып алды, сондай-ақ, өзара тайпалық келіспеушіліктер, ауыр салықтар және әртүрлі төлем мен айыппұлдар мемлекет халқын күйзелтті. Саудаға үлкен зиян келтірді.

XVI ғасырда Хиуа–Бұхара қатынастары

Орталық Азияда бастапқы түзілген екі өзбек мемлекеті – Бұхара мен Хиуа хандығы арасын өзара суық қатынастар биледі. Оның негізгі себебі – хандықтардың басқыншылық соғыстары есебіне өз аумақтарын бір-бірінің есебіне кеңейтуге ұмтылулары болса, екіншісі, Бұхара мен Хиуа хандығында билеуші ұрпақтардың бір-біріне дұшпан болып қалған отбасыларына қарастылығы еді.

Бұхара ханы Убайдуллахан 1537–1538 жылдары Хорезмге шабуыл жасап, Хиуа хандығын мойынсұндырды. Убайдуллахан ұлы Абдулазизді Хорезмге уәзір етіп тағайындады. Бірақ бұл жағдай ұзаққа созылмады. Бостандықсүйгіш Хорезм халқының азаттық үшін күресі нәтижесінде мемлекеттің тәуелсіздігі қайта қалпына келтірілді. Убайдуллахан жіберген

әскер талқандалды. Абдулазизхан Бұхараға көшіп келуге мәжбүр болды. Кейінгі билеушілер дәуірінде де бұл екі хандық арасындағы дұшпандық пен қастандық тоқтамады.

Оның ішінде, Бұхара ханы Абдуллахан II 1595 жылы Хиуа хандығын мойынсұндырды. Тек 1598 жылы Абдуллахан II нің өлімінен соң Бұхара хандығында басталған өзара тақ үшін күрестер нәтижесінде Хиуа хандығы және тәуелсіз мемлекетке айналды.



- 1510 жылы – Исмаил Сафави Хорезмді басып алды.
- 1512 жылы – Орта Азияда екінші өзбек мемлекеті – кейіннен Хиуа хандығы деп аталған мемлекет құрылды.



1. Хиуа хандығының құрылуы жөнінде әңгімелеп бер.
2. XVI ғасырда Хиуа хандығы экономикалық өмірінде болған күйзеліс себептерін атап өт.
3. Хиуа мен Бұхара хандықтары қатынастарында дұшпандық сезім күшті болғандығын мысалдар арқылы негіздеп бер.

23-§. XVII–XVIII ғасырдың бірінші жартысында хандықтағы саяси жағдай

Саяси ыдыраушылық

XVII ғасырдан бастап Хиуа хандары мемлекет өміріне байланысты әрбір мәселені тайпа бастықтарының тәуелсіз шеше алмайтын болып қалды. Дейтұрғанмен, олар хан тағдырын шешетін еді. Ендеше, бұл жағдай Хиуа хандығында мемлекет ыдырап жатқандығын білдіретін еді. Ыдыраушылық Араб Мұхаммедхан дәуірінде (1602–1623) жоғары шегіне жетті. Әмудария ағымының өзгеруі бұл дәуірде де жалғасты. Нәтижеде, Араб Мұхаммедхан хандық астанасын Үргеніштен Хиуаға көшіруге мәжбүр болды. Хорезм мемлекеті енді Хиуа хандығы деп атала бастады. Белгілі экономикалық күйзеліс мемлекеттің саяси жағдайына үлкен кері әсерін тигізді. Бұдан сыртқы күштер пайдаланып қалуға ұмтылды. Атап айтқанда, Араб Мұхаммед дәуірінде Ресей шекарасын қорғап тұрған. Жайық казактарының атаманы Нечай және көп өтпей атаман Шамай Үргенішке шабуыл жасады. Бұл шабуылдар сәтсіздікке ұшыраған болса да, хандық экономикасын дағдарысқа ұшыратты.

Әбілғазы Бахадырхан

Тақ арманында Араб Мұхаммедханның ұлдары Хабаш пен Елбарыс сұлтандар кейбір тайпалардың бастықтарына сүйеніп, әкелеріне қарсы бас көтерді. 1621 жылдағы көтеріліс кезінде әкесі Араб Мұхаммедхан жағында оның басқа екі ұлы – Асфандияр мен Әбілғазы сұлтандар соғыста қатысты. Бұл соғыста Хабаш пен Елбарыс сұлтандар қашып кетті. Лайықсыз перзенттерінің бұйрығымен тұтқынға алынды.

Әбілғазыхан Бұхара ханы Имамқұлыхан сарайында баспана тапты. Ал Асфандияр Иран шахы Аббас I жанына жол алды. 1623 жылы ол арқылы Хиуа тағын иеледі және Хабаш пен Елбарысты өлтірді. Бұл оқиғадан хабардар болған Әбілғазы сұлтан Хиуаға қайтты. Асфандиярхан (1623–1643) оны Үргеніш әкімі етіп тағайындады. Бірақ тез арада аға-іні арасындағы қатынастар бұзылды. Нәтижеде, Әбілғазы сұлтан Түркістан, Ташкент және Бұхарада қашып жүруге мәжбүр болды. Асфандиярхан саясатынан наразы болған түрікмендердің шақыруымен ол және Хиуаға қайтып барды. Ағасы оған Хиуаны тапсыруға мәжбүр болды. Бірақ 1630 жылы оны Иран шахы қабылдауында кепіл ретінде жөнетіп жіберді. Әбілғазы сұлтан Иранда 10 жыл тұтқындықта өмір сүрді. Соңында, тұтқындықтан қашып, Арал өзбектері тұратын жерге жетіп келді. Асфандиярхан қаза тапқан соң, 1644 жылы Хиуа хандығы тағына отырды.

Әбілғазыханның мемлекетшілікті нығайтуға бағытталған реформалары үлкен маңызға ие болды. Ол мемлекеттің басқару құрылымын өзгертті. Кейбір облыстардың әкімдігіне соғыс бастықтары тағайындалды. Бір-бірімен өзара қарама-қайшы болған ұрықтар бастықтары арасындағы тоғысулардың алдын алу үшін ол Әмударияның төменгі ағымында жасайтын халықты төрт бірлестікке бөлді. Олардың әрқайсысына жер бөліп берді. Мемлекет аппаратында маңызды әкімшілік мансаптарын иелейтін тұлғалар олардың арасынан тағайындалатын болды. Әрбір тайпалық топқа инақ тағайындалды. Әбілғазыхан Бахадырханның жарлығына сәйкес, ұрықтардың жоғары тобынан ханға кеңесшілік ететін кісілер тобы бөлініп алынды. Ең абыройлы шенеуніктер деп есептелінетін инақтар да олардың арасынан шыққан еді.

Әбілғазыханның реформалары белгілі уақытқа болса да, мемлекет билігінің орталықтануына және көшпенділер мен жартылай көшпенділердің отырықшылануына қызмет етті.

Хиуа–Бұхара қатынастары

Өкінішке орай, Хиуа –Бұхара қатынастары шұғыл өзгерді. Бұхара хандығы Хиуа хандығын өз құрамына қосып алу үшін бірнеше рет әрекет етіп көрді. Әбілғазыхан Бахадырхан Бұхараның шабуылын қайтарды. Кейіннен қолайлы мүмкіндіктер болғанында өзі де бірнеше рет Бұхара аумақтарына бастырып кірді. Ақыры, 1662 жылы Бұхара хандығымен келісім түзді. Әбілғазыхан 1663 жылы билікті ұлы Анушаханға тапсырды. Оның дәуірінде екі мемлекет қатынастары шиеленісе түсті. Анушахан дәуірінде Хиуа–Бұхара қатынастары қандай өткендігі жөнінде алдыңғы тақырыптарды біліп алған едің. Анушаханды тақтан аударып алған Сұбханқұлыхан есікағабасы Шахниязды Хиуаға уәзір етіп тағайындады. Бірақ тез арада Хиуа хандығында Бұхара, Ресей және Иран мүдделері қақтығысты.

Мүдделі қақтығысуы Шахнияздың Сұбханқұлыханға қиянат жасауынан басталды. Шахнияз өз билігін нығайтуға және Бұхараға бағынушылығынан құтылуға ұмтылып, Ресей бейнесінде күшті демеушіге ие болмақшы болды. 1700 жылы ол Сұбханқұлыханға білдірмей, Петр І қабылдауына елші жіберіп, өзіне бағынышты болған бүкіл халықпен бірге Ресей құрамына қабылдауды сұрады. Петр І 1700 жылдың 30 маусымындағы жарлығымен бұл өтінішке разылық білдірді. Бірақ бұл жарлық іс жүзінде ешқандай пайда келтірмеді. Хиуа хандығының ыдыраушылығы Шерғазыхан дәуірінде (1715–1727), әсіресе, айқын білінді. Өзара ішкі апаттар арқылы жеміріліп жатқан мемлекеттің ішкі жағдайы шет мемлекеттердің араласуынан қиындай түсті. Өйткені, 1714 жылы Петр І ұйымдастырған А.Бекович-Черкасский жетекшілігіндегі экспедиция сол кезде күдіретті Ресей мемлекетінің Хиуаны өз ықпалына мойынсұндыру жолындағы бастапқы әрекеті болды. Бірақ бұл экспедиция қайғылы аяқталды. Одан соң Хиуа біршама уақытқа дейін Ресей тарапынан шабуыл болуы қаупінде өмір сүрді. Бірақ „Солтүстік соғыспен“ әуре болған Ресей әскери әрекет бастай алмады. Сонда да, Бекович –Черкасский әскери „экспедициясының“ апаты Хиуа–Ресей қатынастарын шиеленістіріп жіберді. Мұндай жағдайда Шерғазыхан Бұхарамен қатынастарды жұмсартуға әрекет етті. Бірақ Ресей шабуылы қаупі төніп тұрған бір кезде екі өзбек хандығы өзара ұжым болуға ұмтылудың орнына олардың қатынастарындағы шиеленісу күшейе түсті. Бұған Бұхара ханы Абулфайзханның аралдықтарды Хиуа

ханына қарсы өштестіруі себеп болды. Нәтижеде, Арал бойы халқы Хиуа хандығынан бөлініп шықты. Хиуа хандығында басталған өзара күрес бір ол, бір бұл жақтың жоғарылығымен Шерғазыханның қаза табуына дейін жалғасты. Тайпалар өзара келісе алмаған соң, енді таққа қазақ хандығынан шыңғыстық сұлтандарды отырғызу басталды. 1728 жылы таққа отырғызылған Елбарысхан олардың біріншісі болды (1728–1740). Иран шахы Надыршах хандықтағы саяси тұрақсыздықтан пайдаланып, 1740 жылы Хиуаны басып алды және Хиуаға өз адамын әкім етіп тағайындады. Хиуада Иран басқару жүйесі орнатылды. Бірақ Иранға бағынышты болу дәуірінде де ішкі келіспеушіліктер тоқтамады. Керісінше, тақ үшін тайпалараралық аяусыз күрес басталды. Таққа әдейі шыңғыстықтар ұрпағына лайықты ханды отырғызу жалғасты және олар тез-тез айырбастап тұрылды. Бұл оқиға хандық тарихына „хандар ойыны“ деп кірді.

Ал хандар іс жүзінде инақтар қолында бағынышты болып қалды. Өзара ішкі күрестерде белгілі мерзім түрікмен еумуттарының қолы басым келді. Олар 1764 жылы билікті іс жүзінде өз қолына алды. Бірақ олар мемлекетті басқаруды ептей алмады. Олардың зорлық және талан-тараждықтары хандық халқын, оларды қолдаған күштерді де өзіне қарсы етіп қойды. Хандықтағы бұл ішкі жүгенсіздігі қоңырат билігінің төбесіне келгенге дейін жалғасты.



1. XVII ғасырдан бастап Хиуа хандығында күшейе түскен екі үдерісті атап өт.
2. Әбілғазы Бахадырхан қандай етіп билік төбесіне келді?
3. Хиуа–Бұхара қатынастарындағы шиеленісушілік қандай салдарға алып келді?
4. Хиуа хандығын Иранның басып алуына себеп болған факторларды анықта.
5. Қандай факторлар Хиуа хандығында биліктің қоңыраттар әулеті қолына өтуіне жол ашты?

24-§. Хиуа хандығында қоңыраттар әулеті үстемдігінің орнатылуы. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың бірінші жартысында хандықтың саяси жағдайы

Қоңырат әулетінің билік басына келуі

Хиуа хандығындағы дара басшылықты және өзара үздіксіз ішкі соғыстарға біреуінің шек қоюы тарихи қажеттілікке айналды. Өйткені хандықтың экономикалық жағдайы, ең алдымен, саяси ыдыраушылықтан және өзара ішкі соғыстардан, сондай-ақ, дұшпан мемлекеттер шабуылынан үлкен зиян көрді. Екіншіден, халық өзінің аяусыз талануы, тынымсыз соғыстардан күйзелгенінен төңіректегі жұрттарға қашып кетіп, жан сақтауға мәжбүр болды. Нәтижеде, көптеген жерлер қараусыз күйге түсіп қалды. Бұл факторлар, сонымен қатар, шенеуніктер мен тайпалар арасындағы келіспеушіліктерді тоқтата алатын күшті орталық биліктің орнатылуын талап етіп жатыр еді.

Мұндай билікті орната алатын күш ретінде алаңға өзбектердің қоңырат тайпасы шықты. XVIII ғасырдың 60-жылдарынан бастап Хиуа хандығында билікті қоңырат тайпасы өз қолына ала бастады. Ірі шенеуніктер мен руханилар тобының көмегіне сүйенген қоңырат тайпасының жолбасшысы Мұхаммед Амин 1761 жылы татулық лауазымына көтерілді. Ол түрікмен тайпаларына қарсы күрес жүргізді. Бірақ бастапқы сәтсіздікке ұшырап, Бұхара әмірлігіне – Даниялби аталық құзырына келді. Түрікмен тайпалары Хорезмді жаулап алды және көптеген, Хазорасп, Ханка, Үргеніш, Кат, Шахабад қалаларын қиратты. Ашаршылық пен оба таралып, халық Арал жағалаулары мен Бұхараға кетуге мәжбүр болды.

Бұхара әмірлігі көмегіне сүйенген Мұхаммед Амин инақ 1770 жылы Бұхарадан қайтып келді де түрікмен тайпасын Хиуадан қуып шықты және жергілікті бектерді де бойсұндырып алды. Осылайша Хиуа хандығында билік оның қолына өтті.

Мұхаммед Амин мемлекетте біршама саяси тыныштық жағдай орнатты. Бұлардың барлығы мемлекет экономикасының көтерілуін қамтамасыз етті. Жан сақтау үшін жат жұрттарға қашып кеткен азаматтар тағы қайтып келе бастады.



Осылайша, 1770 жылы хандықта қоңыраттар әулетінің үстемдігі орнатылды. Бірақ бұл әулет шыңғыс әулетіне тиісті болмағандығынан таққа алдыңғы әулет өкілдерін сақтап келді. Олар негізінде жалған хандар болып, іс жүзінде ешқандай билікке ие болмаған.

Әуез Мұхаммед инақ дәуірінде Хиуа хандығы экономикалық жағынан едәуір нығайтылды. Мұхаммед Амин (1770–1790) де, оның ұлы Әуез (1790–1804) де мемлекет билігін инақ атағында басқарды. Тек Әуездің ұлы Елтүзер 1804 жылы өзін хан деп жариялады. Бұл дата хандық тарихына қоңыраттар әулеті үстемдігі ресми орнатылған дата ретінде кірді. Әулет 1920 жылға дейін Хиуа хандығын басқарды.

Елтүзерхан хандықта орталықтандырылған мемлекет саясатын жүргізу үшін әрекет етті. Бірақ ол 1806 жылы Хиуа–Бұхара соғысында қаза тапты.

Мұхаммед Рақымхан I дәуірінде Хиуа хандығы

Елтүзерхан қаза тапқан соң, таққа оның інісі Мұхаммед Рақымхан I отырды. Мұхаммед Рақымхан I Хиуа хандығын саяси тұрғыдан біріктіруге кірісті. Бұл өте маңызды, сондай-ақ, шешуші мәселесі еді. Өйткені Ресей күшке салған Орынбор тармағының пайда болуы Хиуа хандығына тікелей қауіп төндіріп тұрды. Екіншіден, Бұхара әмірлігінің шабуылдарына қарсы тұра алу да қажет еді. Хандықты саяси тұрғыдан бірлестірмей жатып және орталық билікті нығайтпай тұрып шет ел мемлекеттері қауіпінің күшін кемейту қиын еді. Бірлестіру үдерісі түрікмен тайпаларын бойсұндырудан басталды. Түрікмендердің түрлі тайпалары қанша қатты қарсылық көрсеткенмен, бірінен кейін бірі бойсұндырылды. Мойынсұнуды қаламаған жаумыт тайпасы Қорасанға көшіп кетті. Бірақ Иран үкіметінің қысымы астында және жайлау алаңы жоқтығы нәтижесінде тағы Хиуа хандығы аумағына қайтып келді. Енді олар Хиуа ханы бөліп берген аумаққа жайғасуға мәжбүр болды. Сол дәуірден бастап, жаумыт тайпасының тағдыры Хиуа хандығымен үзілді-кесілді байланды және хандық азаматтары құрамына алынды. Оларға да салық төлеу белгіленді. Сондай-ақ, хан жасағына белгіленген мөлшерде нөкер жіберу міндеттемесі де жүктелді.

Олар хан жасағында шын беріле қызмет етті. Мұхаммед Рақымхан I өзбектер мен түрікмендерден түзілген „хан нөкерлері“ деп аталған тұрақты әскерге сүйеніп ірі шенеуніктер мен Арал жағалауы өзбектерінің қарсылығын қайтарды. Ал 1811 жылы қарақалпақтар да бойсұнуға мәжбүр етілді. Осылайша Мұхаммед Рақымхан I дәуірінде хандық саяси тұрғыдан бірлестірілді. Сонымен бірге, оның аймақтары кеңейтіріле түсті.

Мұхаммед Рақымхан реформалары

Мемлекетте шамалы тұрақтылық қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, мемлекет басқаруы, салық жүйесінде реформалар өткізілді. Кеден қызметі мен ақша соғу ұстаханасы ұйымдастырылды. 1809 жылы алтын теңгелер соғу қолға алынды. Мемлекет басқаруы саласында өткізілген реформаға қарай, хан құзырында жоғары басқару органы – Жоғары Кеңес құрылды.

Өкілеттігі шектелген болса да, Кеңес мемлекеттің хан жарлықтарын бекіту, атқарушы және сот билігі міндетін орындады. Жоғары Кеңеске ханның өзі басшылық етті. Жоғары Кеңес жұмысында ханның жақын туыстары, мехтар, құсбегі, девонбегі, нақиб, шайхулислам, бас қазы, инак, аталық және билер қатысқан. Жоғары Кеңес мәжілісі әр аптада бір рет өткізілген және онда мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына тиісті ең маңызды мәселелер талқыланды. Сондай-ақ, хандық тіршілігіне тиісті күнделік мәселелерді шешу үшін Кіші Кеңес те құрылды. Бұл кеңес ішінде ханнан тыс мехтар, құсбегі, девонбегі, нақиб және шайхулислам қатысқан.

Салық жүйесінде өткізілген реформаға қарай, салықтардың үздіксіз өндірілуі қамтамасыз етілді. Бұған жерден алынатын салықты жергілікті әкімдер жинауына шек қою, салықтарды хан тағайындаған мемлекет шенеуніктері жинау тәртібінің орнатылуы арқылы қол жеткізілді. Сонымен бірге, жер салығының біраз бөлігі ақша түрінде жиналатын және олардың барлығы жалпымемлекет қазынасына тапсырылатын болды. Сондай-ақ, кеденхана қызметінің құрылғаны және алтын теңгелер соғылып айналымға шығарылатыны мемлекет қазынасына түсімнің көбеюіне қызмет етті. Мұхаммед Рақымхан I мемлекетте ішкілік пен бәлгілікке тыйым салды.



1809 жылда соқтырылған алтын теңге (Хиуа)

Хиуа хандығы Аллақұлыхан дәуірінде

Мұхаммед Рақымхан I 1825 жылы қаза тапқан соң, таққа үлкен ұлы Аллақұлыхан отырды (1825–1842). Ол мемлекет эконо-

микасын көтеру мақсатында жаңа каналдар қаздырып, суарылатын жер алаңдарын кеңейтті. Бұдан тыс, мемлекетті көркейту жолында үлкен жасмпаздық жұмыстарын іске асырды. Атап айтқанда, Арабхан мен Мұхаммед Амин инақ медреселері қайта құрылды. Сондай-ақ, өзінің атымен аталатын медресе, керуенсарай, тим, 111 құжра мен бөлмелі Тасаула (Аллақұлыхан) сарайы және басқа көптеген сәулеткерлік ғимараттар құрылды. Оның дәуірінде жылтыр кірпішпен қаптау өнері жоғары шыңға шықты. Бұл өнер, әсіресе, Пахлаван Махмұт кесенесі мен Көне сарайды жылтыр кірпішпен әшекейлеуде өзінің жарқын көрінісін тапты. Сондай-ақ, Хиуа қаласы төңірегі қорғаныс қабырғасымен қоршалды. Қаланың ішкі бөлігінен сыртында жасайтын халықтың қауіпсіздігін қамсыздандыру мақсатында 6250 метрлі сыртқы бекініс құрылды.

Аллақұлыхан орталық биліктен тәуелсіз болуға әрекет еткен түрікмен мен қарақалпақтардың көтерілістерін аяусыздықпен бастырды. Ол 1842 жылы қаза тапты және тірі кезінде даярлап қойған Пахлаван Махмұт кесенесіне жерленді.



1. Қоңыраттар әулеті билік басына келуі қарсаңында Хиуа хандығындағы саяси жағдай жөнінде нелерді біліп алдың?
2. Қоңыраттар әулеті қалайша билікті иеледі?
3. Мұхаммед Рақымхан I дің мемлекетте біршама саяси тұрақтылықты қамтамасыз ете алғандығының себептерін атап бер.
4. Мұхаммед Рақымхан I өткізген экономикалық реформалар қандай нәтиже берді?
5. Мұхаммед Рақымхан I мемлекет басқаруы саласында қандай реформа өткізді?
6. Аллақұлыхан іске асырған жасампаздық жұмыстары жөнінде нелерді біліп алдың?

25-§. Хиуа хандығында мемлекетті басқару

Хандық аумағы мен халқы

Хиуа хандығы құрылған дәуірде оның аумағы үлкен болмаған. Хандық батыста Каспий теңізі, солтүстікте Арал теңізі қоймасы, ал оңтүстікте Атрек өзені (қазіргі Иран мен Түрікменстандағы өзен, ұзындығы 669 км, Каспий теңізіне құйылады) және Сарахс (Түрікменстандағы қала) айналасына дейінгі аумақтарды қамтиды.

XIX ғасырдың бүкіл бірінші жартысы барысында хандық аумағы әскери әрекеттер нәтижесінде кеңейе түсті және сол ғасырдың 40-жылдарында оның аумағы 19 мың км²-ты құрады. Хандық қазақ жүздері, Иран және Бұхара әмірлігімен шекаралас болды. Сондай-ақ, XVIII ғасырдан бастап Ресей шекарасының оңтүстікке ығысып баруы нәтижесінде екі мемлекет шекаралары жақындасты. Хандық халқының жалпы саны 800 мың кісіге жақын еді. Оның 65 пайызын өзбектер, 26 пайызын түрікмендер, ал қалған бөлігін қарақалпақтар, қазақтар, жартылай арабтар құрайтын. Бұл цифрлар тиянақты болмаған. Өйткені хандық аумағының кеңейе түсуімен халық саны да артып отырады. Астана Хиуа қаласында 20 мыңнан астам халық жасаған.

Хандықтың бүкіл аумағы ру-тайпа принципі негізінде бөлінген. Атап айтқанда, Әбілғазы Бахадырхан көшіп келген 32 өзбек тайпаларын 4 топқа бөлді. Бұлар: ұйғыр–найман, қоңырат–қият, нукуз–маңғыт, қаңлы–қыпшақ.

Бөлу кезінде тайпалардың әдет-ғұрыптары, тұрмыс салты және туысқандық байланыстары және жайғасқан жері есепке алынды. Әрбір тайпаны инақ басқарған. Әрбір тайпалық топтан 4 адам ең жоғары мемлекет лауазымдарына тағайындалған. Хан инақтар арқылы тайпалар тіршілігіне тиісті мәселелерді шешкен. Инақтар ханның ең жақын кеңесшісі ретінде сарайда жасаған.

Хандық аумағы 23 әкімшілік бірлікке бөлінген. Содан 20-сы бектік (облыс), 2-еуі аймақтық еді. Ал жиырма үшіншісі астана Хиуа қаласы мен оның айналасындағы аймақтар еді. Ал облыстар қала мен мешіт қауымдарына бөлінген. Басқарудың ең төменгі әкімшілік бірлігі мешіт қауымдары (ауыл) деп аталған. Облыстарды бектер, аймақтықтарды аймақ бастықтары, ал қалаларды әкімдер мен мешіт қауымдарын ақсақалдар басқарған. Ақсақалдарды мешіт қауымдары сайлаған және хан бекіткен. Қалған әкімшілік бірліктердің бастықтары – бектер, аймақ бастықтары және әкімдерді хан тағайындаған. Хиуа мен оның айналасындағы аумақтарды ханның өзі басқарған.

Мемлекет құрылымы және басқару жүйесі

Хиуа хандығы да Бұхара әмірлігі сияқты шектелмеген монархия еді. Жоғары билеуші – хан мемлекет бастығы болып саналған. Хиуа хандығы шектелмеген монархия болса да, Бұхара әмірлігінен айырмашылығы хандықта, алдыңғы тақырыптарда атап өткізгеніміздей,

Жоғары және Кіші Кеңестер қызмет көрсеткен. Жоғары Кеңес, сондай-ақ, тақ мұрагері мәселесін де шешкен.

Тақ әкеден үлкен ұлға мирас болып өткен. Қоңыраттар дәуірінде де болашақ ханды ақ киізге отырғызып, оның төрт ұшынан хандықтың ең жоғары мәртебелі мырзалары таққа дейін көтеріп алып бару дәстүрі сақталып қалған. Бас уәзір мансабына тағайындалған шенеунік *мехтар* деп аталған. Бұл лауазымға отырықшы халық өкілдері арасынан тағайындалған. Сондай-ақ, ол уәзірі азам, дастури мукаррам, низам ал-мүлік сапаларымен жоғары саналған.

Ал кезектегі мәртебелі мансап иесі *құсбегі* хандықта жиналатын салықтардың мемлекет қазынасына түсуін қамтамасыз еткен және қаражат жұмыстары үшін, сондай-ақ, әскердің жағдайы үшін жауапты болған. Барлық әскери әрекеттерде қатысқан. Ол әмір, „сохиби девони аъло“ сапаларымен жоғары саналған. Құсбегі көшпелі тайпалар өкілдері арасынан тағайындалған. Орталық биліктің күшеюі нәтижесінде алдыңғы кездері хандықта өте үлкен мәртебелі инақтардың беделі XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап төмендей түсті. Мұхаммед Рақымхан I сарайдағы шенеуніктер санын 360-тан 100-ге түсірді. Би, аталық және инақ мансаптарын жоққа шығарды. Хандықта 3 девон (уәзірлік) қызмет көрсетті. Бұлар шаруашылық, әлеуметтік-саяси және әскери жұмыстармен шұғылданатын девондар еді. Олардың қызметіне девонбегі жетекшілік ететін. Ал хандық құрамындағы қазақ пен қарақалпақтарды өздерінің билері, ал түрікмендерді олардың өкілдері басқарады. Олардың лауазымы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып өтсе де, кандидаттығын хан бекітуі шарт еді. Жоғары Кеңес мүшесі жасауылбасы хандық қауіпсіздік қызметін басқарған. Ханның күзеті мен құпия мемлекеттік құжаттарының сақталуы үшін жауапты болған. Соғыс әрекеттері кезінде әскерге қолбасшылық еткен және түрікмен тайпаларынан құралған әскери бөлімін де басқарған. Хандықта мироб, парванашы, қутвол, шығауыл (шет ел мемлекеттері елшілерін қабылдайтын және олардың қамсыздандырылуы үшін жауапты шенеунік), махрам (ханның құпия кеңесшісі, арнайы тапсырмаларын орындаушы, қажеттілік туғанда елші етіп жөнелілетін мансап иесі тұлға) сияқты лауазымдар да бар еді.

Сот жұмыстары

Хандықта сот жұмыстары ислам діні құқықтанушылары қолында еді. Әрбір бектікте 1-еуден

4-ке дейін қазы болған. Қазылыққа ислам құқықының ең білімді өкілдері арасынан емтихан өткізу жолымен саралап алынған. Жеңгендер хан жарлығымен сыйланған. Жеңгеннің қазы етіп тағайындалғаны туралы оларға хан жарлығы (ёрлиғи хумоюн-у али) берілген.

Муфти қазы үкімінің шарифатқа қанша сай келуі жөнінде қаулы шығарған. Сот қаулысы муфти оған өзінің мөріні қойған соң ғана ресми мәртебеге ие болған. Хиуа қаласында 7 муфти қызмет атқарған. Оларға ислам құқықының ең абыройлы қайраткерлері – ағлам жетекшілік еткен. Ол муфтилер берген қорытындыны тексеріп оны не бекіткен, не қайтарған. Сот ісі бойынша шағымдарды Хиуа қаласындағы 2 Жоғары қазылар тексеріп шыққан. Олардың бірі қазы калон, ал екіншісі қазы орда еді. Сондай-ақ, қазы хосс мансабы да болған, ол хан жанұясы мүшелері арасындағы мәселелерді қарастырған.

Ал қазы әскер жасақта болған ислам заңдарының бұзылуымен байланысты жұмыстар үстінен үкім шығарған. Накибтер – пайғамбар ұрпақтары ұжымының өкілдері болып, қоғамның діни өмірі саласы үшін жауапты еді. Олар ханның ең сенімді адамдарынан болып саналған және әскери әрекеттер кезінде әрдайым оған серік болған. Сондай-ақ, олар білім беру саласы жұмыстары үшін де жауапты еді. Ал төраға (қазы төраға) қоғамда шарифат заң-ережелерін қанша сақталып жатқан жағдайын, сондай-ақ, әке-шешелердің балаларын мектепке жіберіп жатқандығын қадағалап отырған.

Әскери қызмет Хиуа хандығында Мұхаммед Рақымхан I дәуірінде тұрақты әскер түзілді. Бұл әскер хан нөкерлері деп аталды. Оның жалпы саны 2 мың әскерден құралған еді. Әскердің бас қолбасшысы жасауылбасы деп аталған.

Бейбітшілік кезінде хан нөкерлері хан және оның жанұясын да күзеткен. Жасақ және әскери мансап иелері Хиуа қаласына жақын жерден белгілі мөлшерде жер алаңы және жалақымен қамтамасыз етілген. Хандықта, сондай-ақ, тұрақты әскер – халық сарбаздары да бар еді. XIX ғасыр орта кезінде олардың саны 9–10 мың адамды құраған. Бірақ Бұхара әскерінен айырмашылығы Хиуа хандығы тұрақты әскері арнайы әскери киім-кешекке ие болмаған. Әскерилер, негізінен, әр түрлі шапан киген. Хандықта мемлекет шекарасын күзету үшін де әскер бөлінген. Шекара әскеріне қарауылбегі қолбасшылық еткен.



1. Хиуа хандығының аймағы мен халқының құрамы жөнінде нелерді біліп алдың?
2. Әбілғазы Бахадырхан неге Дешті Қыпшақтан көшіп келген тайпаларды топтарға бөліп орналастырды?
3. „Инактар басқаруы“ дегенде не түсініледі және ол қашаннан басталды?
4. Хандықтағы ең жоғары мансап – мөхтар мен құсбегі лауазымдарын бір-біріне салыстыр.
5. Хиуа хандығында соттауды іске асыру қандай тәртіпте жүргізілген?



Жасауыл мен махрам лауазымдарын бір-бірімен салыстыр. Ұқсас және өзгеше жақтарын дәптеріңе жаз.

26-§. Хиуа хандығында әлеуметтік-экономикалық тіршілік. Қалалар өмірі

Жер иелену қатынастары

Жер хандықтың негізгі байлығы еді. Барлық жер мемлекет меншігі саналған. Иелену түріне қарай Хиуа хандығының жерлері де мемлекет (патша), мүлік (жекеменшік жерлер) және уақып жерлеріне бөлінген. Мемлекет жерлерінің бір бөлігі хан және оның туыс-жақындарына және жоғары мәртебелі руханиларға тиісті болған.

Ханға тиісті жерлер мүлки холис, мүлки хосса, амлоки хосса, мүлки махсуса аттарымен аталған.

Ханға тиісті жерлерден мемлекет қазынасына салық төленбеген. Ірі мәртебелі шенеуніктерге мемлекет алдындағы қызметтері үшін тархан жерлері берілген. Тарханды мұра қалдыру, басқаға өткізуге тыйым салынған. Одан тек уақытша пайдалағу мүмкін еді. Мемлекет жерлерінің бір бөлігі жекеменшік мүлік ретінде сатылған. Осылайша, жер иеленудің мүлік (жекеменшік жерлер) түрі жүзеге келген. Жердің жекеменшік мүлік етіп сатылғаны жөнінде мемлекет атынан бітім жасалған. Одан соң жердің сатып алынғандығы жөнінде меншік иесіне құжат (васиқа) берілген. Мемлекет жерлерінің тағы бір бөлігі ұсақ диқан шаруашылықтары қолында болған. Мемлекет қазынасына табыс, негізінен, сол жерлерден түскен. Атап айтқанда, 10 танаптан артық жер берілген шаруашылықтар 3 алтыннан, 5 танаптан 10 танапқа дейін жер берілгендер 2 алтыннан, 5 танапқа дейін жер берілгендер жылына 1

алтыннан салық төлеген. Мемлекет жерін жалға алушылар беватан, жекеменшік жерлерді жалға алушылар коранда, ал уақып жерлерін жалға алушылар уақыпшы деп аталған. Жалға алынған 15 танап жерге өңдеу беруші жерсіз диқандар 34, ал 10 танап жерге 23 және 5 танап жерге 12 күміс теңге мөлшерінде салық төлеген.

Хандықта уақып жерлері кең таралған еді. Оның көлемі суарылатын және халық жасайтын жерлердің 40 пайызға жуығын құрайтын. Уақып жерлері де жоғарыда айтылғандай, жалға берілген.

Хиуа хандығында шартты (уақытша) жер иеленудің басқа екі өзбек мемлекеттерінде болмаған *атты* деп аталған түрі де бар еді. Хиуа хандары әскери жорық кездерінде, негізінен, түрікмен тайпаларының аттыларына сүйенген. Әскери әрекеттің қандай нәтижемен аяқталуы көп тұрғыдан оларға байланысты еді. Сол үшін де әрбір аттының есебіне пайдалану үшін 30–50 танап жер меншігі берілген. „Атты“ алған жер иесі хан талап еткен кезде бір атты әскерді қаруландырып хан құзырына жіберген. Жерлер әр үш жылда бір рет қайта хаттаудан өткізілген.

Өте қолайсыз табиғи жағдайда егін далаларға су шығару және диқаншылық жасау хандықта недәуір қиын еңбекті талап ететін. Бейнеткор халық бұл қиындықтарды табандылықпен жеңіп өткен.

Еңбекшіл халық ауыл шаруашылығы өнімдерін өте ауыр, табиғи жағдайда жетістіргені үшін әділеттілік бойынша жалгерлердің үлесі жетістірілген өнімнің 75%-ын құраған.

Салық және міндеттемелер

Барлық мемлекеттердегідей, Хиуа хандығында да халық төлейтін салықтар және олар атқаратын міндеттемелер белгілеп қойылған.

Хандықтағы негізгі салық жер салығы болып, ол салғұт деп аталған. Қолөнершілер, сыртқы саудамен шұғылданатын саудагерлер, шаруагерлер зекет төлеген. Оның мөлшері меншік мәнінің 2,5%-ын құраған. Кейбір жағдайларда барлық салық жылдың басында-ақ немесе бірнеше жылдық салық алдын өндірілуі мүмкін еді. Салыққа тартудың бұл түрі барат деп аталған. Бұдан тыс, халық *буер* деп аталатын ресми 12 күндік мемлекет міндеттемесіне тартылған. *Буер* кезінде ауылдың әрбір отбасынан бір кісіден адам алынған. Олар әр жылы канал қазуда, суару құрылымдарын құруда немесе жөндеуде, жолдарды жөндеуде және түрлі ғимараттар құрылысында еңбек еткен.

Астана қалалар

Хорезм мемлекеті (кейіннен Хиуа хандығы) тарихында Көне Үргеніш, Вазир, Жаңа Үргеніш және Хиуа астана мәртебесіне ие болған қалалар болып табылады. Көне Үргеніш (шын аты Гурганж, біздің заманымызға дейінгі I ғасырдағы деректерде ұшырайды) X ғасырдың екінші жартысында Хорезмде орталығы Гурганж қаласы болған әмірлік ұйымдастырылды. Әмір Маъмун ибн Мұхаммед 995 жылы Кат қаласындағы Хорезмшахтар билігін аударды да өзін Хорезм билеушісі – Хорезмшах деп жариялады.

Сөйтіп, Гурганж Хорезм мемлекетінің астанасына айналды. Қала тез қарқынмен дамыды. Ілім-ғылым жоғарыға көтерілді. Хорезмшах маъмунилер құрған ілім-ғылым орталығында (Маъмун академиясында) заманасының Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн Сина сияқты ондаған ғұламалар сол ілім ошағында қызмет атқарды. Көне Үргеніш Ұлы Хорезмшахтар мемлекетінің де астанасы болған. Бірақ қаланы Шыңғысхан басшылығындағы моңғол әскері қиратқан.

22-тақырыпта атап өтілгендей, Әмудария өз ағымын өзгертіп Каспий теңізіне емес, Арал теңізіне құйыла бастағандығынан Гурганж қаласы сусыз қалды. Нәтижеде, адамдар жан-жаққа көшіп кете бастады. Хиуа ханы Әбілғазыхан 1646 жылы басқа қала – Жаңа Үргеніш қаласын құрғызды. Әуре-сарсан болып жүрген халықты сол қалаға көшірді. Алдыңғы Гурганж (Үргеніш) қаласы енді Көне Үргеніш деп аталатын болды. Әбілғазы Бахадырханның ұлы Анушахан үстемдігі дәуірінде Жаңа Үргеніш маңында Шахабад аты берілген үлкен канал қазылды. Канал қаланы көркейтуде үлкен маңызға ие болды.

Хиуа қаласы

Хиуа Хорезмнің ең әйгілі және ең көне қаласы болып табылады. Ол б.з.д. V ғасырда құрылған. Оның бүкіл тарихы Хорезм тарихымен тығыз байланысты болып келді. Хиуаның танымалдығы құрылған дәуірлерден-ақ ол арқылы Шығыс пен Батысты жалғайтын сауда жолы өткендігімен түсіндіріледі. Хиуа XVII ғасырдың бірінші ширегінен 1920 жылға дейінгі хандықтың астанасы болып келді. 1997 жылы (халықаралық ЮНЕСКО ұйымының қаулысымен) Хиуа қаласының 2500 жылдығы үлкен салтанатпен және мақтанышпен атап өтілді. Қала дүниеде „Мың күмбез қаласы“ атымен де әйгілі болып табылады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Хиуа қаласында екі хан сарайы, он жеті мешіт және жиырма екі медресе болған. XIX ғасырда Хиуа

қаласы бір-бірінен қабырғамен бөлініп тұратын екі бөлімге – Ичан бекінісі (Ішкі қала) және Дишан бекінісіне (Сыртқы қалаға) бөлінді.

Ичан бекінісі Ичан бекінісі бабаларымыздан қалған Орта Азиядағы ірі және құнды сәулеткерлік ескерткіш болып табылады. Ичан бекінісі Хиуа қаласының ішкі бекінісі (Шахристан) бөлігі. Ичан бекінісі Дишан бекінісінен қабырғамен бөлініп тұрады. Оған Бақша, Палван, Тас және Ата деп аталған төрт қақпа арқылы кірілген. Хорезм өлкесі сәулеткерлігінің ғажайып зияратханалары – медресе, мешіт, хан сарайы, әкімшілік ғимараттар, басты алаң және мұнаралар Ичан бекінісінде жайғасқан. Мұхаммед Рақымхан, Аллақұлыхан және Мұхаммед Аминхан үстемдіктері дәуірінде Ичан бекінісінде кең көлемді жасампаздық жұмыстары жүзеге асырылды. Сәулетті сарай, медресе мен кесенелер орнатылды. Көне арктегі сарай құрылысы аяқталды. Мұхаммед Аминхан Ичан бекінісінің батыс бөлігіндегі Көне арк қасына Келте Мұнара атымен әйгілі болған мұнараны құрғызды. Ичан бекінісін құрғанда Хиуа сәулеткерлері Орта Азияда ежелден жалғасып келе



Хиуа. Ичан бекінісі

жатқан дәстүр – құрылымдарды бетпе-бет құру әдісінен пайдаланған. Бұл әдіс „қос“ деп аталады. Бұдан тыс, ғимараттарды арнайы ансамбль күйінде құру дәстүрлерін сақтаған. Мысалы, Палван қақпасы алдындағы бірнеше мешіт, медресе, монша, күмбез, керуен сарай және хан сарайы дәл сондай өзіне тән ансамбльді құрайды. Құнды сәулеткерлік зияратхана болған Ичан бекінісі 1961 жылы сәулеткерлік ескерткіш ретінде арнайы қорғауға алынды және мұражай-қорықханаға айналдырылды. Оның алаңы 26 га-ны құрайды. Онда 54 тарихи-сәулеткерлік зияратхана жайғасқан. 1969 жылдан мұражай-қорықхана „Ичан бекінісі мұражай-қорықханасы“ деп аталды. 1990 жылы Ичан бекінісі Бүкілдүниежүзілік ескерткіштері тізіміне енгізілді.

Дишан бекінісі Дишан бекінісі – Сыртқы бекініс Хиуа қаласының рабод бөлігі болып есептеледі. Онда сауда және қолөнершілік дүкендері, махаллалар жайғасқан. 1842 жылы Хиуа ханы Аллақұлыхан Хиуа қаласын сыртқы дұшпандар шабуылынан сақтау мақсатында қаланы ұзындығы 6250 метр, биіктігі 7–8 метр, ал қалыңдығы 5–6 метр болған дуалмен қоршатқан. Ичан бекінісі 4 қақпалы болса, Дишан бекінісі 10 қақпалы болған.

Ішкі және сыртқы сауда Хандықтың ішкі және сыртқы саудасы дами түсті. Ішкі саудада Хиуаның төбесі жабық базары ерекше орын алады. Хандықтан, негізінен, қаракөл тері, кілем, қолөнершілік өнімдері Иран, Үндістан, Қытай және Османды сияқты мемлекеттерге экспорт жасалынған. Хиуа хандығының Бұхара, Иран және Ауғанстанмен сауда жасаушы саудагерлері „Бұхарашы“ деп аталған. Хиуалықтар Иранға жібек, қаракөл тері, жылбысын тері, күнжіт, бидай және түрікмен аттарын алып барған. Хиуа саудагерлері Ираннан бұрыш, занзабіл сияқты үнді тауарларымен бірге жібек мата, ақық, сәлде үшін кирманшах салдарын алып келген. Ресеймен болған сауда Хиуа хандығының экономикалық тіршілігінде үлкен маңызы бар. Хиуа Ресейге мақта, жүн, жібек шығаратын. Ал Ресейден жіп, мата, мәуіт, қант-шекер, металл бұйымдар, темір, мыс, шойын әкелетін. Сауда бір қалыпты болмаса да, өсіп бара жатыр еді. 1844 жылы Хиуа Ресейге 137 мың рубльді, 1867 жылы 1,5 миллион рубльді тауар экспорт жасады. Ресейден тиісті түрде 270 және 486 мың рубльді тауар алып келінді. Бұл Хиуаның тауар шығаруы 23 жыл ішінде 10 есе, ал

тауар келтіруі 1,5 есе көбейгенін білдіреді. Ресей, сондай-ақ, Хиуаны дүние жүзі базарымен жалғай алатын тірегіне де айналды. Сол үшін де саудагерлер бұл байланысты нығайта түсуге ұмтылды



1. Хиуа хандығында жер иелену түрінде Бұхара әмірлігінде ұшырамайтын жағын тап.
2. Жерден пайланғаны үшін төленетін салықтар мөлшері неге байланысты еді?
3. Мемлекет қандай салықтар енгізген еді?
4. Көне Үргеніш пен Вазир қаласы жөнінде нелерді біліп алдың?
5. Хиуа несімен әлемді таң қалдырып келеді?
6. Хиуа–Ресей сауда байланыстарының дамығандығын дәлелдейтін мысалдар келтір.

27-§. Хиуа хандығының сыртқы саясаты

Хандықтың Азия мемлекеттерімен байланыстары

ХІХ ғасыр бірінші жартысында Хиуа хандығының Бұхара, Қоқан, Ауғанстан, Иран, Үндістан және Османды сияқты мемлекеттермен сауда-экономикалық және елшілік байланыстары дамыды. Бұған, бір жағынан, Хиуа хандығы аумағының Орта Азия саудагерлері мен Қаж сапарына барушылардың Каспий теңізі арқылы қасиетті Мекке және басқа қалаларға өту мекеніне айналғандығы, ал екіншіден шет мемлекеттермен сауданы дамыту мемлекет қазынасына табыс келтіріп жатқандығы себеп болды.

Алдыңғы тақырыптардан Саған белгілі, Хиуа–Бұхара қатынастары әрдайым бір қалыпты болмады. Бұл жағдай кейін де жалғасты. Атап айтқанда, олардың мүддесі Марв облысында да қақтығысты. Өйткені Марв Орта Азия мемлекеттерін Иранмен байланыстыратын маңызды сауда жолы үстінде жайғасқан еді. Сол үшін де ХІХ ғасырдың бірінші жартысында бұл екі мемлекет арасында бірнеше рет өзара соғыстар болды. Атап өтсек, Мұхаммед Рақымхан І 1822 жылы Марвты Бұхарадан қайтарып алды. Одан соң да Марв үшін күрес тоқтамады. Екі мемлекет арасында бірнеше рет болып өткен соғыстардан соң, ақыры, 1845 жылы Хиуа хандығы Марвты үзілді-кесілді өзіне қосып алды. Бірақ

қатынастар қанша кескін болғанмен, өзара сауда байланыстары тоқтап қалмады.

1812 жылы Хиуаға Иран мен қазақтардың Орта жүз хандығынан елшілер келді. Олармен мемлекет шекараларының қауіпсіздігі және сауда мәселелерінде келісім жасалды. XIX ғасырдың басында Хиуа мен Ауғанстан арасында елшілік қатынастар орнатылды. Мұхаммед Рақымхан I тіпті Ауғанстанда билік үшін күресіп жатқан шах Махмұттың екінші рет билік басына келуіне де жәрдем берді. Оның есесіне Ауғанстан Хиуа хандығы саудагерлеріне Қабул базарында еркін сауда жасау құқықын берді.

Хиуа хандығы Қоқан хандығымен де өзара қатынастарды нығайтуға әрекет етті. Өйткені, 1843–1844 жылдарда Хиуаға Қоқан хандығы елшілері келді. Келіссөздер барысында екі мемлекет арасында да ынтымақтастық пен өзара сауда байланыстарын байланыстыра түсуге келісті. Белгілі, екі мемлекетке де шет елдерден саудагерлердің үнемі келуі оларға жасалған қолайлы жағдайға да байланысты. Соның үшін де Хиуа хандары шет елдік саудагерлерге сондай жағдай жасау мәселесіне үлкен мән берген. Оның ішінде, Аллақұлыхан ғажайып сәулеткерлік зияратхана, хандық ұсталарының жоғары шеберлігінің айналарынан бірі болған Керуенсарай кешенін салғызды. Бұл кешен 14 күмбезді тим (жабық базар), керуенсарай мен қоймадан құралған етіп құрылған. Базарда Үндістан, Қытай, Иран, Ресей, Бұхара және Қоқан сияқты мемлекеттерден алып келінген тауарлар сатылатын. Керуенсарай екі қабатты болып, 105 бөлмелі еді. Хиуа хандығының анары, қауыны, жүзімі, нәгі, әнжірі және өрігінің тәттілігі шет елдерде де әйгілі болған.

Хиуа–Ресей қатынастарының өзіне тән жақтары

Хиуа–Ресей қатынастарының маңызды жақтары сонда, өзара саудадан екі мемлекет те бірдей мүдделі еді. Хиуа саудагерлері үшін Ресейге баратын сауда жолдары қауіпсіз еді. Сондай-ақ, Хиуа хандығында Ресей өнеркәсібінің даяр тұтыну өнімдеріне талап күшті еді. Сондай-ақ, Ресей Хиуа хандығына өз өнімдерін сататын базар деп қарайтын еді. Ресей өнімдері Еуропаның озық мемлекеттері тауарларымен бәсекелесе алмай жатқан бір дәуірде бұл өте маңызды еді. Екіншіден, Хиуа хандығы Ресей өнеркәсібі үшін қажет шикізат өнімдерін арзан бағаларда жеткізіп беруші өлке болып есептелінетін

еді. Хиуадан Ресейге мақта, жібек, бөз, кілем, қолөнершілік өнімдері, кептірілген жеміс және басқа өнімдермен барған. Хиуа саудагерлері Нижний Новгород қаласында өткізілетін жәрмеңкелерде қатысқан. Ал Ресейден Хиуаға металл, тоқымашылық өнімдері, түрлі реңді бояулар, аң терілері, қару-жарақ алып келінетін.

Бірақ екі мемлекеттің де арасында жақсы көршілік қатынастардың орнауына екі жақтың да Кіші жүз қазақтарын және қарақалпақтарды өз азаматтары деп есептеулері, сондай-ақ, екі жақтың да өзара саудадан алынатын кеден көлемі мәселесінде ұзақ уақыт бір тоқтамға келе алмағандықтары кедергі болып тұрған еді.

Хиуа – Ресей қатынастарының шиеленісуі

Мақсаты Орта Азияны басып алу болған Ресей өзбек мемлекеттеріне, атап айтқанда, Хиуа хандығына түрлі сылтауларды тықпалап, қысым өткізуді күшейте түсті.

Ресей 1822 жылы Орта жүз және 1824 жылы Кіші жүз хандықтарын мойынсұндырды. Енді Ресей шекарасы тікелей Хиуа хандығы шекарасына жақындап қалды. Мұндай жағдайда Хиуа хандығы қазақ шөлдерінің екі мемлекет арасында бірін-бірі ажыратып тұрушы аумақ болып қалуы үшін әрекет етті. Бірақ Ресей мұны қаламады. Нәтижеде, екі мемлекет арасындағы қатынас шиеленісе түсті.

Бұл арада Ұлы Британия барлауы өзбек мемлекеттеріне сұғылып кіре бастады. Ұлы Британия тауарларының хандықтар базарын толтыру қаупі пайда болды. Сондай жағдайда Ресей үкіметі Хиуа хандығына қатысты өз талаптары көлемін кеңейте түсті. Өйткені, ол Хиуадан Өмударияда Ресей сауда кемелерінің жүзуіне рұқсат берілуін талап етті. Бара-бара Ресей Хиуамен қатынасты әскери күш арқылы тәртіпке келтіру жолын таңдады. Сол мақсатта 1839 жылы В. Перовский әскери экспедициясы ұйымдастырылды. Бірақ Үстірттің қатты суығы, азық-түлік пен жем-шөптің жетіспеушілігі салдарынан экспедиция шығынға ұшырады. Нәтижеде, В.Перовский артқа қайтуға мәжбүр болды. Бірақ экспедицияға ізсіз кетпеді. В. Перовский экспедициясы Хиуа ханын Ресеймен келісу жолын іздеуге мәжбүр етті.

„Міндеттемелер акті“

Ресей үкіметі енді Хиуа хандығына өз үкімін мәжбүр түрде өткізуге кірісті. Бұл мақсатқа жету үшін Г. Данилевский басшылығындағы елшілік миссиясын жіберді.

Келіссөздер соңында Ресей қысымының астында 1842 жылы 27 желтоқсанда Хиуа – Ресей арасында „Міндеттемелер акті“ деп аталатын келісім жасалды. Келісім-шартта Хиуа ханының Ресеймен бейбітшілік, мызғымас достық қатынасында болуы жарияланды. Хиуа ханына, бұдан тыс, Ресейге қатысты дұшпандық әрекеттерін жасама, сауда керуендерінің талануына жол бермеу, Ресей азаматтарының жеке басы мен меншігінің қауіпсіздігін қамсыздандыру сияқты міндеттемелер жүктелді.

Бұлар негізінде Ресейдің өз қалау-тілектерін мәжбүрлеп орындатудан басқа нәрсе емес еді. Сондай-ақ, екі мемлекет арасындағы сауда байланыстарына да үлкен мән берілді. Сол мәселеде де Ресей өз тілегін мәжбүрлеп қабылдатты. Соның қатарында, кеден төлемдері Ресей тауарлары мәнінің 5 пайыз мөлшерінен артпауы белгілеп қойылды. Бірақ Ресей келісім-шарттың сол тарауын да іс жүзінде орындамады. Нәтижеде, өзара қатынастар шиеленісе түсті.

1847 жылы Ресей хандықтарға баратын жолда әскери бекіністер құрды. Бұл бекіністер Ресей саясатында Орта Азияны әскери жолмен басып алуға қарай бұрылыс болғанының дәлелі еді. Бұл жағдай өзбек мемлекеттерін әбігерге салып қойды. Өзбек мемлекеттерінің Ресейге қарсы тұруда Ұлы Британияға сүйену мүмкіндік ықтималы да өзін ақтамады. Бұған Ресей–Ұлы Британия қатынастарында өзгеріс болғандығы себеп болды. Ауғанстанға қарсы соғыста жеңіліске ұшыраған Ұлы Британия Ресеймен келісуге шешім қабылдады. Бұл келісу бойынша Ресей Орта Азиямен шектелетін болды. Сондай-ақ, Үндістанға шығу ниетінен бас тартты. Ал Ұлы Британия Ресейдің өзбек мемлекеттеріне қатысты жүргізетін саясатына қарсылық жасамайтын болды. Ал Ауғанстан Ұлы Британия мен Ресейдің Азиядағы отарлары арасында оларды бөліп тұратын аймақ ретінде тән алынды.

Өзбек мемлекеттері енді жекеленіп қалды. Оларды тек өзара одақтастығы ғана сақтап қалуы мүмкін еді. Өкінішке орай, өзара қайшылықтың күштілігі және Ресейдің әскери құдіреті алдындағы әлсіздігінен пайда болған қорқудың себебінен олар біріге алмады.



- 1842 жылы – Ресей – Хиуа арасында „Міндеттемелер акті“ жасалды.



1. Хиуа хандығының Азия мемлекеттерімен қатынасына тиісті факттер тізімін жаса.
2. Хиуа хандығы шет елдік саудагерлер үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында қандай шараларды іске асырды?
3. Хиуа–Ресей қатынастарында шиеленіс басталғанына қандай факторлар себеп болды?
4. „ Міндеттемелер акті“ келісім-шартының мазмұны жөнінде айтып бер.
5. Неліктен өзбек мемлекеттерінің Ресейге қарсы тұруда Ұлы Британияға сүйену мүмкіндік ықтималы жүзеге аспай қалды?
6. Неге өзбек мемлекеттерінің өздері Ресей қаупіне қарсы өзара одақ түзе алмады?

28-§. Хиуа хандығында мәдени өмір

Мәдени өмір көрінісі

Хиуа хандығында басқа екі өзбек мемлекеті – Бұхара әмірлігі мен Қоқан хандығына қарағанда экономика мен мәдениетті дамытуға ұмтылу күштірек еді. Бұның себебі Хиуа хандарының мақсатымен түсіндіріледі. Ал хандардың мақсаты Хорезмнің алдыңғы беделін қалпына келтіру және Орта Азияның орталығы болу еді. Көне Хорезм – бұл өзбек мемлекетшілігінің іргетасы қойылған өлке. Бұл өлкеде маъмуни Хорезмшахтар дәуірінде бірінші білім-ғылым орталығы – Хорезм Маъмун академиясы ұйымдастырылған. Сондай-ақ, Хорезм дүниенің ең ірі және құдіретті салтанаттарынан бірі – Ануштегін Хорезмшахтар салтанаты жүзеге келген жұрт.

Ия, Хиуа хандығында ілім-ғылым дәрежесі маъмуни Хорезмшахтар дәуірі ілім-ғылымы дәрежесімен теңдесе алмайды. Бірақ мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктері жеткілікті болмаса да, хандықта қала құрылысына, каналдар қазылуына, ең бай кітапхана жаратылуына өте үлкен қаражат жұмсалғандығы сол мақсатпен түсіндіріледі. Мақсат қандай болуына қарамай ол игілікке қызмет етті. Бабаларымыздан біз ұрпақтарға дүниені таң қалдыратын сәулеткерлік үлгілері мұра болып қалды.

Әдебиет

Бұл дәуір хандық әдебиетінде Әмір Әуезби ұлы Шермұхаммед (бүркеншік аты Мунис Хорезми) және оның жиені Ерниязбек ұлы Мұхаммед Ризалар (бүркеншік аты Огахилер) ерекше орынға ие. Мунис Хорезми жас шағынан әдебиет пен тарих ғылымына қызықты. 1800 жылы әкесі қаза тапқан соң, сарай хатшысы етіп тағайындалады. 1804 жылы бірінші өлеңдерін қамтыған жинақ – „Девони Мунис“ті жаратты. Мунистің „Ғашықтар досы“ жинағы 20 мыңнан астам қатардан құралған. Оны көшіріп жазушылар көшіріп жазып, ғажайып кітап қалпына келтірген.

Бұл дәуір әдебиетінің тағы бір әйгілі қайраткері Огахи 1809 жылы Қият қыстағындағы мұрап жанұясында туылды. Хиуа медреселерінде білім алды. Араб және парсы тілдерін тиянақты меңгерді. Әсіресе, Әлішер Науаи шығармашылығын ұқыптылықпен үйренді. 1829 жылы немере ағасы Мунис қаза болған соң, Аллақұлыхан оны немере ағасының орнына мұрап мансабына тағайындады. Оның акын ретінде шығарған шығармалар жинағы „Ғашықтар тұмары“ деп аталды және ол 19 мың қатардан құралған. Оның ғазелдері „Шашмақомның“ барлық күйлеріне сәйкес түседі. Огахи өз дәуірінің шебер аудармашысы болған. Ол Саъди Шеразының „Гүлстан“, Абдурахман Жамидің „Жүсіп пен Зылиқа“ және Низами Ганжавидің „Хамса“сының кейбір дастандарын өзбек тіліне аударды.

Тарих

Хорезм тарихтану мектебінің негізін салған тұлға Әбілғазыхан болып табылады. Ол әрі билеуші, әрі тарихшы ғалым ретінде тарихта даңқы шықты. Өзінің „Шажараи турк және моңғол“ шығармасымен тарихта есімі қалды. Шығарманың „Тақи Шайбанхан авлодидин Хорезм Мемлекетінде патшалық зикри“ деп аталған I тарауы Хорезмнің 1512–1663 жылдардағы тарихына арналған. Әбілғазыхан шығармасының құндылығы сонда, ол өзбек тілінде жазылған.

„Дастур ул-амал“ шығармасы да Әбілғазыханның тапсыруымен жазылды. Өкінішке орай, бұл шығарма авторының аты анықталған емес. Бұл шығармада Сақыпқыран Әмір Темірден тартып, Захириддин Мұхаммед Бабырға дейінгі Темурилер шежіресіне қысқаша шолу жасалынған. Әрбір билеушіге қолжазбаның бір бөлімі арналған. Хорезм тарихы бойынша ең құнды шығармалардан бірі „Фирдавс ул-икбол“ („Жәннат бағы“) шығармасы Мунис қаламына тиісті болып,

онда Хорезмнің көне дәуірінен 1825 жылға дейінгі тарихы баяндалған. Бірақ Мунис шығарманы жазып аяқтай алмады. Шығарманың қалған бөлімін жиені Огахи жазған. Сондай-ақ, Огахидің өзі де „Мемлекеттің жәннат бағы“, „Тарихтар таңдауы“, „Сұлтан оқиғаларының кешені“ және „Мемлекеттер гүлзары“ сияқты тарих ғылымына тиісті шығармалар жазды. Огахи „Мемлекеттің жәннат бағы“ („Риёз уд-давля“) шығармасында 1825 жылдан 1842 жылға дейін, „Тарихтар таңдауында“ („Зубдат ут-таворих“) 1843–1846 жылдарға дейінгі, ал „Сұлтан оқиғаларының кешені“ („Жоми ул-вокеати султани-у“) шығармасында 1846–1855 жылға дейінгі Хорезмнің тарихын баяндады.

Қолжазба кітап өнері

XVI ғасырда Хиуа хандары кітапханаларында көшіріп жазушылық, көркем жазушылық мектебі қалыптасты. Әйгілі көшіріп жазушы Хамадони 1556 жылы Ешмұхаммедханға „Шахнамені“ миниатюралар үшін ашық жай қалдырып көшіріп берді. XVII–XVIII ғасырларда Хиуада *Мұхаммед Юсуф Рози*, *Бабажан Санои*, *Мұхаммед Ризо Охунд* сияқты шебер жазушылар шығармашылық етті. Олар поэзиялық шығармалар, аударма және тарихи кітаптарды үлкен шебердікпен көшірді. Айта кету керек, бір кітапты көркем жазумен жазу бір адамның еңбегі емес еді. Соның үшін әрбір кітапты көркемдеуде бірнеше сала шеберлері, атап айтқанда, қағаз қырқушы, хатшы-жазушы, музаххиб (алтын суы жүргізуші), лаввох (тақырып жазушы), миниатюрашы суретші және саххов (мұқабалаушы) лар қатысқан.

Хандықта білім беру жүйесі

Хиуа хандығында да білім беру екі басқышты еді. Төменгі басқыш – бастауыш мектеп болып, онда оқушылар оқу-жазуды үйренген. XIX ғасырда хандықта 1,5 мыңға жуық бастауыш мектеп қызмет атқарған. Ал медреселер саны 103-ті құраған. Содан 22-сі Хиуа қаласында жайғасқан. Мунис білім беру саласының дамуына өзінің 1804 жылы жазған „Саводи таълим“ шығармасымен үлес қосты. Бұл поэзиялық қолданба сауат ашуды жеңілдетуге, сондай-ақ, көркем жазуды дамытуға арналған еді.

Медресе білім берудің жоғары басқышы, онда діни ғылым мен бірге араб тілі грамматикасы, логика, сөйлеу мәдениеті, математика, география, тарих пәндері оқытылған. Медресені бітіргендер қазы,

оның көмекшісі, мешіт имамы лауазымдарында істеген. Кейбіреулері мударристік жасаған. Білім берудің барлық қаражаттары, мударрис пен шәкірттердің қамсыздандырылуы уақып мүлкі табыстары есебінен іске асырылған.



1. Хиуа хандығында Бұхара әмірлігі мен Қокан хандығына қарағанда мәдени салада жасампаздық жұмыстары кең көлемде жүргізілгенінің себебі неде?
2. Хиуа хандығында шығармашылық еткен әдебиет қайраткерлері және олар шығарған шығармалар жөнінде нелерді біліп алдың?
3. Тарих ғылым саласында шығарылған шығармалар тізімін жаса.
4. „Фирдавс ул-икбол“ және „Риёз уд-давла“ шығармалары жөнінде нелерді біліп алдың?
5. Хиуа қолжазба кітап өнері жөнінде айтып бер.

29-§. Хиуа хандығы тарихы бойынша деректер

Мұрағат құжаттары Міне, Сен Хиуа хандығының XVI–XIX ғасырдың бірінші жартысы тарихымен танысып болдың. Ал, Сен біліп алған тарихи мәліметтер қайдан алынған? Олар, бірінші кезекте, тарихи құжаттарды үйрену нәтижесінде жиналған. Хиуа хандығын Ресей империясы басып алған соң, 1873 жылы хан девонында сақталып жатқан құжаттар да Петербург қаласына алып кетілді. Алып кетілген құжаттар тек 1962 жылда ғана Ташкенттегі Өзбекстан Мемлекет мұрағатына алып келінді. Хиуа хандығы құжаттарының белгілі бөлігі Әбу Райхан Беруни атындағы Шығыстану институты қазынасында да бар.

Мұрағат құжаттары Хиуа хандығының мемлекет құрылысы, салық және міндеттер, ақша айналымы, мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлінуі, халықтың шаруашылық жұмыстары, сауда жұмыстары секілді мәселелер жөнінде бағалы мәліметтер береді.

Жергілікті тарихшылардың Хиуа хандығы тарихы туралы шығармалары

XVII ғасырда өмір сүрген Хасанбек Румлудың „Ең әсем тарих“ шығармасы XVI ғасырдың бірінші жартысындағы Хиуа тарихына арналған.

Хиуа ханы, тарихшы ғалым Әбілғазы Бахадырханның (1603–1664) „Шажараи турк“ шығармасы, әсіресе, үлкен маңызға ие. Шығармада үлкен тарихи дәлелдер жиналған. Шығарма түркі тайпалар шежіресі жөнінде бағалы мәліметтер береді. Ол оқырманды Хиуа және хиуалықтар, сондай-ақ, Әбілғазының да өзара соғыстар салдарынан ыдырап кеткен мемлекетті біріктіру жолында жүргізген табанды күресімен таныстырады. Шығарманың 1512–1663 жылдардағы Хиуа әлеуметтік-саяси тарихына, Хиуа–Бұхара қатынастарына арналған IX тарауы тарих ғылымы үшін үлкен маңызға ие.

Жергілікті авторлар арасында Мунис пен Оғахилердің тарихи шығармалары да тарих үшін маңызды дереккөз болып есептеледі. Мунистің „Фирдавс ул-иқбол“ деп аталатын тарихи шығармасының маңызы, ондағы Хорезмнің 300 жылдық тарихы (1572–1825) біртұтас, тарихи кезектілікте баян етілгендігінде болады.

Мунис қаза тапқан соң, хандық тарихын жазу ісін Оғахи жалғастырды. Оның тарих пәні бойынша жазып қалдырған шығармалары жөнінде алдыңғы тақырыпта мәліметке ие болдың.

Құдайберді Әуез Мұхаммедтің 1831–1832 жылдары жазылған „Дили ғароиб“ шығармасы Хиуа хандығы, оның қалалары жөнінде маңызды мәліметтер береді.

Хиуа тарихы бойынша ресейлік авторлардың шығармалары

Ресей елшісі У.Д.Хохлов 1620–1622 жылдары Бұхара мен Хиуа хандықтарында болды. Оған екі хандық билеушілерін Ресеймен достасуға, сауда мен елшілік байланыстарына көндіру, оларды Ресейдің құдіретті мемлекет екендігіне сендіру, табиғи байлықтары мен әскери құдіретін анықтау секілді міндеттер жүктелген еді.

Оның елшілігінің нәтижелері Ресей патшасына жіберілген мәліметтерде жазып қалдырылған. Мәліметтер оның өзіне жүктелген міндеттің үлкен бөлігі орындалғандығын дәлелдейді. Өйткені, ол Хиуа мен Бұхара қатынастарының суық екендігін, Хиуа мен Иран қатынастары да жақсы емес екендігін, кеденхана сауданы дамытуға бөгет болып жатқандығы, өйткені, кеден бір мемлекеттен екіншісіне өткенде ғана емес, сондай-ақ бір мемлекеттің өзінде бір облыстан екіншісіне өткенде де алынуын атап өткен.

1725 жылы Хиуаға Ресей елшісі болып келген Флорио Беневени естеліктерінде ғылыми жағынан маңызды мәліметтер жазып қалдырған. Ресей императоры Петр I оған маңызды міндеттерді жүктеген. Өйткені, ол Бұхара ханына Хиуаға қарсы одақ түзуді ұсынуы қажет еді. Беневени өз естелігінде, атап айтқанда, төмендегілерді атап өткен: „Егер Хиуа ханы Шерғазыхан болмаса, бұл жерде бейбітшілік орнайды және барлық жолдар ашық болады. Ресей Шерғазыханға қарсы күштерді қолдап-қуаттауы пайдалы болады“.

Ресей елшісі ретінде Хиуа хандығына 1819 жылы келген Н.И.Муравьев те жазып қалдырған естеліктер ең бағалы дереккөздер қатарында тұрады. „Естелітер“ Хиуа жөнінде, ежелгі зияратханалар, мемлекет басқару құрылымы, колөнершілік пен сауда жөнінде толық мәліметтерден құралған. Сондықтан да бұл кітап француз және неміс тілдеріне аударылған еді. Автор шығармасында өзбек халқына тән өзгешеліктер жөнінде тоқталып, өзбектерді „ақыл-парасатты, сөзі жағымды және өткір, тайсалмас, қажымас, салт-дәстүрі қарапайым, жалған және алдауды жек көруші, әскери қызметте шаршамай-шалдықпайтын ержүрек және батыл кісі“, деп сипаттаған. Н.И. Муравьев өз пікірін жалғастырып, және төмендегілерді атап өткен: „Хиуа халқы өзінің табанды еңбегімен шөлді өнімді өлкеге айналдырған. Жан-жағы – бидайзар, салыпая, жүзімдіктер және дәмді бақ“.

1842 жылы Хиуа және Ресей арасында „Міндеттемелер акті“, келісім-шартының қол қойылуына қол жеткізген елші Г. Даниэльский өзімен бірге Хиуаға келген табиғаттанушы ғалым Р. Базинер бірлескен авторлығында „Хиуа және хандықтың басқа қалалары мен қыстақтарының сауда және өнеркәсібі“ атты шығарма жазып қалдырды.

1858 жылы Хиуа және Бұхараға жіберілген дипломатиялық миссиясы жетекшісі Н. Игнатьев жазып қалдырған естеліктер де Хиуа тарихы бойынша маңызды дереккөз болып есептелінеді.

Танымал шығыстанушы ғалым Н. Василевскийдің „Өзбектер Хорезмде“, „Инақтар әкімшілігі“ және „Қоңырат әулеті“ шығармалары Хиуа хандығының XVI ғасыр және одан кейінгі ғасырлар тарихына арналған. Бұдан тыс, Хиуа мен Ресейдің XVIII–XIX ғасырлардағы өзара байланыстары және бір шығыстанушы ғалым С.Жуковскийдің „Ресейдің келесі 300 жылда Бұхара және Хиуамен байланысы“ шығармасында өз көрінісін тапқан.

Еуропа саяхатшылары және ғалымдары жазып қалдырған дереккөздер

Еуропа мемлекеттері саяхатшылары мен ғалымдары жазып қалдырған шығармалардың ішінде ағылшын сауда және дипломатия өкілі

А.Дженкинсонның естеліктері Хиуа хандығының XVI ғасырының тарихы жөнінде маңызды мәлімет береді. Бұл естелік „Дженкинсонның Ресейдегі Мәскеу қаласынан Бактриядағы Бұхара қаласына саяхаты“ деп аталған. Еуропа саяхатшыларының ішінде танымал венгер шығыстанушы ғалым Х.Вамбери жазып қалдырған „Орта Азия бойлап саяхат“ деп аталатын шығарма Хиуа тарихы бойынша да ең бағалы дереккөздерден боп есептелінеді. Бұл естелік өзбек тілінде де басып шығарылған.

Өзбекстан ғалымдарының Хиуа хандығы тарихына байланысты шығармалары

Өзбекстан ғалымдары да Хиуа хандығы тарихын зерттеу ісіне үлкен үлес қосты. Олардың ішінде академик И.Моминов жетекшілігінде жазыл-

ған „Хорезмнің көне дәуірден қазіргі күнге дейінгі болған тарихы“ (1976 жылы) ерекше бағаға ие. Сондай-ақ, академик Ю.Ғуламовтың „Хорезмнің суарылу тарихы“ (Көне замандардан қазірге дейін), академик М.Юлдашевтің „Хиуа хандығында феодалдық жер иелену және мемлекет құрылымы“ және Д.Алимованың редакторлығында басып шығарылған „Өзбекстан тарихы“ (XVI–XIX ғасырдың бірінші жартысы. Орыс тілінде) кітабы, сондай-ақ, Өзбекстан ұлттық энциклопедиясының 9 және 12-томдарындағы Хиуа хандығы тарихына байланысты мақалалар да аса маңызға ие.

Хорезмнің ең көне дәуірінен қазіргі күнге дейін, оның ішінде, XVI–XIX ғасырлардың бірінші жартысы тарихы жөнінде Хиуа қаласының 2500 жылдық мерейтойына байланысты басып шығарылған „Хиуа – мың күмбез қаласы“ кітабы да тарихи дәлелдерге өте бай шығарма болып табылады (1997 жыл).



- 1962 жылы – Хиуа хандары мұрағаты Ташкент қаласына алып келінді және ол қазіргі Өзбекстан Мемлекет мұрағатында сақталынып жатыр.



1. Неліктен мемлекеттер тарихына тиісті өткен дәуір деректерін білу қажет?
2. Хиуа хандығының мұрағат құжаттары бұл хандық тарихын зерттеуде қандай маңызға ие?

3. Ортаазиялық ғалымдардан кімдер Хиуа хандығының XVI–XIX ғасырлар тарихына байланысты шығармалар жазып қалдырған?
4. Ресей дипломаттары, ғалымдарының Хиуа тарихына байланысты шығармалары және олардың маңызы жөнінде нелерді біліп алдың?
5. Еуропа саяхатшылары Хиуа хандығы тарихы бойынша қандай шығармалар жазып қалдырған?

30-§. XVI–XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қарақалпақтар

Қарақалпақ халқының қалыптасуы

Дүниеде халықтар өте көп. Олардан екі жүзден астамы өз ұлттық мемлекетіне ие. Өзінің мемлекетіне ие халықтардан бірі қарақалпақ халқы. Олардың мемлекеті Өзбекстан Республикасы құрамындағы Қарақалпақстан Республикасы. Ендеше, алыс тарихта бұл халықтың өткені қандай кешкен? Қарақалпақтардың Әмудария төменгі жағалауында түркі бижанактар негізінде халық ретінде қалыптасу үдерісі VIII ғасырда басталған еді. Бұл үдеріс X–XI ғасырларда соңына жетті. Осы дәуірде олардың мемлекеті де түзілген. Өз билеушісі мен мемлекет басқаруы құрылымына ие болған Кердер қаласы (қазіргі Кегейлі ауданы аумағында орналасқан қала еді) астана етіп белгіленген. Қарақалпақ мемлекеті Шыңғысхан шабуылы нәтижесінде XIII ғасырдың 20 жылдарында жойылды.

Әртүрлі көшпелі тайпалардың қысымына шыдай алмаған қарақалпақтардың бір бөлігі Еділ өзенінің артқы жағына, оңтүстік орыс далаларына орналасқанына тарих куә. Сондықтан да сол дәуір орыс жылнамаларында олар „чёрные клобуки“ („қара қалпақтылар“) деп атап өтілген.



Қарақалпақтар жоғарғы жағы жіңішкеленіп шыққан бас киім – қалпақ киіп жүргендері үшін осылай аталған.

Шыңғысхан Хорезмшахтар мемлекетінің астанасы Үргеніш қаласын басып алған соң, оны суға батыру мақсатында Әмудария тоғанын бұздырып тастағандығынан Әмудария өзені де өзгереді. Нәтижеде, сусыз қалған Арал бойы қарақалпақтарының бір бөлігі Еділ және Орал (Жайық) өзендері бойына, Сырдария алқаптарына көшіп кетуге мәжбүр болды.

Алтын Орда әлсіреген соң, оның құрамынан бірнеше тәуелсіз мемлекеттер бөлініп шықты. Бұл мемлекеттердің бірі – XIV ғасырдың соңында құрылған Ноғай (Маңғыт) хандығы еді. Оның шекарасы – Еділ өзенінен Ертіс өзеніне дейін, Каспий және Арал теңізі жағалауларынан Кама өзеніне дейінгі болған аумақтарды қамтыды. Сондықтан, қарақалпақтар көшіп барып орналасқан аумақтар XIV–XVI ғасырларда Ноғай хандығы аумағына кірді. Ноғай және қарақалпақ халықтары өзара саяси ынтымақтастықта, бірлікте өмір сүрді. Сондай-ақ, қарақалпақтар Ноғай хандығы құрамында өзінің басқару құрылымына ие еді. Кейіннен Ноғай хандығы ыдыраған соң, 1556 жылы қарақалпақтар Сырдарияның төменгі жағалауына көшіп келді және қазақтардың Кіші Жүз хандығы құрамына кірді. Сонда да, олар астанасы Жанкент қаласы болған өз мемлекеттеріне ие еді. Қарақалпақтардың бір бөлігі Хиуа хандығы аумағы шекарасында Арал бойы өзбектеріне жақын аумақта өмір сүрген қарақалпақтарға келіп қосылды. Бір тобы Сырдарияның жоғары ағыны – Ташкент жаққа, және бір тобы Сырдарияның төменгі ағымына барып орналасты. Осылайша қарақалпақтар шартты түрде „жоғары қарақалпақтар“ және „төменгі қарақалпақтарға“ бөлініп кетті. Төменгі қарақалпақтар Сырдария мен Әмудария арасында бос жатқан жерлерге де орналасып, бұл жерлерге Қуандариядан су шығарып, диқаншылықпен шұғылданды.



Қарақалпақтардың жеке бір халық екендігін 1598 жылы Бұхара ханы Абдуллахан II нің бір жарлығында „қарақалпақтар“ деген сөз атап өтілгендігі де дәлелдейді.

Қарақалпақ және Ресей қатынастары

1723 жылы жоңғарлар бастырып кіріп, Сырдарияның орта бөлігін жаулап алған соң, қарақалпақтар және көшуге мәжбүр болды. Көшу салдарынан қарақалпақтар екіге бөлініп кетті. Қарақалпақтар осындай жағдайда Ресеймен байланыс орнатуға әрекет етті. Өйткені жоңғарлар шабуылынан аман қалу аса маңызды еді. Екіншіден, Ресей мен сауданы жолға қою аса қажет еді.

1726 жылы қазақтардың Кіші жүз ханы Әбілқайырхан Петербургқа өз елшілерін жөнетті. Оның құрамында қарақалпақтардың өкілі де бар еді. Бұған жауап ретінде, 1731 жылы Ресей өз елшісі М.Тевкелевті Әбілқайырхан қабылдауына жөнетті. Келіссөздер нәтижесінде Кіші жүз

құрамындағы қарақалпақтар Ресей азаматтығына қабылданды. Қазіргі кезде, қарақалпақтардың Ресейге емес, Кіші жүз хандығына жасақ төлеуі тән алынды. Қарақалпақтардың Ресей азаматтығына қабылдануы – оларды Иран билеушісі Надыршах шабуылынан сақтап қалды.

Біртіндеп қарақалпақтар Аралбойы өзбектерімен жақындаса бастады.

Аралбойы өзбектері Хиуа хандығы билігіне мойынсұнуды қаламады. Хан үкіметі өз алдына Арал бойы өзбектерін және қарақалпақтарды мойынсұндыру мақсатын қойды. Соңында, ұзақ күрестерден соң, 1735 жылда Арал бойы өзбектері мен қарақалпақтар Хиуа хандығы билігін тән алуға мәжбүр етілді. 1811 жылы қарақалпақтар Хиуа хандығына толық мойынсұндырылды.

Айдосби басшылығындағы көтеріліс

1827 жылы Хиуа хандығы зұлымдығына қарсы қарақалпақтар бас көтерді. Көтеріліске қарақалпақтар биі Айдосби жетекшілік етті. 1827 жылы 25 шілде күні Хиуа ханы Аллақұлыхан Айдосби басшылығындағы көтерілісті бастыру үшін әскер жөнелтті. Күштер тең болмаған шайқаста көтерілісшілер талқандалды. Айдосби өлтірілді. Көтеріліс бастырылса да, халықтың зұлымдыққа қарсы ызасы күшейе түсті. 1859 жылы Хиуа ханы Саид Мұхаммедхан қарақалпақ халқының қатты қысымынан оларға өзін-өзі басқару құқықын берді. Мұнымен Хиуа хандығы құрамында болса да, қарақалпақ мемлекетшілігі іс жүзінде қайта қалпына келтірілді. Бүкіл билік билер ағасы қолында жиналды. Оның беделі хан беделіне теңестірілді.

Әлеуметтік өмірі

Қарақалпақтар әлеуметтік өмірінде ұрықшылық, рушылдық қатынастары біршама күшті еді. Әрбір ұрық немесе руға билер басшылық етті. Әскери бөлімдерді батырлар басқаратын еді. Халық арасында руханилер, шайхтар, қожалардың да орны үлкен еді. Ауыл бастауыш әкімшілік буын болып, олардың бүкіл өміріне ақсақалдар кеңесі басшылық етті. Сондай-ақ, қарақалпақтарда жүзбасы, мұрапбасы, қазы, төраға секілді әкімшілік лауазымдары бар еді.

Билер ағасы алдын ру жиындарында сайланған болса, қарақалпақтар Хиуа хандығына мойынсұндырылған соң, оны хан тағайындайтын болды. Хан тағайындаған билер ағасына ру билері мойынсұнған. Әмударияның сол жағалауындағы Қоңырат, оң жағалауындағы Шымбай қалалары қарақалпақтардың бас әкімшілік орталығына айналды.

Шаруашылық өмірі

Қарақалпақтар ежелден диқаншылық және мал шаруашылығымен шұғылданып келген. Қарақалпақтар Арал бойында, Сырдария және Өмудария аралығындағы жерлерде диқаншылықпен шұғылданады. Бидай, арпа, тары және басқа егіндер егіп, мол өнім алған. Жаңа (Жана) дария және Қуандария бассейндерінде қарақалпақтар құрған канал мен суару құрылымдары диқаншылықтың жетекші орнында тұрғандығына куәлік етеді. XVIII ғасырдың соңында Өмудария төменгі жағалауларында Қалликөл, Кегейлі, XIX ғасырдың орта шенінде Шымбай, Қоңырат диқаншылық алқаптары пайда болды. Диқаншылықта омаш, мола, кетпен, белкүрек, орақ сияқты еңбек құралдарынан пайдаланылған. Қарақалпақтардың экономикалық өмірінде мал шаруашылығы да маңызды орын алған. Шаруагерлер өгіз бен түйе қосылған арбаларда мал және отарларымен жыл бойы шөбі мол жайлауларда көшіп жүрген.

Қарақалпақтардың экономикалық өмірінде балықшылық және аңшылық та аса маңызға ие болған.



1. Қарақалпақ халқының қалыптасу үдерісі жөнінде нелерді біліп алдың?
2. „Қарақалпақ“ атауы қайдан келіп шыққан?
3. Елімізде бастапқы „қарақалпақтар“ деп тілге алынған құжат кімге тиісті еді?
4. Қарақалпақ–Ресей, Қарақалпақ–Хиуа қатынастарына байланысты фактілер тізімін түз.
5. Айдосби көтерілісінің себебі және салдары жөнінде әңгімелеп бер.
6. Неге Хиуа ханы қарақалпақтарға өзін өзі басқару құқықтарын беруге мәжбүр болды?



Қарақалпақстан Республикасы бүгінгі күнде Өзбекстан құрамындағы мемлекет екендігі белгілі. Өзбекстан Республикасы Конституциясының қайсы тарауы мен баптарында Өзбекстан Республикасы мен Қарақалпақстан Республикасы арасындағы қатынастар қандай тәртіпте шешілуі белгілеп қойылғандығын анықтап, бұл баптардың мазмұнын оқып кел.

31-§. Қарақалпақтарда мәдени және рухани өмір

Тұрмыс салты Қарақалпақтар ұзақ жылдар барысында көшпенділік тұрмыс салтынан отырықшылыққа өту үдерісін басынан өткізді. Халықтың негізгі бөлімі *отан* (*киіз үй*) мен саз *балшықтан соғылған* (пахса) үйлерден құралған ауылдарда жасайтын. Кейін келе *қорған* (бекініс) қалалар пайда болды.

Қарақалпақтар бірнеше тұқымдардан құралған болып, әр тұқым мүшесі өз тұқымының нығайтылуын қамсыздандыруға ұмтылады. Бір тұқым ішінде өзара некеге тыйым салынған. Тойда бақшылар дастандардан әндер шырқайтын, айтыстар қыза түсетін. Балуандар күреске түсетін.

Қарақалпақтар қыстауды көбінесе теңіз бен өзен жағаларында өткізген. Арба, қайық, сал және ат негізгі көлік құралы болған. Қарақалпақтар киінуде ұлтшылдыққа айрықша көңіл бөлген. Бұл нәрсе, әсіресе, әйелдер мен қыз балалар сәукелесінде (қалың бөзден тігіліп, күміс және маржандармен безендірілген бас киімде) айқын көрінген.

Қалалар Қарақалпақтар Қоңырат, Шымбай, Хожейлі сияқты ірі қалаларды құрған. Солардан Қоңырат пен Шымбай қарақалпақтардың әкімшілік орталықтары еді. Бұл қалалар XVII ғасыр соңы – XVIII ғасырдың басында орнатылды. Хожейлі қаласы Арал мен Хиуа аралығындағы сауда орталығы болып, кеденхана сол қалада жайғасқан. Қалалар биік қабырғалармен қоршалған. Қала ішкерісінде көркем ғимараттар, сарайлар орнатылған. Жаңабекініс, Айдосбекініс, Ерназарбекініс, Көкөзекбекініс, Ешанбекініс сияқты бекініс түрінде құрылған қалаларды қарақалпақ халқы жасаған сәулеткерлік мәдениетінің ескерткіштері болып саналады.

Қалаларда XIX ғасырдың басында 318 мектеп, Қарақұм ишан, Қалила ахун, Иемберген ахун, Айымбет ишан өңірінде, Ешан-бекінісінде медреселер болған. Қолөнершілер 12–13 жасар балаларды шәкірттікке қабылдап, оларға өнер сырларын үйреткен. Қарақалпақ жастары Хиуа және Бұхара медреселерінде де білім алған.

Фольклор, бейнелеу өнері мен музыка Қарақалпақтардың халық ауыз шығармашылығы өте бай. Қарақалпақ фольклор үлгілері 20 томдығының баспадан шыққаны пікіріміздің дәлелі болып табылады. Олар сөз шеберлері болған шешендерді, бақшыларды (жырауларды) ұнатады. Ел ақсақалдары, басшыларының жанынан жыршылар арылмаған. Өзбектердің Әпендісі сияқты қа-

рақалпақтардың қызықшысы – Өмірбек лаққысы бар. Өмірбек лаққы өзінің қызыққа толы әңгімелерінде қоғамдағы кемшіліктер үстінен күлуші халық қаһарманы ретінде бейнеленеді. Ол әділетсіз шенеуніктер, қазылар, сөзі мен ісі сай келмейтін руханилардың қылықтарын паш етіп, ерлік, әділеттік, шындық, адалдықты жырлаған. Әңгімелерін жеңіл кекесін, ащы мысқылмен ықшам бейнелеп, тыңдаушыларды күлдірген.

Қаһармандық дастандары „Қырыққыз“, „Алпамыс“, „Қобылан“, „Маспатша“, „Едігей“ дастандарында қарақалпақтардың оқиғаларға бай тарихы жырланады. Мысалы, „Едігей“ дастанына Өмір Темір, Тоқтамыс қызметімен байланысты оқиғалар баяндалса, „Қырыққызда“ қарақалпақ халқының азаттық күресі, Хорезм халқының Иран шахы Надыршахқа қарсы күресі өзінің көркемдік сипатын тапқан.

Қарақалпақтардың халық әндерінде ел-жұрт жолбасшылары, қаһармандары – Маман батыр, Есенкелді махрам, Айдосби, Ерназарбилер ұлыланады.

Қарақалпақтардың бейнелеу өнеріндегі өзіне тәндік, әсіресе, олар тоқыған кілем мен кесте бұйымдарда жарқын көрінісін тапқан. Оларға салынған нақышты өрнектер су белгісін көрсететін толқын көрінісіне ие болған. Бұл текке емес еді. Өйткені қарақалпақтар бұрыннан өзен мен көл жағаларында өмір сүрген. Бұдан тыс, қарақалпақ бейнелеу өнерінің тағы бір өзіне тәндігі оның сұқпа нақышты ағаш оймакерлігінде айқын байқалады.

Қарақалпақтардың әншілігінде мазмұнына қарай халық, тарихи және салт-дәстүр әндеріне бөлінген. Олар қобыз, дутар, ғижжак, сырнай, нағара сияқты саздық аспаптары арқылы орындалған. Дастан орындаушылары жыраулар, бақшылар мен жыршылар деп аталатын үш топқа бөлінген. Олар бір-бірінен айтатын дастандарының мазмұны, орындау мәнерлері, күй мен саздық аспаптарымен өзгешеленген. Мысалы, жыраулар қаһармандық дастандарын қобыздың сүйемелдеуінде, ал бақшылар дутар мен ғижжак сүйемелдеуінде орындаған. Ал жыршылар дастанның қолжазбаларын зор шеберлікпен оқып немесе жатқа айтып берген.

Қарақалпақтың жазба әдебиеті

XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысында қарақалпақ әдебиетінің көзге көрінген бірнеше қайраткерлері қалам тербеткен, олардың есімдері бүгінгі күнде де ардақталады. Олардан бірі Жиен Жырау (1730–1784) әйгілі бақшы, сатирик ақын ретінде кемелденген. „Әй, жігіттер, жігіттер“ және „Жүрегімде көп дертім“ сияқты көптеген

өлеңдерінде қоғамдағы әділетсіздіктерді, үстем таптардың жарамсыз істерін, халыққа жасаған зұлымдықтарын паш етеді. Қарақалпақтар – еркінсүйгіш халық. Соның үшін олар әрқашан өз бостандықтары үшін азаттық күресін жүргізген. Белгілі, қазақтардың Кіші Жүз ханы Әбілқайырханға қарсы жүргізілген соғыста қарақалпақтар жеңілген еді. Бұның нәтижесінде олар қиыншылықтарға душар болды. Атап айтқанда, Сырдария жағалауларындағы қарақалпақтар жан-жаққа тарап кетті. Олардың бір бөлігі Ташкент айналасына (Шыршық жағаларына), ал қалған бөлігі Қызылқұм арқылы Хорезмге (Арал теңізінің оңтүстік жағалауларына) көшіп кетті. Сол көшулердің куәсі болған Жиен жырау „Қаңғырған ел“ атты дастан жазып, онда қарақалпақтардың қиын дәуірінің тарихын шынайы баяндады. Бақшы ретінде „Алпамыс“, „Қырыққыз“ сияқты дастандарды зор шеберлікпен жырлады.

Қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінен бірі Күнқожа Ибраһым (1799–1880) еді. Оның әсіресе „Орақшылар“, „Шопандар“, „Елмен бірге“ сияқты өлеңдері халық арасында танымал еді. Бұл шығармаларда қарақалпақ халқының Хиуа хандығы қоластына түсіп қалған дәуірдегі ауыр жағдайы, тәуелді тұрмысы және үстем таптардың жарамсыздықтары үлкен шеберлікпен паш етілген.

Әжінияз

Әжінияз Қасыбай ұлы (бүркеншік аты Зевар) да (1824–1878) қарақалпақ халқының атақты ақындарынан бірі болған. Ол бастауыш білімді Мойнақтағы ескі мектепте алды. Кейін Хиуадағы Шерғазыхан медресесінде оқыды. Әжінияздан жүзден астам өлең мен дастандар мұра болып қалды. Өлеңдерінде Отан, адамгершілік идеяларын жырлады. Ал ақынның „Боз отау“ дастанында қарақалпақ халқының жат жұрттарға көшіп кетуге мәжбүр етілгені шебер суреттелген. „Керек“, „Болады“, „Болмаса“, „Жақсы“, „Жігіттер“ сияқты шығармаларында Әжінияздың адамшылық идеялары, философиялық көзқарастары сипатталған. Шығармалары халық арасында кең таралған, „Қыз Мендешпен айтыс“ (1878) шығармасы атышулы. Оның өмірі туралы ақын Ыбраһым Юсупов „Әжінияз“ шығармасын жазған. Оның шығармалары өзбек тілінде жарық көрген („Таңдамалы шығармалары“ және басқалар).



Әжінияз



1999 жылы Әжінияздың туған күнінің 175 жылдығы атап өтілді. Нөкісте Әжінияз алаңы ашылды және оған ескерткіш орнатылды.

Бердақ

Қарақалпақ әдебиетінің негізін салушысы Бердақ (1827–1900) (бүркеншік аты; шын аты Бердібай Қарғабайұлы) атымен әйгілі болып табылады. Бердақ бастапқыда ауыл мектебінде, одан соң медреседе білім алды. Науаи, Фузули, Мақтымқұлы, Күнқожа шығармаларын оқып, поэзия өнерін олардан үйренді. Бердақ тарихты, халық ауыз шығармашылығын жетік меңгеріп алды. Оның шығармашылығы 18–19 жастарында домбыра шертіп, өлең айтудан басталды. 25 жасында халық арасында қабілетті ақын ретінде халыққа танылды. Оның „Болған емес“, „Өмірім“ және „Салық“ сияқты өлеңдерінде еңбекшіл халықтың ауыр тұрмысы, сондай-ақ, Хиуа хандары мен шенеуніктерінің зұлымдығына қарсы халық наразылығы баяндалған.



Бердақ

Ал „Ұлыма“, „Ақымақ болма“ сияқты өлеңдері арқылы жастарды Отанды сүйеге, ағарту шыңдарын игеруге шақырды. Бердақ халық өмірін, оның ізгі арман-тілектерін жақсы білген ақын еді. Соның үшін оның өлеңдерінде халықсүйгіштік рухы күшті еді. Бердақ тарихи тақырыптарда да қалам тербетті. Ол „Аманкелді“, „Айдосби“, „Ерназарби“ сияқты шығармаларында хандардың зұлымдығына қарсы күрескен халық қаһармандарын мақтанышпен жырлады. Ал „Ұрпақтар“ шығармасы тарихи оқиғалар жылнамасы болып, онда халықтардың келіп шығуы, қарақалпақ халқының өзге түркі халықтармен байланысы, олардың өміріндегі жалпылық сияқты тұрғылар баяндалған. Хиуа хандығы зұлымдығына қарсы көтерілген көтеріліс „Ерназарби“ дастанында да суреттелген.



1998 жылы Мемлекетімізде Бердақтың туған күнінің 170 жылдығы кең түрде атап өтілді. Ташкент қаласындағы кең көшелердің біріне Бердақ аты берілді және бюсті орнатылды. Ақын туылған жерін – Бозотауда және Нөкіс қаласында да ескерткіш қойылды.



1. Қарақалпақ халық ауыз әдебиеті шығармашылығы жөнінде нелерді біліп алдың?
2. Неліктен әдебиеттің негізін поэзия мен дастаншылық құраған?
3. Жиен Жырау, Күнқожа және Әжінияздардың қандай шығармаларын білесің және олардың мазмұнына қатысты өз қатынасыңды білдір.
4. Қарақалпақ әдебиетінің негізін салушы – Бердақ шығармаларында қандай идеялар алға қойылған?



IV ТАРАУ. XVIII – XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ

32-§. Қоқан хандығының қалыптасуы

Шахрухби – хандық негізін қалаушысы

Ферғана аңғары аштарханилер билігі дәуірінде Бұхара хандығы иелігінде еді. XVIII ғасырдың басында Бұхара хандығында орталық билік ішкі күрестер салдарынан әлсіреді. Мұндай жағдайдан пайдаланған жоңғарлар Ферғана аңғарына тез-тез бастырып кіріп, талан-тараж ете бастады. Екінші жағынан Син империясы (Қытай) да қауіп төндіріп жатты. Жағдай ішкі күштердің бірігуіне, тәуелсіз мемлекет түзуге шақырды. Осындай жағдайда аңғарында өзбектердің мың ұрығы ақсақалдары жиналып, Бұхара хандығынан жеке тәуелсіз мемлекет түзуге шешім қабылдады.



1709 жылы мың ұрығы өкілдері Ферғана аңғарында билікті өз қолына алды. Осылайша, кейін Қоқан хандығы деп аталған жаңа өзбек мемлекеті пайда болды. Билеушілік тағына Шохрухби отырғызылды.

Тепақорған Шахрухбидің тұрағына айналдырылды. Дұрыс, бұл өзбек мемлекеті билеушілері бірден хан атағын алмаған. Керісінше, бұл мемлекетке ресми Бұхара хандығының құрамдық бөлігі деп қаралған. Сондықтан Аштархани Абулфайзхан Шахрухбиге „аталық“ атағын берген. Сондай-ақ, тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі – ақша жасап шығарылмаған. Керісінше, Бұхара хандығының ақшасы айналымда сақталып тұрды. Бірақ бұл жағдай ұзаққа созылмады. Өйткені аштарханилердің Ферғананы өз қоластына сақтап тұруға күші жетпейтін еді. Абулфайзхан билігінің өмірі соңына жетіп бара жатқан еді.

Хандық Шахрухби ұрпақтары дәуірінде

Енді мыңдар әулеті алдында әулет билігіне заңды сипат беру ділгірлігі тұратын еді. Өйткені Ферғана аңғарында үлкен мәртебеге ие болған қыпшақтар тайпасы мыңдар билігін тән алмады. Шахрухби қаза тап-

қан соң, таққа отырған ұлы Әбдірахимби әкесі дәуірінде басталған Қоқан қаласын көркейту және кең көлемді жабдықтау жұмыстарын жалғастырды және оны хандық астанасына айналдырды. Сондай-ақ, мемлекеттің аумағын кеңейту мақсатында Бұхара хандығы қарамағында болған Хожент, Оратөбе облыстарын қосып алды. Өкінішке орай, ол қастандық құрбаны болды. Тақты інісі Хожент әкімі Әбділқаримби иеледі (1733–1750). Қоқан қаласын көркейтуді жалғастырды. Сонымен қатар қаланың айналасы қабырғамен қоршалды.

1740 жылы Ферғана аңғарына жоңғарлар шабуыл жасады. Шабуыл аса қиыншылықтармен қайтарылды. Жоңғарларға қарсы күресте мыңдарға қыпшақтар көмек берді. 1745 жылы жоңғарлар және шабуыл жасады. Қатерлі дұшпанға қарсы мыңдар, жүздер, қыпшақтар және қырғыздар бірге күресті. Оларға оратөбеліктер де көмек берді. Хандықтың тәуелсіздігі сақтап қалынған болса да, бұл шабуыл хандықтың экономикалық және саяси жағдайын өте қиын жағдайға салып қойды. Сондай-ақ, жоңғарларға қарсы бірге күрескен өзбек тайпаларының одағы ұзаққа созылмады. Бұған қыпшақтардың зорлығы, тонаушылығы себеп болды. Барлық қиыншылықтарға қарамай орталық билік қыпшақтар көтерілісін бастырды. Әбділқаримби қаза тапқан соң тақ үшін басталған күресте ақыры Әбдірахимбидің ұлы Ерданаби жеңді (1751–1762). Тез арада Қоқан хандығы Қытай шабуылына ұшырады. Мұнда Қоқанның жеңілуі Ерданабидің билігін күйзеліске ұшыратты. Дұрыс, Ерданаби билігі дәуірінде хандықтың ішкі және сыртқы саясатта табыстарға қол жеткізілген дәуірлер де болды. Өйткені, ол Ош және Өзген облыстарын да мойынсұндырды. Қоқанды Бұхара әмірлігі мен Син империясымен (Қытай) теңбе-тең күресе алатын мемлекетке де айналдыра алды.

Хандық Нарботаби билігі дәуірінде

1763 жылы таққа Әбділқаримбидің немересі отырғызылды (1763–1798). Нарботаби тез арада Чустты (қазіргі Наманган облысындағы аудан) мойынсұндырды. Одан соң өзінің және бір қарсыласы Наманган әкімі Ирисқубилияға қарсы әскер тартты. Бұл жүріс екі жақтың келісім түзуімен аяқталды. Нарботаби өзінен наразы болған ханзадаларды әртүрлі облыс пен аудандар әкімі етіп тағайындады. Осы жолмен алауыздықтың қарсылығын бәсеңдете алды.

1776 жылы Нарботаби Қоқан хандарынан бірінші болып хандықтың *фалс* деп аталған өз ақшасын жасатты. Деректерде атап өтілуінше, Нарботабидің бір фальсіне бір бас қой алуға мүмкін болған. Хандықтың тәуелсіз түрде өз ақшасын соғудың тарихи маңызы бұл мемлекеттің мемлекеттің іс жүзінде де тәуелсіз мемлекет екендігімен белгіленеді. Нарботаби дәуірінде егістіктерден мол өнім алынуы есесіне базарда баға арзандады. Хандықтың құдіреті жан-жақты асты. Нарботаби саяси тұрақтылыққа қол жеткізген соң, қаза табуынан алдын, тұңғыш ұлы Мұхаммед Аминбекті Марғұланға, ортаншы ұлы Олимбекті Турақорғанға әкім етіп тағайындады. Нарботабидің өлімінен соң хандықта бір-біріне қарсы болған бірнеше топ пайда болды. Олардан бірі Олимхан мен оның інісі Омарханды, Нарботабидің өгей ағасы Хажиби басшылығындағы екінші топ Нарботабидің кенже ұлы Рустамбиді қолдап-қуаттады.



- 1709 жылы – Орта Азияда үшінші өзбек мемлекеті – Қоқан хандығы қалыптасты.
- 1776 жылы – Нарботаби хандықта алғаш рет Қоқанның өз ақшасын соқтырды.



1. Қандай факторлар Ферғана аңғарын біртұтас мемлекетке біріктіруге негіз жасады?
2. Неліктен Шахрухби мемлекетті „аталық“ атағында басқарған?
3. Нарботабидің хандық тарихындағы орны оның қайсы қызметімен белгіленеді?

33-§. XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қоқан хандығындағы саяси жағдай

Әлімханның таққа отыруы

Алдыңғы тақырыптарда атап өтілген екі топ арасындағы күресте Әлімханды қолдап-қуаттаған топтың қолы биік келді. Әлімхан 1798 жылы таққа отырғызылды. Оның билігі дәуірінде (1798–1810) хандықтың беделі әрқашандағыдан да биіктеді. Мемлекет енді Қоқан хандығы атымен атала басталды. 1805 жылы Әлімхан өзінің хандық

аты жазылған күміс теңге ақшаны, (динарды) жасатты және өзін хан деп жариялады.

Бұл ақша мемлекеттің қаржы және салық жүйесінде тәртіп орнатуға қызмет етті. Әлімхан мыңдар әулеті билігінің тән алынуы үшін әулеттің келіп шығуы Бабыр Мырзадан басталуы жөніндегі аңыздан пайдаланды.



Аңыз тарихи кітаптарға „Алтын бесік“ атымен кірген. Аңыз бойынша, Бабыр Мырза шайбанилерден жеңіліп, Мауароуннахрдан Ферғана арқылы шығып кетеді. Жолда Бабыр мырзаның әйелдерінің бірі перзент көреді. Бірақ оны алып келмейді, керісінше, бағалы зейнет бұйымдарымен безендірілген бесікке бөлейді және қызметкерлердің бірін баламен бірге қалдырады. Бала қалдырылған жерде өзбектердің қырық, қыпшақ, қырғыз және мың ұрықтарының ауылдары бар еді. Олар баланы тауып алады және оған Алтынбесік деп ат қояды. Алтынбесік мың ұрық арасында тәрбиеленеді. Есейіп үйленеді. Мың ұрығынан үйленген жұбайы ұл бала дүниеге келтіреді. Оған Тангриер деп ат қояды. Аңызда айтылуынша, Тангриер кейін Ферғана билеушісі болған. Мемлекетті би атағында басқарған.

Халық арасында билеуші әулет шежіресінің Темурилерге барып жетуі қуанышпен қабылданды. Сондай-ақ, Әлімханның атына „Сайыпқыран“ атағы да қосып жазылатын болды. Бұл да мыңдардың келіп шығуы Темурилерге баратынын негіздеуге қызмет етуі қажет еді.

Хандық аймағының кеңейтілуі

Әлімхан тұрақты әскер жасақ түзу мақсатында әскери реформа өткізді. Бұл реформа оған хандық аумағын кеңейту мақсатында кең көлемде әскери соғыстар жүргізу мүмкіндігін берді. Өйткені, Ахангаран, Шымкент, Сайрам, Түркістан басып алынды. Ресеймен сауда байланыстары қолға алынды. Сондай-ақ, Сырдария орта ағымының дерлік барлық оң жағалауын (Құраманы) хандық құрамына қосып алды. Бұдан тыс, Оратөбе мен Хожент үшін Бұхара әмірлігімен үстін-үстін соғыс әрекеттері жүргізілді. Бұл екі облыс біресе ол жақтың, біресе бұл жақтың иелігіне өтіп тұрды. Бір сөзбен айтқанда, Әлімхан билігі дәуірінде хандық аймағы дерлік екі рет кеңейді.

Әлімхан ішкі саясатта орталық билікті нығайта түсуге әрекет етті. Бұл жолда қаттылыққа да жол қойды. Ал бұл әртүрлі тайпа жанкүйерлерінің, кейбір жоғары лауазымдылардың аса наразылығына себеп болды. Әлімхан кедей мен дәруіштерге жер мен шаруа малдарын беріп, оларды еңбекке қатыстырды.

Әлімханға қарсы күштер таққа оның інісі Омарханды отырғызуға жасырын дайындады. Әлімхан бұл хабарларға дұшпандар таратып жатқан алауыздық деп қарады. Жақындасып келе жатқан мемлекет төңкерісінің алдын алудың орнына қазіргі Қазақстан Республикасы аумағындағы Шымкент, Сайрам, Түркістан облыстарына 1810 жылдың ақпан айында әскери жүріс ұйымдастырды. Қыстың суығы әскерлерде наразылық оятты. Әскерлердің наразылығы бүлікшілер үшін керек еді. Олар әскерлер арасында Әлімхан қаза тапты, деген жалған сөздерді таратты. Таққа інісі Омарханды отырғызды. Әлімхан қиянаттан хабар тапқан соң, Қоқанға қайтты. Бірақ оны жолда қастандық жасаушылар атып тастады. Әлімхан тарихта мемлекетті хандық беделіне көтерген ержүрек билеуші ретінде ат қалдырды.

Хандық Омархан билігі дәуірінде

Омархан да барлық өткен билеушілер қатарында өз билігін нығайтуға кірісті. Ең алдымен, болашақта хандық тағына қауіп төндіруі мүмкін болған тұлғаларды алып тастады. Одан соң өзінің атымен күміс дирхам соқтырды. 1817 жылдан бастап жасала басталған күміс және алтын ақшаларға „Мұсылмандар әмірі, Саид Мұхаммед Омар сұлтан“ деп жазыла бастады. Омархан ақша соқтыру арқылы ресми өзінің билеушілік беделін бекітіп алды.

Хандық аумағын кеңейте түсу мақсатында 1812 жылы Бұхараға тәуелділігін тән алған Түркістанға да әскер жөнетті де басып алды.

Бұл жүрістен кейін дін көсемдері Омархан билігінің заңдылығын негіздеу мақсатында „Қайсы билеуші 12 мың сарбазды керекті қару-жарақ пен жабдықтап, аттарын жем-шөппен қамтамасыз етсе, оны мұсылмандар әмірі (әмір ал-муслимин) деп атау керек“ деген қаулы шығарды.

Есеп-қисаптар хандық бойынша Омарханнан қаулыда атап өтілгеніндей біршама көп кісі қамтамасыз етілуін анықтап берді. Одан соң Омархан өзіне *Әмір ал-муслимин* атағын қабылдады және бұл жөнінде құтба да оқылды.

Осман мемлекеті сұлтаны Қоқан хандығының Бұхара әмірлігінен толық тәуелсіз мемлекет екендігін тән алды.

Омархан дәуірінде хандық аумағы одан әрі кеңейтірілді. Енді хандық шекарасы солтүстікте Ресей шекараларынан Қахыстан және Қашқарға дейін ұласты.

Омархан 1822 жылы қаза тапты. Таққа үлкен ұлы Мұхаммед Алихан (Мадалихан) отырды.

Мұхаммед Алихан Қоқан хандығының аумағы Омарханның ұлы және ұрпағы Мұхаммед Алихан (Мадалихан) дәуірінде (1822–1841) одан әрі кеңейді. Қоқан әскерін Ферғананың оңтүстігінде орналасқан, негізінен тәжік отырықшы халқы өмір сүретін Қаратегін, Дарбаз және Кулябты бағындырды. Бірақ Мадалихан тез арада қалаған жұмыстарын жасай беруін қолдап-қуаттайтын сарай төрелерінің ықпалына түсіп қалды. Жас хан марқұм әкесінің ең абыройлы төрелерін қуа бастады. Омархан дәуірінде хан билігімен жергілікті ақсүйектер арасында нығайтылған одақ бұзыла бастады. Лауазымдылардың кейбіреулері қуылды, басқалары өлтірілді, қалғаны Бұхараға қашып кетті. Ол тіпті әкесінің әпкесі Офтобайымның жанұясын да аямады. Оның жұбайы, хандықтың шайхулисламы және ұлы Хакимханды қуып салды. Облыс (бектік) әкімдері тез-тез алмасып тұрылды. Олар халықтың барлық топтарын Мадалиханға қарсы қойды. Руханилар ханды әртүрлі құлықсыздық және шариғатқа қарсы қылмыстарда айыптап, оған қарсы ашық насихаттау жүргізді. Соңында, 1841 жылы Мадалихан өз інісі Сұлтан Махмұтханның пайдасына тақтан бас тартуға мәжбүр болды. Сондай-ақ, ханнан наразы күштер Бұхара әмірі Насрулладан көмек сұрады. Әмір Насрулло 1842 жылы өз әскерлерін Қоқанға қарсы жөнелтті және Қоқанды басып алды. Мадалихан, інісі Сұлтан Махмұтхан өз төрелерімен қолға алынды және әмір Насрулла бұйрығы бойынша өлтірілді. Әмір Насрулла тіпті Мадалиханның анасы Надырабегімді де аямады.

Әмір Насрулло жаулап алынуынан Әмір Насрулланың Қоқан хандығындағы билігі ұзаққа созылмады. Өйткені әмірдің **Кейінгі саяси жағдай** Қоқандағы уәзірі Ибрахим дадхах Қоқан хандығы халқын алдымен өндіріп келінген салыққа қосымша түрде Бұхара әмірлігінде енгізілген салықтарды да

төлеуге мәжбүр етті. Нәтижеде, бүкіл Қоқан хандығы аумағында 1842 жылы үлкен көтеріліс болды. Оның салдарынан әмірдің Қоқандағы уәзірі мен бектері билігі жойылды. Бұхара әмірі билігіне қарсы көтерілісті ұйымдастырған жергілікті күштер *қыпшақтар* көмегіне сүйенген еді. Көтеріліс нәтижесінде Қоқан хандығының тәуелсіздігі қайта қалпына келтірілді. Таққа Нарботабидің інісі Хажибектің ұлы Шералыхан (1842–1845) отырғызылды. Қоқан хандығы тәуелсіздігін қайта қалыптастыруында мыңдар тайпасына үлкен көмек берген қыпшақтар хандықтың әлеуметтік-саяси өмірінде үлкен беделге ие болып алды.

Олардың сарбазы Мұсылманқұл мыңбасы етіп тағайындалды. Қоқандағы жеңіліске шыдай алмаған әмір Насрулла және Қоқанға жүріс жасады. Ол Қоқан қаласын 40 күн қамалда тұтты. Бірақ әмір Насрулланың қамалды жалғастыруына Хиуа ханы Аллақұлыханның Бұхара әмірлігіне жасаған шабуылы бөгет жасады. Әмір Насрулла Бұхараға қайтуға мәжбүр болды.

Мұсылманқұл 1845 жылы Ош халқының салықтарының шектен тыс ауырлығынан наразы болып көтерілген көтерілісті бастыру үшін әскермен жіберілді. Бұдан пайдаланған Исфара әкімі Самарқантта жасап тұрған марқұм Олимханның ұлы Мұратханды алып келіп, Қоқан тағына отырғызды. Бірақ Мұсылманқұл Наманганға қайтып келді және қызын марқұм Шералыханның ұлы Худаярға некелеп берді. 13 жасар Худаярхан бұл дәуірде Наманган әкімі еді. Одан соң Мұсылманқұл Мұратханды тақтан аударды және күйеуі Худаярды отырғызды.

**Ішкі
келіспеушіліктердің
күшеюі** Худаярхан жас болғаны үшін хандықты іс жүзінде қайын атасы Мұсылманқұл басқаратын еді. Сөйтіп, хандықта қыпшақтар билігі дәуірі басталды. Енді қыпшақтар Қоқанға жаппай көшіп келе бастады. Жергілікті халықты қаладан айдап шығарып, олардың үй-жайына орналасып ала бастады. Суару құрылымдарын қолға кіргізді. Халық енді су үшін де салық төлейтін болды.

Бұл саясат жергілікті халықтың қатты наразылығына себеп болды және хандықта билеушілерге қарсы бас көтеру қаупін тудырды. Мұндай жағдайда Мұсылманқұл өз беделін жоғалтпау үшін орыстармен байланыс орнатуға ұмтылды да орыс қолбасшылығының өкілі В. Велья-

минов-Зерновпен жасырын түрде кездесті. Қайынатасының бұл әрекеті Худаярханды қатты шошытты. Сондықтан да ол енді қайынатасы Мұсылманкүл мен қыпшақтар билігін тоқтатуға шешім қабылдады.

1852 жылы 9 қазанда Худаярхан Ташкенттен шығарылған әскермен қыпшақтар көтерілісін ұйымдастырды. Қайынатасы Мұсылманкүл тұтқынға алынып, өлтірілді. Қыпшақтардың мал-мүлкі кәмпескеленді. Осылайша, Мұсылманкүл және қыпшақтар билігі жойылды.

Қыпшақтардың әкімшіліктен шеттетілуі мемлекет ішінде саяси тұрақтылыққа алып келмеді. Керісінше, ішкі тұрақсыздықтан пайдаланған жергілікті бектіктер алауыздық әрекетін күшейтті. Нәтижеде Ресей империясы басқыншылығы қаупі жақындасып қалуына қарамай ішкі келіспеушіліктерді тоқтата алмады. Тақ үшін аяусыз күрес жалғасты.



- 1798 жылы – Әлімхан таққа отырды.
- 1805 жылы – Әлімхан хан лауазымын қабылдады және сол кезеңнен бастап мемлекет ресми Қоқан хандығы деп атала басталды.
- 1842 жылы Әмір Насрулла Қоканды басып алды.
- 1842 жылы – хандықта әкімшілік іс жүзінде қыпшақтар қолына өтті.
- 1852 жылы – Худаярхан қыпшақтар билігіне шек қойды.



1. Әлімханның хандық тарихындағы орны немен белгіленеді?
2. Неліктен билеушілерге өз әкімшілігінің заңдылығын негіздеу қажет саналған?
3. Ойлап көр! Неліктен Бұхара әмірлері мен Қоқан хандары Османды мемлекеті сұлтандарына жүгінетін еді?
4. Неге Мадалихан дәуірінде мемлекет ыдырады және қандай салдарға себеп болды?
5. Хандықта қыпшақтар билігінің орнатылмауы мүмкін еді ме?
6. Қыпшақтар билігіне қалай шек қойылды?



Ағалы-інілі Әлімхан және Омархандар өз биліктерінің заңдылығын қандай тәсілдермен негіздегендігін салыстыр.

34-§. Қоқан хандығында мемлекет басқаруы

Хандықтың аймағы мен халқы

Бастапқыда тек Ферғана алқабы аумағымен шектелген Қоқан хандығы аймағы тұрғыдан XIX ғасырдың бірінші жартысында Орта Азияда ең үлкен мемлекетке айналды. Хандық солтүстікте Ресей (оларды Бетпақ дала шөлі бөліп тұрған), шығыста Шығыс Түркістан, батыста Хиуа хандығы мен Бұхара әмірлігімен, ал оңтүстікте Мадалихан дәуірінде хандыққа қосып алынған Қаратегін, Дарбаз, Куляб және Шуғнам бектіктерімен шекаралас болған. Сол шекара Сырдария орта ағымының оң жағалуында жайғасқан Құрама, Ташкент аңғары, Дешті Қыпшақ (қазіргі Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-батысы), Жетісу, сондай-ақ, Ыстық көл жағаларына дейінгі аумақтарын өз ішіне қамтыған. Бұдан тыс, Бұхара әмірлігі мен Қоқан хандығы арасында қолдан қолға өтіп тұрған Хожент пен Оратөбе де белгілі мерзім хандық аумағы құрамында еді.

Қысқаша айтқанда, Қоқан хандығы аумақ тұрғыдан үш өзбек мемлекеті арасында ең үлкені еді. Қоқан хандығы әкімшілік тұрғыдан *бектіктерге* (облыстарға), *саркорликтерге*, *ақсақалдықтарға* және *аминдіктерге* бөлінген. Хандықта 15 бектік бар болып, оларда 3 миллионға жуық халық жасаған. Халықтың негізгі бөлігін өзбектер құраған. Сондай-ақ, тәжіктер, қырғыздар мен қазақтар (ұйғыр)лар да жасаған.

Ақсақалдықтар үлкен-үлкен ауыл немесе бірнеше кіші-кіші біріккен ауылдар еді. Оларды аминдер, ақсақалдар және саркорлар басқарған. Тұрмыс салтына қарай, халық отырықшы, көшпелі және жартылай көшпелілерден құралған еді.

Хандықта мемлекет басқаруы

Қоқан хандығы да Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығы сияқты мемлекет құрылымына қарай шектелмеген монархия еді. Шектелмеген құқыққа ие болған *хан* мемлекетті билеуші мыңдар тұқымы, сондай-ақ, басқа тайпалардың беделді таптары, жоғары мансаптарға тағайындалған мемлекет шенеуніктері, руханилар мен әскерилерге сүйеніп басқарған.

Бұхара әмірлігінен өзгешелігі Қоқан хандығында әскери лауазым иелерінің, әсіресе, жасақтың Бас қолбасшысы – *мыңбасының* беделі орасан жоғары болған. Мыңбасы тек жасақтың ғана Бас қолбасшысы

ғана емес, сондай-ақ, Бас Уәзір де болып саналған. Бүкіл атқарушы билік оның қолында жиналған.

Бұдан тыс, әрбір әкімшілік бірлік әрі әскери округ болып есептеліп, әкімдер әскери күштердің қолбасшылары болып саналатын. Әскери округ аумағында жасаушы барлық тұқымдар және көшпелі тайпа мүшелері жасау орны немесе мекенжайы бойынша округта жүргізілген тізімге тіркеп қойылады. Тіркеуге алынғандар ханның бірінші шақыруына-ақ белгіленген жерге жетіп келуі шарт еді. Бұл тәртіп ханға егер қажет болып қалса 60 мыңға жуық әскерді және азық-түлік тиелген 12 мың арбаны тез жинап алу мүмкіндігін беретін.

Жергілікті *әкімдер* шенеуніктерді, салық түсімін бақылап тұратын бақылаушыларды тағайындайтын. Салықтардың мөлшерін бекітетін және қаржы жұмыстарын басқаратын. Сонымен бірге, жоғарыда айтылғандай, әскерге қолбасшылық та ететін.

Қоқан, Ташкент, Марғұлан, Жошыхан, Әндіжан, Балықшы, Чартақ Косон бектіктері ірі округтар болып, олардың арасында Ташкент ең маңызды орын алған. Сондықтан да хан Ташкентке өз туыстарын немесе ең сенімді адамдарын әкім етіп тағайындаған.

Қоқан хандығында мемлекет басқарудың өзіне тән тағы бір ерекшелігі сонда, орталық билік мемлекетте тұрақтылықты сақтау үшін отырықшы және көшпелі түрлі тұқым мен тайпалар арасында мүдделер тепе-теңдігін есепке алуға мәжбүр еді. Омархан мен Мәдәліхандар бұл факторды ең көп дәрежеде есепке алған билеушілер еді.

Қоқан хандығы Бұхараға тәуелділіктен көшпелі қыпшақ және қырғыз тайпалары арқылы азат етілген соң, олар хандық саяси өмірінде жетекші беделді талап етті және бұған қол жеткізді. Оларға хандық тақ керек емес еді. Олар үшін тақта мыңдардың кәметке жетпеген өкілін отырғызу маңызды еді. Өйткені солай етілсе, олар регенттікті қолға енгізген болады. Регенттік оларға хандықты қалаған жолмен басқару мүмкіндігін беретін. Алдыңғы тақырыпта біліп алғаныңдай, іс жүзінде солай болды да.

Қыпшақ пен қырғыз тайпаларының кейбір жетекшілері медресе ілімі не екендігін ол жерде оқыған соң ғана түсінген еді. Олардан бірі, кейін келе хандықта әскер қолбасшысы лауазымын иелеген қыпшақтардан болған Алықұлы „Діни білім алу мені ұрығымнан қашықтатты“, деп тән алғандығы тарихи кітаптарда атап өтілген.

Хандық өмірдің тағы бір өзіне тән жағы – бұл мемлекет жұмыстарында руханилардың әсері Бұхара әмірлігіндегідей байқаларлық дәрежеде болмағандығы еді.

Хандықта жоғары мемлекет лауазымдары

Хандықта басқа өзбек мемлекеттері сияқты мансап иелері екі санатқа бөлінген. Бірінші санат *умаро* (дүниелік жұмыстар мәселелерімен шұғылданушылар), ал екіншісі *ғұлама* (дін жұмыстарымен шұғылданушылар).

Умаро мансап иелерінің ісінде ең беделдісі *мыңбасы* – Бас уәзір, әскердің Бас қолбасшысы және сыртқы саясат мәселелерінде ханның Бас кеңесшісі еді. (Хиуа хандығында Бас уәзір қандай атпен аталғанын есіңе түсір.)

Девонбегі де жоғары мемлекет мансабы болып, ол хандық девонханасына жетекшілік еткен, сондай-ақ, қаржы жұмыстарын басқарған.

Мырза қазынаға түскен түсімнің есеп-қысабын жүргізген.

Дастарханшы– хан дастарқанына тағам тартушы мансап иесі еді.

Тарихтан көптеген билеушілердің умен өлтірілгені, у көбінесе тағамға немесе ішімдікке қосып берілетіні белгілі. Соның үшін хан дастарқаншы лауазымына ең сенімді адамды қойған.

Хиуа хандығында болғаны сияқты, Қоқан хандығында да *мехтар* лауазымы болған. Бірақ бұл хандықта ол тек хандықтың қаржы жұмыстарына жауапты болған девонбегінің орынбасары ғана еді. Сондай-ақ, хандықта *шығауыл*, *инақ*, *аталық*, *дадхах құсбегі*, *парванашы*, *қазынашы* сияқты жоғары мәртебелі лауазымдар бар еді.

Ғұлама мансаптарының ішінде *шайхулислам*, *қазы калон*, *хожа калон* (*нақиб*), *қазы әскер*, *муфти*, *қазы ағлам* және *төраға* лауазымдарының айрықша орны бар еді. Ғұлама мансаптарын иелеген әрбір тұлғаның қандай мәселелер бойынша жауапты екендігін алдыңғы тақырыптарда біліп алдың.



1. Хандық орналасқан және иелеп алған аумақтар жөнінде нелерді біліп алдың?
2. Хандық аумағы әкімшілік жағынан қандай бірліктерге бөлінген?
3. Хандықтың мемлекет басқаруы қай жақтарымен Бұхара әмірлігіне ұқсайды және қай жақтарымен өзгешеленеді?

4. Хандықта бар жоғары мемлекет мансаптарын Хиуа хандығындағы сондай мансаптармен салыстыр.

Пікірталас үшін

Неліктен өзбек хандықтарында мемлекет құрылымының басқару түрі және жоғары мемлекет лауазымдары дерлік ұқсас болған?



„Өзбек мемлекеттерінің саяси өмірінде болған өзгерістер, мемлекет басқару формасы мен мемлекет лауазымдары“ кестесін толтыр.

№	Сұрақтар	Бұхара әмірлігі	Хиуа хандығы	Қоқан хандығы
1.	XVIII ғасырда мемлекеттердің саяси тіршілігінде болған маңызды өзгерістер			
2.	Билік басына келген әулеттердің аттары			
3.	Мемлекет құрылымына қарай ұқсастықтар			
4.	Әкімшілік бірліктердің саны			
5.	Ең төмен әкімшілік бірліктердің аты			
6.	Бас уәзірдің аталуы			
7.	Қаржы жұмыстарына жауаптылар			
8.	Әскердің бас қолбасшысы			

35-§. Қоқан хандығында әскери қызмет

Тұрақты әскердің құрылысы

Қоқан хандары да ішкі және сыртқы саясатта әскердің маңызын өте жақсы түсінген. Соның үшін Әлімхан 1805 жылы бірінші болып хандықта 10 мың адамдық тұрақты әскер түзді. Бұл әскердің негізін таулы тәжіктер құрады. *Навкарія* деп аталған бұл тұрақты әскер оқатар қарулармен қаруланды және тез арада барлық әскердің

соққы беруші күшіне айналды. Омархан дәуірінде олардың саны 12 мың адамға жеткізілді. Ал Худаярхан Османды мемлекетінен сапалы даярланған мылтық (винтовка) алып келтірді. Сондай-ақ, хандықта *қылқұйрық*, *қарақазан* және *қарасерік* деп аталатын тұрақсыз әскер де сақтап қалынды. Олар көмекші бөлім болып есептелетін еді. Көмекші бөлім қажетке қарай халық санына және аумақтардың экономикалық жағдайына қарап жиналған.

XIX ғасырдың 30–40 жылдарында хандықта жалпы 30 мың әскер бар еді. Хандықтағы барлық еңбекке жарамды ерлер әскери қызметке шақырылуы мүмкін еді. Қайсы аумақ қанша әскер жіберуін үкімет алдын ала белгілеп қоятын. Тұрақты әскерге алу мирастық болған. Яғни әке қаза тапса немесе әскери қызметке лайықсыз болып қалса, орнына ұлы шақырылған. Әскерлік тізіміне енгізілген адам өз қалауына қарай одан шыға алмаған. Сондай-ақ, жанұяның жалғыз еркегі қызметке алынбаған. Бейбітшілік кездерде әр күні әскерлердің 1/10 бөліміне жанұя мүшелерімен көрісіп келуге рұқсат етілген.

Әскердің құрамдық бөлімі және басқару тәртібі

Әскер құрамдық жағынан *сипах* (атты), *топшы* (артиллерия), *сарбаз* (жаяу) және *сараланған арнайы бөлім* (галаботит және мергендер) деп аталатын 4 бөлімнен құралған. Сөз жоқ, ол дәуірде атты әскер жасақтың негізін құраған. Тұрақты тәртіпте қызмет ететін әрбір атты әскерге мемлекет бағасы 80 алтынға дейін тұратын ат пен ер-жабдық берілген. Хандықта 20 мың атты әскер қызмет еткен.

Худаярхан біршама заманалық *топшы әскерді* түзді. Әскер қолбасшыға әскери әрекет шағында *амири лашкар* атағы берілген. Ол әскердің Бас қолбасшысы саналып, әскери әрекеттің нәтижесі үшін жеке өзі жауапты болған. Әскерде мыңбасы (жоғары қолбасшы), амири лашкар, *құсбегі* (өз әскеріне ие бектік әкімі), *батырбасы* (бектіктердегі әскери істің жағдайы үшін жауапты), *вали* (аймақ бастығы, артиллерия қолбасшысы), *бекініске лайық* (әскери бекіністер үшін жауапты тұлға), *құрбасы* (қару-жарақ жасайтын ұстахана мен қойма бастығы), *ёвар* (амири лашкар арнайы бөлімінің бастығы), *топшыбасы* (топшылар бөлімінің бастығы), *тоқсоба* (өз туына ие болған әскери бөлім бастығы) және *понсадбасы* (500-ден құралған әскери жасақ қолбасшысы) сияқты жоғары дәрежелі әскери мансаптар бар еді. Әскери әрекеттер кезінде ханның хас сақшылары әскерлерді шайқаста рухтандырып тұрған.

Шегініп жатқандарға борышы туралы ескертіп тұру да олардың міндеттеріне кірген.

Қазы әскер әскери әрекет басталудан алдын хан атынан жиһад жария еткен. Бұдан тыс, олжаны бағалаған және әскердің рухани көрінісі үшін де жауапты болған.

Ал қазы төраға әскер муфтисі берген қаулы атқарылуының қамтамасыз етілуін бақылаған.

Әскери әрекеттер кезінде әрбір бөлімде 5 адамдық топ та қызмет жүргізген. Олардың міндеті жарақаттанған әскерлерді шайқас алаңынан алып шығу және қаза болғандарды жерлеуден құралған еді.

Әскери әрекеттерді бастаудан алдын әскер *илгор* (алдыңғы бөлім), *маймана* (оң канат), *майсара* (сол канат) және *орталық* бөлімдеріне бөлінген. Хандықта 1000 кісіден құралған әскер бөлімі *ту* (мыңдық), 500–1000-ға дейінгі әскер бөлімі *жаллау* деп аталған. Ал жүздік бөлім елулікке, ал елулік *ондыққа* бөлінген.

Әскер қамсыздығы Әрбір мемлекетте, әсіресе, кем дамыған мемлекеттерде әскер сақтау өте үлкен қаражаттар талап еткен. Қаражаттардың бәрі салық түсімдері есебіне қапталған, әрине. Сондай-ақ, әскери қаражаттарды қаптау үшін халыққа „мылтық пұлы“ деп аталатын салық та енгізілген, ол орта жанұялар үшін 2,5 алтын, бай жанұялар үшін 5 алтын мөлшерінде белгіленген. Әскери қызметшілерге атағына қарай бір жылға 200-ден 8 мың теңгеге дейін ақша, сондай-ақ, 20 батпаннан 2 мың батпанға дейін бидай берілген.

Жүзбасына бір жылда 147 күміс теңге, елубасына 98 теңге, онбасына 65 теңге, ал қатардағы әскерге 43 теңге ақы төленген. Ал әскери соғыстардан алдын жүзбасына 2 алтын, елубасы мен қатардағы әскерге 1 алтыннан берілген. Ия, хандықтың әскери күштері, олардың әскери дайындық дәрежесі өте төмен болған. Өйткені әскер үшін офицерлер даярлайтын арнайы әскери оқу орындары болмаған. Әскерлерге әскери қызмет арнайы әскери білім алмаған адамдардың өз деңгейлеріне жараса, тек жинаған тәжірибелеріне сүйенген күйде ғана үйретілген. Бұндай адамдар *шогирдпечалар* деп аталған. Тұрақты әскер жылына екі рет әскери байқаудан өткізіп тұрылған.

**Шекараларды
нығайту үшін
жасалған шаралар**

Хандық шекараларының қауіпсіздігін нығайту үшін сол дәуірде әскери бекініс пен қорғандар құрылысы маңызды болған. Соның үшін бұл

мәселеге ерекше мән берілген. Әскери бекіністер маңызы мен үлкен-кішілігіне қарай 3 топқа бөлінген.

Бірінші топ – бірнеше әкімшілік бірліктердің орталықтарында жайғасқан бекіністер (Ташкент, Марғұлан, Қоқан, Әндіжан, Наманган қалалары).

Екінші топ – жергілікті басқару қарамағындағы бекіністер (Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Оратөбе, Пішпек, Ақмешіт).

Үшінші топ – ірі орталықтарды бір-бірімен байланыстырушы жолдарда құрылған кіші бекіністер.

Қоқан қаласы бекінісі екі қорғаныс қабырғасымен қоршалған. Оның ішінде тағы қабырғамен қоршалған бірнеше ғимараттар да құрылған. Ғимараттарда әскерлердің аттары, қару-жарақтары, қор көздері сақталған. Сондай-ақ, әскерлердің өздері де жасайтын бөлмелері болған. Бекіністер хандықтың сыртқы қауіпсіздігін ғана емес, сонымен қатар мемлекетті ұзақ-жақын аумақтар, мемлекеттермен байланыстырушы сауда жолдарын күзетуге де сүйеніш міндетін орындаған.

Хандықтың солтүстік бөлімі мықты қорғалып, бұл жерде Түркістан, Шымкент сияқты қала-бекіністер, сондай-ақ, ірі экономикалық және саяси орталық – Ташкент қаласы да жайғасқан еді.

Ахангаран мен Шыршық аңғарында Керовшы, Тойтөбе және Бөке бекіністері құрылған. Ал хандықтың батыс бөлігінде стратегиялық тұрғыдан үлкен маңызға ие Оратөбе, шығыс бөлігінде Ош пен Пішпек (қазіргі Бишкек қаласы, Қырғызстан Республикасының астанасы) бекіністері құрылған еді. Бекіністердің барлығы қабырғамен қоршалған. Қабырғаның сыртында терең шұқырлар қазылып, сумен толтырылған. Бекініс қорғаушылары дұшпанға қарата оқ атуларына қолайлылық туғызу үшін арнайы тесіктер (бурждар) қойылған. Бекініс мұнарасынан айнала-төңірек бақылап тұрылған. Зеңбіректер бекініс қақпасының төбесіне және мұнаралдар үстіне орнатылған.



Батпан – ауырлық өлшем бірлігі, 1 батпан шамамен 164 кг-ға тең.

Стратегиялық – жалпы мақсатқа жету үшін маңызды болған.



1. Тұрақты әскер мен тұрақсыз әскерді салыстыр, қорытындынды дәптеріңе жаз.
2. Қоқан хандығында тұрақсыз әскер қандай аттармен аталған және олар қандай тәртіпте жиналған?

3. Хандық әскерінің құрамдық бөлімдері жөнінде нелерді біліп алдың?
4. Жоғары мәртебелі әскери лауазымдар тізімін жаса.
5. Әскер қамсыздығы қалай іске асырылған?



Елімізде енгізілген „Әскерлікке шақыру резерві“ қызметі қандай мақсатта енгізілгендігін және ол қандай тәртіпте өтелуін анықтап кел.

36-§. Қоқан хандығындағы әлеуметтік-экономикалық өмір

Жер иелігі Қоқан хандығында да барлық жер мемлекет мүлкі еді. Сол кезде, ол иелік түріне қарай, *амлок* (мемлекет), *жеке* және *вақф* жерлеріне бөлінген.

Амлок жердің белгілі бөлігі ханға тиісті болған және 3 бөлімге бөлінген. Біріншісіне *тән мүлк* деп аталған. Одан алынған табыс сарай халқы мен күзетшілер қаражаттары үшін жұмсалған. Екінші бөлігі *тақиқ жер* (қорық жер) деп аталған және ол жайлау, қамысты және бұталы жерлерден құралған. Үшінші бөлігі *чек жерлер* деп аталып тікелей ханға тиісті болған. Жеке жер иелігі ірі мемлекет лауазымдыларына мемлекет алдындағы қызметтері үшін жер бөліну, сондай-ақ, жеке кісілерге сату (мүлки хур холис) арқылы қалыптасқан. Жеке жер иесі болған бірінші топ өкілдері жерге емес, сондай-ақ одан алынатын табысқа және сол жерде құрған ғимаратқа иелік еткен. Сондай-ақ, өсірілген өнімнің 1/5 бөлігі мөлшерінде салық төлеген. Жерді мирас етіп қалдыру құқығына ие болғандығы үшін қазірге дейін иелік етіп тұрған жерлер белгілі бөлігінің перзенттерінде сақталып қалуын қамтамасыз ету үшін вақф ұрпақ еткен. Вақф жерлер сатылмайтындығы, сыйланбайтындығы және мирас етіп қалдырылмайтындығы белгілі. Сондықтан діни мекемелерге вақф ұрпақ етілген жерден алынатын табыстың вақф құжатында көрсетілген бөлігі жерді вақф мүлкі меншігіне өткізген лауазымдының ұрпақтарына тиісті болатын еді. Екінші топ сатып алынған жерге тікелей иелік еткен. Мұндай жерлерден салық алынбаған. Мемлекет жерінің сатылғандығы және сатып алынғандығы жөніндегі құжат қазыханаларда қол қойылған. Мұнда жер сатушының, яғни ханның өзі де қатысқан. Жеке жер мүлік иелігі әскери қызметкерлеріне жер беру арқылы жетілдірілген. Әскерилерге берілген жерлер *танхо жерлері* деп аталған.

Мүліктердің көпшілігі 30 сотихтен 60 сотихке дейін болған. Жерлер өңделу үшін диқандарға жалға берілетін еді. Диқандар хан жерлерінде де еңбек ететін еді. Хан жерлерінде жұмыс істеу үшін жіберілгендердің саны 10 мыңға дейін жететін еді. Олар *мердікерлер*, жеке жерлерде өнімнің 1/4 бөлігі үшін жалданып жұмыс істейтін жерсіз, ат-ұлаусыз кедейлер *чорикорлар* деп аталатын еді. Бұдан тыс, *корандалар* деп аталатындар да болып, олар өнімнің 1/2 бөлігін алу шартымен жерлерді жалға алып, өз еңбек құралдарымен, ат-ұлауларымен жалданып жұмыс істейтін еді.

Салық және міндеттемелер

Негізгі салық – *хираж* болып, оның мөлшері егін егілетін жер алаңы мен егін түріне қарай өнімнің 1/3–1/5 бөліміне дейін белгіленетін еді.

Көшпелі малшылардан алынатын зекеттің түрлері көп еді. Олардың негізгілері „қорабоши“, „түтін ақысы“, „жиын салық“ деп аталатын еді.

„Қорабоши“ – көшпелі малшылардан мал басына және ірі қараға қарай алынатын зекет. Бұл зекет қыста малдар қораларында тұрғанында жинап алынған.

„Түтін ақысы“ – көктем келгенде жаңа шалғындықтарда көшуден алдын отбасы басына біреуден қоймен алынатын салық (зекет).

„Жиым салық“ зекет төлемейтін топтардың бекке беретін 9 бұйымнан құралған сыйларының жиыны болған.

Еңбексүйгіш халық дерлік барлық нәрсе үшін салық төлейтін еді. Өйткені барлық қорық жерлер, тоғайлар, бұталы, ағашты шағын ормандар, көлдер және барлық жайлаулар ханның еркінде еді. Халық қала қабырғаларын қамтамасыз ету, қорғаныс құрылымдарын құру, каналдар қазу, арыктарды тазалау және жол құрылысында қатысу секілді міндеттемелерді өтеген.

Ауыл шаруашылығы, қолөнершілік және сауда

Қоқан хандығында да Хиуа хандығы және Бұхара әмірлігінде болғаны сияқты жасанды суғару шеберлігін жетік иеленген және судан тиімді пайдаланылған. Негізгі ауыл шаруашылық егіні бидай мен мақта еді. Сондай-ақ, жеміс, көкөніс және бақша егіндерінің дерлік барлық түрлері өсірілген. Мал шаруашылығында жүгері мен беде жетекші орынға тұрған.

Ферғана аңғарында мақташылық жылдан жылға дами берді. Ресейдің өзбек мемлекеттерінен, оның ішінде, Қоқаннан мақта сатып ала бастауы бұл егін алаңдарының одан да кеңеюіне себеп болды. Мақта саудасына тіпті кеден де бекер етілді.

Қоқанда қолөнершілік мыстан бұйымдар жасау, зергерлік, ою жасау, қолөнершілік, қағаз жасау, тоқушы, тақия тігуші, кесте тігуші, көпір жөндеуші, темірші, нан пісіруші, арба жасаушы, барқыт тігуші, бояушы, дорукаш, саз балшықты кірпіш қалау бойынша ұста, қазан жасаушы, кенші, қару жасаушы, найза жасаушы, тор жасаушы, пілләкеш, тері илеуші, темірші, паранджы тігуші, тігінші, бедерші, кілем тоқушы секілді түрлері өте дамыған.

Қоқан хандығының экономикалық өмірінде Бұхара әмірлігі, Хиуа хандығы, Қашқар, Үндістан, Ауғанстан, Иран, Қытай және Ресеймен жүргізілген сауда байланыстары үлкен орын иелеген. 1832 жылы қол қойылған Қоқан–Қытай келісім-шарты бойынша, Қоқан ханы Қашқарда саудагерлерден кеден төлемін жинау құқықын алған.

Хандық қалалары

Хандықтың бас қаласы Қоқанға байланысты мәліметтер X ғасырдан бастап кездеседі.

Деректер бойынша, оның жасы 2000 жылдан астам. Деректерде „Хавоқанд“, „Хоқанд“ деген аттармен атап өтілген. „Хавоқанд“ сөзі „әсем“, „жағымды“, „көркем“, „жел қаласы“ деген мағынаны білдіреді, деген пікірлер де бар. Жергілікті халық өз қаласын Хоқанди латиф немесе Қоқан деб атаған. Қоқан қаласы XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысында тек хандықтың, сондай-ақ, Орта Азияның ірі қалаларының бірі еді. 1842 жылы Қоқан мықты қабырғамен қоршалды. Қалаға 12 қақпадан кірілетін еді. Қаланың 12 қақпалы болуына себеп, оның әкімшілік жағынан 12 ауданға бөлінгендігі еді. Бұл дәуірде қалада 30000 халық өмір сүрген. XIX ғасыр орталарында Қоқандағы медреселердің ішінде Мадалихан, Нарботаби, Жоме, Хакимойин, Хожа дадхх, Мингайым медреселері жеке бөлініп тұрады. Олардың әрбірінде 38-ден 100-ге дейін құжрасы болған.

Әндіжан

Орта Азияның атышулы қалаларынан бірі болған Әндіжан „Ұлы жібек жолында“ құрылған. Арабтар басып алған „Андукон“ деп аталған. Тарихшы ғалым, академик А.Мұхаммеджановтың атап өтуінше, „Әндіжан“ сай бойындағы қала, деген

мағынаны білдіреді. Әндіжан XV ғасырдан бастап Ферғана аңғарының орталығына айналды. Захириддин Мұхаммед Бабыр дәуірінде Әндіжанда шаруашылық, ғылым және мәдениет дамыды. Ол „Бабырнамада“ Әндіжанға *„Ғашықтығы адал, жемісі шырын, қауын мен жүзімі жақсы болар... Мауароуннахрда Самарқант және Кеш қорғанынан соң бұдан ұлы қорған жоқ болар. Үш қақпасы бар. Тоғыз тарнау су кірер“*, деп сипаттаған.

Қоқан хандығы қалыптасқан соң, қала Әндіжан бектігінің орталығы болып қалды. XIX ғасырдың орталарында Әндіжан 4 ауданға бөлінді. Әр ауданға қазы мен мыңбасы тағайындалды. Аудандар махалларға бөлінген болып, оларды ақсақал басқарған.

Ташкент 2009 жылы 2200 жылдығы атап өтілген Ташкент те

Орта Азияның көне қалаларының бірі. Ол әртүрлі дәуірлерде Шош, Чоч, Бинкат секілді аттармен аталып келінді. XI ғасырдан бастап қазіргі атымен атала басталды.

Ташкент өз тарихында әртүрлі уақыттарда елімізге бастырып кірген мемлекеттерге бағыныштылық дәуірлерін бастан кешірді. 1503 жылы Шейбанилер мемлекеті құрамына енгізілді. XVI ғасырда қалада үлкен жасампаздық жұмыстары жүзеге асырылды. Өйткені, Баракхан, Көкелдеш медреселері секілді сәулеткерлік ғимараттар құрылды. 1723 жылы Ташкентті көшпенді жоңғарлар иелеп алды. Жоңғарларға бағыныштылық 1758 жылға дейін жалғасты. XVIII ғасырдың екінші жартысында Ташкентте төрт әкімшілік пайда болды (Шайхантахур, Бесағаш, Көкше және Себзар). 1784 жылы *төрт әкімшілік* жойылды және біртұтас *Ташкент бектігі* ұйымдастырылды. 1810 жылы Әлімхан билігі дәуірінде Қоқан хандығы құрамына қосып алынды.

Ташкент маңызды халықаралық сауда жолы қиылысында орналасқандығы себепті қолөнершілік жоғары дәрежеде дамыды. Чорсу қала өмірінің орталығы еді.



1. Хандықта жер иелігі қатынастары жөнінде нелерді біліп алдың?
2. Вақф ұрпағы ұғымы нені білдірген?
3. Мердікер, чорикор, коранда ұғымдарына түсінік бер.
4. Салық түрлерін атап өт.
5. Ресей–Қоқан, Қоқан–Қашқар сауда қатынастарының дамуына мысалдар келтір.

6. Хандықтың Ташкент және Қоқан қалаларын бір-бірімен салыстыр және қорытындыларды дәптеріңе белгілеп қой.



2019 жылдан бастап Өзбекстан Республикасы салық заңдылығында азаматтар төлейтін салық жүйесінде қандай өзгерістер жүзеге асырылғандығын салық төлеуші ата-анаң арқылы анықтап кел.

37-§. Қоқан хандығының сыртқы саясаты

Қоқан – Қытай қатынастары

Қоқан хандығының Син империясымен қатынастары өте ауыр кешті. Бұған бір жағынан, Қытайдың 1755–1759 жылдар барысында Шығыстық Түркістанды өзіне мойынсұндырылуы, екіншіден, Қоқан хандығын әлсіздендіруге әрекет етуі себеп болды.

Ердонахан билігі дәуірінде Қытай жоңғарларды тас-талқан етіп, қазақ жүздері жеріне шабуыл бастады және Ташкент шекараларына жақындасып келді. Шығыста Ош облысын (қазіргі Қырғызстан Республикасы аумағында) басып алды. Әндіжан, Марғұлан және Наманган бектіктері Қытайға вассалдығын тән алды. Осындай Ердонахон Қытай мен Қоқан хандығы үшін тағдырлы келісім-шартқа қол қоюға мәжбүр болды. Ол бойынша, Қоқан хандығы өзінің Қытайға бағынышты екендігін тән алды. Қытайға үлкен табан төледі, императорға бағалы сыйлықтар жөнетті.

Шығыстық Түркістан (Қашқар) – ұйғыр халқының отаны. Оны Қытай басып алған соң, Қашқар билеушілері Қоқаннан баспана тапқан еді. Қытай үкіметі Омарханға оларды Қашқарға өткізбеу шартын қойды. Мадалихан дәуірінде Қоқан–Қытай қатынастары одан әрі шиеленісті. Бұған Мадалиханның Қытайға жалпы мойынсұнбау туралы шешім қабылдағаны және мемлекет шекарасын одан әрі Шығыстық Түркістан жағынан кеңейтіп бара жатқандығы, сондай-ақ, 1825 жылы Қашқар халқының Қытайға қарсы азаттық күресін қолдап-қуаттағаны себеп болды. Қытай үкіметі бұған жауап ретінде 1829 жылы Қоқанның Шығыстық Түркістанда жүргізетін сауда жұмыстарына тыйым салды. Қоқандық саудагерлердің көпшілік бөлігін айдап, мал-мүлкін кәмпескеледі.

Ал Мадалихан Шығыстық түркістандықтардың Қытайға қарсы бостандық күресі жетекшісі Жахонгирқожа және оның інісі Юсуфқожаға

көмек үшін әскер жөнетті. Нәтижеде, Юсуфқожа Қашқарды иеледі және Жаркентті иелеу үшін әскери әрекетті жалғастырды. Ал бұл Қытай үкіметін қатты қауіптендірді де олар Юсуфқожаға қарсы үлкен әскер жіберді.

Көтерілісшілердің қатарында мықты бірлік жоқтығы және Бұхара–Қоқан қатынастарының нашарлауы салдарынан Қоқан ханының Шығыстық Түркістанға жіберген әскерін шығарып алуы арқылы Юсуфқожа жеңіліске ұшырады. Нәтижеде, Юсуфқожа Шығыстық Түркістанды тастап шықты. Онымен 70 мың ұйғыр жанұясы Ферғана аңғарына көшіп келді. Кейін де Қоқан хандығы өз шекараларын одан әрі Шығыстық Түркістан жағын кеңейту саясатын жалғастырды. Сол кезде, Қытай қаржылық ділгірліктердің арқасында Қоқан хандығына қарсы ашық соғыс қозғалыстарын жүргізуге күші жетпейтін еді. Нәтижеде, 1832 жылы Пекинде Қытай–Қоқан келісім-шартына қол қойылды. Ол бойынша, Қоқан Жахонгирқожа ұрпақтарын Шығыстық Түркістанға өткізбеу міндетін алды. Бұдан тыс, Қытай Шығыс Түркістанда қоқандық саудагерлер қызметіне тыйым салуды жоққа шығарды. Сондай-ақ, Қоқан саудагерлеріне Шығыстық Түркістанда кеден төлемей сауда жасау құқығы да берілді. Шығыстық Түркістаннан Қоқан саудагерлері жіберілгенде олардан тартып алынған мал-мүліктерінің орнына Қоқан хандығына табан төленді. Соңында, Шығыстық Түркістанда сауда жасаушы орта азиялық саудагерлер төлейтін кедендерді жинап алу құқығы Қоқан хандығына берілді.

Қоқан–Бұхара қатынастары

Бұхара әмірлігінің Қоқан хандығы аумағы шайбанилер мен аштарханилер дәуірінде Бұхара хандығы құрамында болғандығына мән беруі екі мемлекет қатынастарында дұшпандық көңіл күйінің басымдылық еткендігіне себеп болды.

Екіншіден, Бұхара әмірлігі өзін үш өзбек мемлекеті арасында жетекші деп есептейтін және бұл беделдің қалған екі өзбек мемлекеті жағынан тән алуын қалаған еді.

Үшіншіден, Қоқан хандығы өз аумағын Бұхара әмірлігі көздеген немесе оның билігін тән алған облыстар есебіне де кеңейтіп барды. Өзара қарулы соқтығысуларда біресе Бұхара әмірлігінің, біресе Қоқан хандығының қолы басым келіп тұрды.

Омархан дәуірінде Бұхара әмірі Хайдар тіпті бүкіл мұсылман әлемінің халифасы деп тән алынған Османды мемлекеті сұлтаны Махмұт II ге Хиуа және Қоқан хандықтарына арыз жазып хат жолдаған. Ол хатында Мауароуннахр, Қоқан, Дешті Қыпшақ, Марв, Балх, Куляб және Бадахшан алдымен Бұхараға мойынсұнып келгендігін, Қоқан және Хиуа хандары Бұхара әмірлігінің жоғары әкімшілігін тән алмайтындығын атап өтті. Бірақ сұлтан Махмұт II Қоқан хандығының Бұхара әмірлігі алдында тәуелсіз мемлекет беделін тән алғандығы Омарханға үлкен рухани қуат берді.

Мәдәліхан да Осман сұлтандығына елші жөнеткен. Сұлтанның атына жазылған хатында Мәдәліхан сұлтанның „мұсылмандар халифасы“ мәртебесін тән алуы, Қытайға қарсы қасиетті соғыс жүргізгендігін мәлімдеді. Сол кезде, сұлтанның Қоқанға құрал-жабдық ұсталарын жіберуін сұрады. Ұсталардың жіберілуі Бұхара–Қоқан қатынастары одан да шиеленісіп жатқан кезде өте маңызды еді. Бірақ бұл өтінішті қабылдамады.

Қоқан–Ресей қатынастары

Мәдәліхан Шығыстық Түркістандағы мұсылмандарды Қытай басымынан қорғауда Османды сұлтанынан қажет көмек пен әскерді заманалық негізде қаруландыру үшін мамандар жіберілуіне қол жеткізе алмаған соң, енді Ресеймен қатынастарды жолға қоюға шешім қабылдады. Сол мақсатта 1831 жылы Ресейге елші жіберді. Бірақ елшілік сәтсіз аяқталды. Оның негізгі себебі әр екі мемлекеттің де Орта жүз қазақтары демеушісі болуға үміткерлігі еді. Сондықтан да Ресей үкіметі Қоқан елшілерін Орынбордан әрі өткізбеу жөнінде нұсқау берді.

Мәдәліханның қару-жарақ сату және артиллерия әскерлерін жіберу жөніндегі өтініші қабылданбауы табиғи еді. Нәтижеде арадан 10 жыл өткен соң, 1842 жылы Мәдәліханнан кейін таққа отырған інісі сұлтан Махмұдхан Ресейге екінші елшілер тобын жөнетті. Өйткені хандыққа Ұлыбритания қауіп төндіруі мүмкіндігі анық бола бастаған еді. Бұл қауіпке қарсы тұра алу үшін Ресейдің көмегіне қол жеткізу аса маңызды мәселе еді. Орта Азияда Ресей – Ұлыбритания мүдделері соқтығысуы жақындап жатқан бір кезде Ресей императоры Николай I Қоқан елшілерін қабылдады. Сол кезде, негізгі назар екі мемлекет арасындағы сауда байланыстарын одан әрі дамыту, сондай-ақ, Қоқан хандығына тау-кен мамандарын жіберу мәселесіне де қаратылды. Бірақ

1842 жылдың көктемінде Бұхара әмірлігінің Қоқан хандығына шабуылы елшілік нәтижелерін жоққа шығарды. Енді Ресей Қоқан хандығының әлсіреп қалғандығынан пайдаланып қалуға шешім қабылдады.

Сондықтан да Қоқан ханы Худаярханның Ресей Қоқан бойынша жүргізіп жатқан саясаты жөнінде білдірген арыздары ескерілмеді.

Соған қарамай, Худаярхан Қоқан шекарасында жаңа құрылымдар құрылғанына наразы болып Ресейге елші жіберді. Худаярхан Николай I ге жолдаған хатында Қоқан хандығында қоғам тәртібі қалпына келтірілгендігі, сауда жолдары жақсы қорғалғандығы, орыс саудагерлері үшін ешқандай қауіп-қатер жоқтығын білдіреді. Сондай-ақ, Райым құрылымы құрылғанынан наразы екендігін де мәлімдеді.

Николай I жауап хатында Қоқанда тәртіп орнатылғанынан риза екендігін, екі мемлекет арасында жақсы қатынастарды сақтап қалуды қалайтынын білдірді. Сыртқы Істер уәзірі Райым құрылымы бұзылмайтындығын мәлімдеді. Ол өз пікірін Райым құрылымының, ең алдымен, Ресей аумағында құрылғандығы, ал екіншіден, бұл құрылым ол құрылған аумақта тәртіп және бейбітшілікті және сауда керуендері қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қызмет ететіндігімен негіздеді. Бірақ тез арада Қоқан қамалы болған Ақмешітті Ресей басып алуын көздеп жатқандығы белгілі болған соң, Ресей–Қоқан қатынастары одан да шиеленісе түсті. Енді ерте ме – кеш пе, Ресейдің Қоқан хандығына қарсы басқыншылық жүрісінің басталуына күмән қалмады.



- 1759 жылы – Қытай Шығыстық Түркістанды бағындырды.
- 1825 жылы – Мадалихан Шығыстық Түркістан халқының Қытайға қарсы азаттық күресін қолдап-қуаттады.
- 1832 жылы – Пекинде Қоқан–Қытай келісім-шартына қол қойылды.



1. Қоқан–Қытай қатынастарында сақталып тұрған шиеленісудің себебін атап өт.
2. Ерданахан мен Омархан дәуірінде Қоқан–Қытай қатынастары жөнінде нелерді біліп алдың?
3. Мәдәліхан билігі дәуірінде Қоқан–Қытай қатынастарының шиеленісуіне нелер себеп болды?
4. 1832 жылы Пекинде қол қойылған Қытай–Қоқан келісім-шартының мазмұны жөнінде әңгімелеп бер.
5. Неге Қоқан–Бұхара қатынастарында әрқашан шиеленісу сақталып тұрды?
6. Қоқан–Ресей қатынастары жөнінде нелерді біліп алдың?

38-§. Қоқан хандығында мәдени өмір

Омархан және мәдени орта

Хандықтың сауда мен қолөнершілік орталығы болған Қоқан, Марғұлан, Әндіжан, Наманган, Ташкент және басқа қалалары, сондай-ақ мәдениет орталықтары еді. Өйткені, тек Қоқан қаласының өзінде 120 мектеп, 40 медресе мен мешіт, Марғұланды 80 мектеп, 10 медресе мен мешіт қызмет атқарған. Бұл жерде XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысында ілім-ағарту саласында атақты шығармашылар жетіліп шықты. Ал Қоқан ханы Омархан ілім, мәдениет, әдебиеттің дамуына, медреселерде оқу-оқыту жұмыстарын жақсартуға, түрлі кәсіптік-мамандық мектептерінің ашылуына көңіл аударды.



Омархан және оның өмір жолдасы, әйгілі өзбек ақыны Надыраның іс-әрекеттері нәтижесінде XIX ғасырдың басында Қоқан ілім-ағарту орталығына айналды да бұл жерде Қоқан әдеби ортасы қалыптасты.

Омарханның өзі „Амири“ бүркеншік атымен көптеп өлеңдер жазды. Оның айналасында 70-тен астам ақын жиналды. 1821 жылы Фазли Намангани Омархан әмірі бойынша, 63 ақынның өлеңдерін қамтыған „Мажмуи шоирон“ жинағын түзді. 10 мың қатардан артық өзбек, парсы-тәжік тіліндегі ғазел, мухаммас, тұйық жанрларындағы өлеңдер жиналған жинақ жасалды.

Араб және парсы тілдеріндегі кітаптар өзбек тіліне аударылды. Құнды кітаптарды қабілетті көшіріп жазушылар көшіріп жазып, нәзік суреттермен көркемдеді.

Махмур мен Гулхани

Өмір Омархан дәуіріндегі ірі ақындардан бірі Махмур (шын аты Махмұт) XVIII ғасыр соңында туылып, 1844 жылы қаза тапты. Қоқандағы Мадрасаи Мирде оқыды. Кейін әскерде сипохилик етті. Махмурдың сатиралық өлеңдерінің жинағы сақталып, онда 69 шығарма (3717 қатар) жиналған. Ол ұлттық әдебиетте әлеуметтік сатираны жоғары сатыға көтерді. Сықақ шығармаларында халыққа зұлымдық жасаған шенеуніктерді қатаң сынаған. Атап айтқанда, „Хапалак“ өлеңінде Хапалак аулындағы халық өмірінің аянышты көрінісін бейнелесе де, негізінде, бұл өлең бүкіл хандық аймағындағы халық өмірінің көрінісін бейнелеген еді. Бұл өлеңде төмендегі қатарлар жазылған еді:

*Халқын көрсен егер де, өлесі болып қираған
Сымбаты кемпірқосақтай иіліп қапты аштықтан.
Үйлерінің бар-жоғын егер баян етсем мен
Бір үйшік екі еселі, үш лашық, төрт қапастан.*

Өзбек классик әдебиетінің сыншылдық бағытын дамытқан Махмур мұрасы кейінгі дәуірдегі шығармашы жұртшылығының сатиралық шығармашылығына тиімді ықпал жасады. Бұл дәуір әдебиетінің тағы бір ірі қайраткері Гулхани (Мұхаммед Шариф) еді. Ол 1770 жылы қазіргі Тәжікстанның Тавилдара ауданында туылған. Бастауыш білімді аулында алды. Мұқтаждықтың салдарынан Наманганға келіп жалданып жұмыс істеді. Ал кейін келе Қоканда жасады. Бұл жерде моншада от жағушы болып істеді. Сол себепті „Гулхани“ лақабымен шығармашылық еткендігі бекер емес.

Гулхани бірінші болып өзбек әдебиетінде поэзияға мысалды тәуелсіз жанр ретінде енгізген шығармашы. Гулханидің бүкіл шығыс әдебиетінде атышулы болып есептелген шығармасы „Зарбулмасал“ болып табылады.

Шығармадағы "Маймыл және балташы", "Түйе мен Бота", "Тасбақа мен Шаян" секілді мысалдары терең құлықтық-тәрбиелік мәнге ие. Шығармадағы Жапалақ пен Байғыз, Жарқанат пен Сасықкөкек, Куланкир сұлтан және Мәлік сұлтандардың бейнелері арқылы сол дәуір қоғамындағы кемшіліктерді, үстем таптардың халыққа жасап жатқан зұлымдықтарын, халықтың ауыр тұрмыс жағдайын шынайы үлкен көркемдік шеберлікпен айқындап берген.

Увайсий

Қокан әдеби ортасын Жахан атын (бүркеншік аты Увайси, 1779–1845) мен Махларайым (бүркеншік аты Нодира)лар шығармашылығынсыз ұғынуға болмайды. Увайси жанұясы өз дәуірінің озық және ағартушы жанұяларынан еді. Әкесі әрі өзбек, әрі тәжік тілінде шығармашылық жасаған. Жанұядағы орта Увайсида шығармашылық қабілетін жүзеге шығарды. Увайси Науаи, Лутфи, Бабыр, Фузули және Жами шығармашылықтарын ықыласпен үйренді.

Әмір Омархан Марғұлан әкімі болып тұрған жылдарда Увайси ел арасында танылған ақын еді. Ондағы ақындық қабілет Омарханның әйелі Надыраны өзіне тартады. Омархан Қокан тағына отырған соң, Увайси Қоканға шақырылды да бұл жерде ол өте көп жастарға ұстаздық етті. Нодирамен шығармашылық ынтымақтастық орнады. Оның шығармашылығы халықсүйгіштігімен ерекшеленеді. Деректер бойынша,

Увайсидан төрт лирикалық жинақ пен үш дастан мұра болып қалған. Увайси шығармаларында адамды қадірлеу, достық, сенімділік, адалдық идеялары, ел-жұрт мұңы, халық қасіреті жырланады.

Махларайым–Надыра

Өзбек ақыны, ағартушы мемлекет қайраткері Махларайым–Нодира (1792–1842) Әндіжанда туылды. Әкесі Рахманқұлыби Әндіжан әкімі болып, Қокан ханы Олимханның нағашысы еді. Омархан Марғұланға әкім етіп тағайындалған соң Надырамен тұрмыс құрды. Надыра Увайсимен танысқаннан кейін, оны жас қыздар мен қызметкер қыздарды оқыту үшін мұғалімдікке шақырды. Нодира ұлы Мұхаммед Алихан такқа отырған соң, мемлекетті басқаруда белсене қатысты, медреселер құрғызды. Ғалымдар, көшіріп жазушылар мен нақышкерлерді Қоканға жинады, көп кітаптар қайта көшірілді. Кітап мұқабасының талғаммен жасалуына көңіл бөлді. Жақсы көшіріп жазушыларға, нақышкерлерге алтын қалам, күміс қалам құты сыйлады. Надыраның өзі әрі өзбек, әрі тәжік тілдерінде шығармашылық етті. Махларайым Нодира бүркеншік атында 180 өлең жиналған жинақ, Камила атында 19 ғазел, Макнуна атында 333 ғазелден құралған жинақ түзді. Нодирадан 10 мың қатарға жуық әдеби мұра қалды. Өлеңдерінде махаббат, адалдық, мейір-опа, сондай-ақ, шығыс әйел-қыздарының мұң-зарлары, қайғы-қасіреттері жырланады. Бұдан тыс, Нодира Науаи, Фузули және Бедил ғазелдеріне шумақтар да жазған.

Бабарақым Машраб

Қокан хандығында шығармашылық еткен қабілетті ақындардан бірі Бабарақым Машраб еді (1640–1711). Ол Наманганда туылды. 15 жасынан бастап суфизм ілімін меңгере бастайды. 18 жыл барысында дүниенің өте көп мемлекеттерін кезіп шықты.

Өз өлеңдерінде үстем таптардың еңбекші халыққа жасаған зұлымдықтарын, ашкөздігін, кейбір руханилардың, ишандардың қарапайым халық рухын дозақ пен ақырет азаптарымен үрейге салып жатқанын аяусыз паш етті. Халықтың ауыр, аянышты жағдайына жаны ашиды. Машраб жазған төмендегі қатарлар мұның дәлелі болып табылады:

*Жан жүрегі семсерменен тілім болған халық көрдім,
Бар денесі ыза-кектен жырым болған халық көрдім.*

Машраб дўшпандардың жаласымен дінге тіл тигізгендікте айыпталып, 1711 жылы өлім жазасына үкім етілді.

Тарихтанушылық XVIII–XIX ғасырларда Қоқан хандығында көптеген тарихи шығармалар жазылды. Бұл дәуір тарихшыларынан Абдулкарим Фазли Намангани 1822 жылы Омарханның тапсыруымен „Омарнама“ шығармасын жазып аяқтады. Ол 5000 байттен құралған тарихи шығарма болып табылады.

Хан сарайында қазы әскер лауазымында істеген Мырза Қаландар Мушриф Исфаранги Әмір Омарханның кеңесімен „Шахнамаи нусратпаём“ („Жеңістен хабар беруші шахнаме“) тарихи шығармасын жазды.

Омархан дәуірінің көрнекті тарихшысы, Нарботабинің немересі Мұхаммед Хакимхан төре ибн Маъсумхан төреден (1802–1870) „Мунтахаб ут-таворих“ („Сараланған тарихтар“) шығармасы мұра болып қалды. Бұл шығарма Бұхара әмірлігі мен Қоқан хандығы тарихына тиісті маңызды деректерден бірі болып саналады. Онда Орта Азия халықтарының әлеуметтік-саяси және мәдени өміріне тиісті құнды мәліметтер бар.

Ташкенттік тарихшы ғалым Мұхаммед Салықтың „Тарихи жадидаи Тошканд“ („Ташкенттің жаңа тарихы“) шығармасы Отанымыз тарихын зерттеуде маңызды дерек болып саналады. Ол XV–XIX ғасырлар Түркістан тарихы, оның ішінде, Ташкент тарихы, Қоқан хандығы тарихы ғылыми тұрғыдан жазылған асыл шығарма болып табылады.

Сәулеткерлік Хандықта сәулеткерлік те өте дамыған. Бұхарадан бір топ құрылысшылар шақырылып, көптеп медресе, мешіт, кесене, керуенсарай, көпір және сәулетті ғимараттар салынды. Халық арасында Мадрасаи Мир атымен танылған Нарботаби медресесі, Дахмаи Шахон ансамблі және Нарботаби дахмасы сияқты қазірге дейін сақталып келе жатқан сәулеткерлік зияратханалар солардың қатарынан болып табылады.

Нарботаби медресесі XVIII ғасырдың соңында құрылған. Ол тік төртбұрышты, бір қабатты, аулалы және төрт мұнаралы сәулеткерлік ескерткіш. Медреседе күмбезді мешіт пен торкөздер орнатылған 12 терезелі оқу бөлмелері де бар. Ал ауласы төңірегінде дәлізді құжралар жайғасқан. Ал Дахмаи Шахон (шахтар кесенесі) XIX ғасырдың бірінші ширегінде құрылған. Онда Нарботаби және оның ұрпақтары қойылған.



Худаярхан ордасы

Дахмаға маңдайша арқылы кірілген. Дахмаи Шахонда ханның анасына атап құрылған Мадарихан кесенесі де жайғасқан. Хандықта Мадалихан, Камал қазы, Тунқатор, Хаққули мыңбасы, Миян хазрат, Махларайым, Хаким Төре, Ханқожа ишан, Бузрукқожа, Пирмұхаммед жасауыл, Хожабек, Охунд девонбегі, Мингайым, Жоме сияқты медреселер құрылды.

Худаярхан дәуірінде хан сарайы – Худаярхан ордасы құрылды. Ал Ташкентте Барақхан және Көкелтеш медреселері қайта жөнделді. Шайх Хаванди Тахур сәулеткерлік кешені қазіргі көріністе қалыптастырылды. Зайниддин баба үшін жаңа кесене бой көтерді.



1. „Қоқан әдеби ортасы“ дегенде не түсініледі және ол қандай пайда болды?
2. Омарханның әдебиет саласындағы шығармашылығы жөнінде нелерді біліп алдың?
3. Махмур мен Гулхани шығармашылығын салыстыр: ұқсас және өзгеше жақтарын анықта.
4. Увайси мен Нодира шығармашылығында қандай ұқсастықтар бар?
5. Хандықта жаратылған тарихи шығармалардың аттарын дәптеріңе тәртіппен жаз.



Өзің „Қоқан хандығының мәдени өмірі“ кестесін түз және оны толтыр.

39-§. Қоқан хандығында білім беру

Мектепханалар қызметі және тәртіп-ережелері жөнінде

Мектепхана білім беру бастауыш білім беру еді. Мектептер көбінесе бір сыныпханадан құралған болғаны үшін мектепхана деп аталған. Хандықта 350 мектепхана қызмет еткен. Бастауыш мектеп балаларға жалпы мәлімет беруші және хат-сауат шығару орны еді. Онда араб емлесінде сауат ашу, жазу және оқу дағдылары қалыптастырылған. Сондай-ақ, есептеу ережелері мен дағдылары жасалған. Айнала-төңірек, қоғам, ислам діні жөнінде білім мен түсініктер берілген. Сондай-ақ, әдеп-құлық өлшемдерін сақтау үйретілген.

Ұл балалар мектепханаларының көпшілігі мешіттер, медреселер, қарыханалар қасында, сондай-ақ, жекеменшік мектеп бөлмелерінде ашылған. Қыз балалар мектепханалары атын әйелдер үйлерінде немесе дәулетті кісілердің мектеп жасындағы қыздары үшін олардың үйлерінде ұйымдастырылған.

Сол атындардан бірі Дилшоди Рақымқұл сопы қызы (бүркеншік аты Дилшод Атын, Барно, Дилшоди Барно) еді. XIX ғасырда Қоқанда шығармашылық еткен ақын. Ол, сондай-ақ, мектепхана мектепдоры болып қызмет атқарған. Өзінің мектепдорлық (атындық) қызметі жөнінде, атап өтсек, мынадай деп жазған еді: *„Менің сұхбаттастарым және құрбыларым ақылды қыздар және қабілетті ақынадар еді. 51 жыл барысында мен мектепдорлық (оқытушылық) еттім және жылына орташа 20-дан 30-ға дейін оқушыларым болып, 890 қыздың сауатын аштым. Бұлардан дерлік төрттен бір бөлімі поэзияға қабілетті болып, ақын және өз дәуірінің ақылды да дана адамдары еді“.*

Атап айтқанда, Анбар Атын оның талантты оқушыларынан болған. Дилшод Атының қаламына жататын „Мухожирлар тарихы“, „Адам табандылығы және мухожирлар тарихы“ және „Барноның таңдалған өлеңдері“ шығармалары бізге дейін жетіп келген. Шығармаларында хандықтағы өзара соғыстар, оның халық бұқарасы тұрмысына тигізген аянышты әсері сияқты мәселелер өз көрінісін тапқан. Ақын, сондай-ақ, жақсы күндер келуіне сеніп шығармаларының бірінде: *„Бұл жәбір мен қараңғылық сөзсіз уақытша“*, деп жазған. Сондай-ақ, түркістандықтарды дос және тату болып жасауға үндеген. Мектепхана мектепдарлығына (оқытушылығына) мешіттер мутасаддилары іске шақырған. Мектепдарға

мектептен рұқсатсыз кетіп қалмау шарты қойылған. Мектепханаларда оқушылар саны 10–60-ты құраған. Оқуға 5 жастан 12 жасқа дейінгі балалар қабылданған және оқу 5–7 жылға созылған. Кімнің мектепханада неше жыл оқуы оқытушының шеберлігіне, оқушының зейініне және жанұясындағы ортаға байланысты еді.

Мектепханаларда сабақ барысы күн шыққаннан кешке дейінге созылған. Жұма және мереке күндері сабақ оқулары болмаған. Жаз маусымы және рамазан (ораза) айында оқытушыларға демалыс берілген.

Білім берудің мазмұны Сабақ оқытулары алдын калимаи шаходат және тоиба жаттап алынғанынан соң араб әліппесін үйренуден басталған. Әліппе сабақтарында бастапқы әріптердің жазылуы жаттықтырылған. Содан соң әріптердің түрлі орындардағы формалары үйренілген. Ал кейін зеру-забар, яғни әріптердің асты мен үстіне қойылатын айырушы белгілер және олардың қолданылуы, сондай-ақ, олар арқылы буын жасау ережелері үйретілген. Мектепдар (оқытушы) әріптерді ағашқа немесе қатты тақталарға жазып қабырғаға іліп қойған. Оған қарап әріптер жатталған. Әріптерді бір-біріне қосып жазу жаттықтырылған. Дұға саломды жаза алған оқушы „хаты шыққан“ есептелген.

Әліппе үйреніліп болған соң, „Хафтияк“ (қасиетті Құран Кәрімнің 1/7 бөлімі көшіріп жазылған кітап) ты үйренуге кірісілген. „Хафтияк“ аяқталған соң, „Тавжуд“ (Құран Кәрімді қироатпен оқу өнері жөніндегі ілім) ге өтілген. Ал одан соң тікелей „Құран Кәрім“ нің өзін оқыту басталған.

Одан соң „Фарзи айн“, яғни шарифатқа қарай барлық мұсылмандарға бұйырылған және орындалуы шарт шарт болған амалдар жөнінде түсініктер берілген. Оны үйреніп болған соң, ислам дінінің негізгі ережелері баяндалған „Чор кітап“ („Төрт кітап“) ты үйренуге кірісілген. Одан кейін каттақорғандық Суфи Аллаярдың „*Сабот ул-оажизин*“ („Оажизлар саботи“) кітабы оқытылған. Бұл шығармада ислам дінінің негізгі ережелерінен тыс, жақсы адамдық қасиеттер, құлықтық тәрбиеге тиісті хикметтер, өнегелі әңгімелер, өлең және дастандар орын алған.

„Сабот ул-оажизин“нан соң сол шығарманың парсы тілінде жазылған және „Маслак ул-муттакин“ („Такводорлар маслаги“) деп аталған түп нұсқасы үйренілген. „Сабот ул-оажизин“ „Маслак ул-муттакин“нің түркі тілде қысқартып жазылған үлгісі болып 12 мың байттан құралған мәңгі бақи ағартудың өлеңмен айтылуы.

Суфи Аллаяр шығармасы үйреніп болған соң, шығыс әлемінде белгілі болған, XIII ғасырда жасап өткен Саъди Шеразидің „Бустон“ және „Гүлстан“ шығармалары үйренілген.

Саъди шығармалары басқа шығыс ақындарынан таңқаларлық дәрежеде өміршендігімен ерекше өзгешеленіп тұрады. „Бустон“ және „Гүлстан“ өмір әңгімелерінен құралғаны, данышпан ақынның бұл әңгімелер соңында әлқисса тәрізінде келтірген өлеңдері күнделік тұрмыстан шығарылған қорытындылар екендігімен дүние ілімі мен әдебиет жұртшылығын бірдей өзіне тартып келеді.

БҰҰ-ның Бейбітшілік Кеңесі ғимараты маңдайшасына „Гүлстан“ шығармасынан алынған төмендегі қатарлар жазылған: *„Адам балалары алғашқы бір гауһардан жаратылғаны үшін бүтін бір кеуде сияқты болады. Сондықтан, заман оның бір мүшесіне жарақат келтірсе, басқа мүшелері де өз тыныштығын жоғалтады“.*

Кейінгі басқышта Хожа Хафиз Шеразидің (1326–1389) „Девонь“ үйрену басталған. Бұл „Девон“ лирикалық өлеңдер жинағы болып, оқушылардың құлықтық тәрбиесінде негізгі қолданба саналған. Мектепханаларда араб грамматикасы, Әлішер Науаинның поэзиялық жинақтары және көркемжазу, есеп-қысап (арифметика) да оқытылған.

Медресенің білім беруі

Қоқан хандығында медреселер де қызмет көрсеткен. Атап айтқанда, 1841 жылы Қоқан қаласы медреселерінде 1000 молда оқытқан. Олардың қызметіне мутаваккиллар басшылық еткен. Медреселерге оқушылар 13–15 жасынан бастап қабылданған. Ал оқу мерзімі 15–20 жылға созылған.

Медреселерде калом (ислам діни қағидасын негіздеп беруші ілім), кироат, хадис (Мұхаммед с.а.у.-ның айтқан сөздері, атқарған жұмыстары мен нұсқаулары), фикһ (ислам құқықтанушылығы) ілімдері, сондай-ақ, араб грамматикасы, логика, сөйлеу, көшіріп жазу, сауда ілімдерінен де сабақ берілген.

Бұдан тыс, тарих, әдебиет, география, математика пәндері оқытылған. Мектепханада оқытылған сабақтар материалдары медреседе тереңірек үйретілген. Білім берудің медресе басқышында, сондай-ақ, „Калила және Димна“ және „Қобуснама“ шығармалары да оқытылған.



1. Қоқан хандығында мектепхана қызметі қандай ұйымдастырылған?
2. Мектепханаларда араб әліппесі қандай тәртіпте үйретілген?

3. „Құран Кәрімді“ үйрену қандай басқыштардан құралған?
4. Мектепханаларда Суфи Аллаярдың шығармалары негізгі оқулықтардан бірі етіп белгіленгендігі нелерді білдіреді?
5. Неліктен Саъди Шеразидің оқулық орнында пайдаланылған „Бустон“ және „Гүлстан“ шығармаларының мазмұны қазірге дейін өз маңызын жоғалтпай келеді?
6. Хандықтағы медресенің білім беруі жөнінде нелерді біліп алдың?

40-§. Өзбек мемлекеттерінің өркендеуінде артта қалу себептері мен салдарлары

Дүниежүзілік өркендеудегі өзгерістер

Батыс Еуропаның озат мемлекеттерінде өндіріс өнеркәсібінің жетекші тармағына айналып барды. XVI ғасырдың орталарынан бастап тоқымашылық, қағаз, шыны жасап шығаруда еңбек үлестірілуі және қол еңбегі техникасына негізделген кәсіпорын – мануфактуралар (латынша manus – қол, factura – дайындау) пайда болды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында құрал-жабдықтарды әрекетке келтіруші бу машинасы (motor) ойлап табылды. Нәтижеде, негізгі істерді машиналар орындаушы фабрика-зауыттар пайда болды.

Бу машинасымен әрекет ететін паравоз, пароход, шойын және болат алушы домна пештері жасалды, теміржолдар құрылды.

Ірі бай топтардың сыртқы саудадан, отаршы елдерден, мануфактурадан арттырған байлықтары өндірісті дамыту үшін инвестиция ретінде қойылды. Бұл өндірістің дамуында маңызды фактор болды. Ең маңыздысы, шаруашылық жүргізу үшін қажет болған машиналарды шығару жолға қойылды, ауыр өндіріс пайда болды.

Бірақ бұл үдеріс әлем мемлекеттерінде аса бірқалыпты өтпеді. Көптеген мемлекеттер, оның ішінде, өзбек хандықтары да бұл үдерістен шетте қалып, өркендеуде артта қалып барды.

Өзбекстанның Бірінші Президенті Ислам Каримов хандықтар дәуірі тарихына жаңа назар тастай отырып, төмендегі сұрақтармен жүгінді:

„Дүниеге Ахмад Фарғоний, Мұхаммед Хорезми, Ибн Сина, Әбу Райхан Бери, Имам ал-Бухари, Әмір Темір, Ұлықбек, Әлішер Науаи, Бабыр секілді ұлы тұлғаларды берген бұл ұлт XVII–XIX ғасырлардан осы кезге дейін қол жеткізген жоғарылау дәрежелерінен неге түсін

кетті? Неге соңғы үш ғасыр барысында басымыз артта қалушылықтан шықпай қалды“

Артта қалушылық себептері

Ғасырлар барысында бір бүтін болып келген мемлекеттің, бір экономикалық және рухани-мәдени мекенде өмір сүріп келген өзбек халқының үш мемлекетке бөлініп кетуі, олар арасында жалғасқан қарама-қайшылықтар, соғыстар мемлекетті жалпыадамилық өркендеу үдерісінен үзіліп, дамуда артта қалуға мәжбүр етті. Әрбір өзбек мемлекетінде орталық билікті иелеу үшін ішкі күрес, өзара дау-дамай, қастандықтардың үнемі үдеуі мемлекетті қиратты.

Хандықтардың ғасырлар барысында өзгермей келе жатқан мемлекет басқару тәсілі өркендеуіне тосқауыл болып қалған еді.

Хандықтар арасындағы өзара соғыстар, этникалық келіспеушіліктер ұрық-тайпа ұжымдарын бір жерден басқа жерлерге көшуін келтіріп шығарды. Немесе олар зорлықпен өмір сүріп жатқан жерлерінен көшірілетін еді. Бұл үдеріс этникалық топтануды келтіріп шығаратын еді. Халықты бір бүкіл халық болып бірігуіне бөгет жасады. Мемлекет дәрежесінде бір халық, бір Отан ұғымының қадірі жете түсінілмеді. Түркістанды, халықты біріктіру идеясында ұйымдастыра алатын жол-басшы, саяси күш табылмады.

Билеушілер мен сарай лауазымдылары ескі өндіріс тәсілін қорғады. Хандықтардың негізгі байлығы болған жерге иелік етудің, мүлікшіліктің ескі тәсілі ғасырлар барысында өзгермеді. Жердің иесі билеуші ерекше қызмет көрсеткен бір аз ғана адамға жер сыйлайды. Жерді жалға алып жұмыс істейтін диқан жердің иесі емес еді. Сондықтан диқан жерді сақтап-қорғауға, оның өнімділігін асыруға ұмтылады, өйткені ол мұнан мүдделі емес. Сол кезде, диқан жер иесі болмағандықтан басқа жерлерге кете береді.

Халық ауыр салықтардан, әлден тайдырған жиым мен жеңілістерден азап шегетін еді. Тұрмыс дәрежесі төмен болып, халық тұтынуы үшін ең қажет болған аз шеңбердегі жай бұйым және өнімдермен қанағат етуге мәжбүр еді. Өндіру, негізінен, тұтынуға бағытталғандығы үшін ол экономиканың өсуі үшін түрткі бола алмады.

Диқаншылық нашар жағдайда қалды. Жерге өңдеу беру сол – бір жұп өгіз, соқа-омаш дәрежесінде қалып кетті. Өндіріс өнеркәсібі дамымады. Түсті металдар, алтынкүкірт, мәрмәр, таскөмір, мұнай сияқты

табиғи байлықтарға ие болған кендер болса да, оларды іздеп табу, тау-кен жұмыстарын қолға алуға назар салынбады. Өлкеде ірі өзендер болса да, балықшылықты өндіріс дәрежесіне көтеру, кеме жасауды жолға қоюға назар аударылмады. Оның салдарынан тауар-ақша қатынастары дамымады. Орта Азия дүниежүзілік базарынан бөлініп қалғаны жетпегеніндей, өзара келіспеушіліктердің арқасында өзбек мемлекеттері арасында жалғыз ішкі базар да қалыптаспады.

Өзбекстанның алғашқы Президенті И.Каримов атап өткеніндей, *„Ел билеушілері және лауазымдылары халықтың тағдыры мен болашағы жөнінде қайғырудың орнына, өз жеке мүдделерін барлық нәрседен жоғары қойып, надандық пен аңғалсоқтыққа беріліп кетуі салдарынан біз бүгін өмір сүріп жатқан аумақта жалпыадамилық өркендеу үдерістерінен үзіліп, дамудан мүлдем артта қалып кетті“.*

Артта қалудың салдары Өзбек мемлекеттерінің дүниежүзілік өркендеуінен артта қалуы өте кері салдарға алып келді. Экономикалық артта қалушылық және әскери нашарлық, әлеуметтік-саяси тұрақсыздық Орта Азияны өз жеке меншілігіне енгізіп алуға ұмтылып жатқан мемлекеттерге тиімді болды.

Абдулла Қадири өзінің „Өткен күндер“ романында Юсуфбек қажы тілінен төмендегі дықты сөздерді баяндаған еді:

„Одақтың не екендігін білмеген, жалғыз өз міндеті, жеке мүдделері жолында бір-бірін жеп-ішкен мансапқор және атаққұмар оңбағандар Түркістан топырағынан жоғалмастан тұрып, біздің қалай адам болуымызға ақылым жетпей қалды... Біз осы жағдайда кететін, бір-біріміздің астымызға су құятын болсақ, Түркістанымызды патша иелеп алуына жақын қалғаны...“. Шынымен-ақ сондай болды. Өзбек мемлекеттеріндегі өзара карама-қайшылықтар, соғыстар, ыдыраушылық, соңында, олардың Ресей империясы отарына айналдыру үшін қолайлы мүмкіндік жасайды.

Еліміздің басқаларға бағыныштылығы 1991 жылы 31 тамызға дейін жалғасты. Өткеннен қалған оқиғалардан қажет қорытындыларды шығарған елбасшылары Өзбекстанды дамыту, тәуелсіздігін нығайтудың және дүниежүзілік қауымдастығында өзінің лайықты орнына ие болуға қызмет ететін жоспарларды өмірге сәтті іске асыра алды.

Бүгінгі таңда құрметті Президентіміз Ш. Мирзиёев басшылығында халқымыз 2035 жылы жүргізіп жатқан әлемнің ең дамыған 50 мемлекеті

қатарынан орын алу секілді ұлы мақсатты іске асыру жолында ұлы жасампаздық жұмыстарын жүзеге асырып жатыр. Сен де жақында бұл үлкен жасампаздық ісіне өзіңнің үлесінді қосуға еш шүбә жоқ.



1. Неліктен өзбек мемлекеттері дүниежүзілік өркендеуінде артта қалып кеткендігінің себептерін дәптеріңе тәртіппен белгіле.
2. Бүгінгі Өзбекстан өз алдына қысқа мерзімдерде (2035 жылы) әлемнің ең дамыған 50 мемлекеті қатарынан орын алу секілді ұлы мақсатты қойған. Бұл мақсатты іске асыру бойынша ауданыңда және махаллаңда қандай жасампаздық жұмыстары жүзеге асырылып жатқандығы жөнінде мәлімет дайындап кел.

Қорытынды сабақ

(өз бетінше жұмыс істеу)

Оқулық мәтінінен пайдалана отырып төмендегі кестені толтыр

1-кесте

Бұхара хандығы

Бұхара хандығы қашан құрылған?	Шайбанилер билік жасаған жылдар	Аштарханилер билік жасаған жылдар	Маңғыттар билік жасаған жылдар	Әмірліктің жер алаңы, халқы
1	2	3	4	5

Әмірліктегі жоғары мемлекет мансаптары	Жер иелігінің түрлері	Халыққа салынған негізгі салықтар	Халық атқаруы тиіс болған негізгі міндеттер	Әмірлікте ішкі сауда дамымағандығының себептері
6	7	8	9	10

2-кесте

Хиуа хандығы

Хиуа хандығы құрылған жылы	Хандықтың негізін салушы	Әбілқазы ханның билік жасаған жылдары мен ол жазған тарихи даталар	Қоңырат ұрпағының билік басына келуі	Хандық халқының жалпы саны	Халықтың ұлттық құрамы
1	2	3	4	5	6

Хандықта Бас уәзір қалай аталған?	Мұхаммед Рақымхан өткізген реформалар	Халыққа салынған негізгі салықтар	Халық атқаруы тиіс болған негізгі міндеттемелер	Ичан бекінісі – баға жетпес тарихи ескерткіш	Хиуа хандығы тарихында болған ең маңызды тарихи оқиғалар
7	8	9	10	11	12

2-кесте

Қоқан хандығы

Хандық құрылған дата	Хандықтың негізін қалаушы	Әлімханның хандық тарихындағы орны	Хандық халқының жалпы саны	Халыққа салынған негізгі салықтар	„Алтын бесік“ аңызының мазмұны
1	2	3	4	5	6

Хандықта Бас Уәзір қалай аталды?	Қоқан хандығы тарихында болған ең маңызды тарихи оқиғалар	Омархан мен Қоқан әдеби ортасы	Жер иелігі түрлері, салықтар және міндеттемелер	Бұхара – Қоқан қатынастары	Қандай себептер бойынша қыпшақтар хандық саяси өмірінде үлкен мәртебеге ие болып алған еді?
7	8	9	10	11	12

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

I ТАРАУ. XV ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XVI ҒАСЫРДЫҢ БАСТАРЫНДА МАУАРОУННАХР МЕН ҚОРАСАНДАҒЫ САЯСИ ЖАҒДАЙ

1-§. Дешті Қыпшақтағы саяси жағдай	5
2-§. Мауароуннахр мен Қорасандағы саяси жағдай	8
3-§. Захириддин Мұхаммед Бабыр мен Мұхаммед Шайбанихан қатынастары	11
4-§. Мауароуннахр және Қорасанда Шайбанилер үстемдігінің орнатылуы	13

II ТАРАУ. БҰХАРА ХАНДЫҒЫ МЕН БҰХАРА ӘМІРЛІГІ

5-§. Бұхара хандығының құрылуы	17
6-§. Абдуллахан II дәуірінде Бұхара хандығының өркендеуі	19
7-§. Бұхара хандығында Аштарханилер әулеті үстемдігінің орнатылуы	21
8-§. Бұхара хандығында орталық биліктің әлсіреуі	25
9-§. Бұхара хандығында мемлекет басқаруы	28
10-§. Бұхара хандығында әскери қызмет	31
11-§. Бұхара хандығында әлеуметтік-экономикалық өмір	34
12-§. Бұхара хандығының сыртқы саясаты	38
13-§. Бұхара хандығында мәдени өмір	43
14-§. Бұхара әмірлігінің құрылуы	50
15-§. Әмірлікте орталық биліктің нығайтылуы	55
16-§. Бұхара әмірлігінде мемлекет басқаруы	57
17-§. Бұхара әмірлігінде әскери қызмет	61
18-§. Бұхара әмірлігінде әлеуметтік-экономикалық өмір	65
19-§. Әмірлік қалалары. Ішкі және сыртқы сауда	68
20-§. Бұхара әмірлігінің сыртқы саясаты	71
21-§. Бұхара әмірлігінде мәдени өмір	75

III ТАРАУ. ХИУА ХАНДЫҒЫ

22- §. Хиуа хандығының құрылуы	80
23- §. XVII – XVIII ғасырдың бірінші жартысында хандықтағы саяси жағдай	82
24- §. Хиуа хандығында қоңыраттар әулеті үстемдігінің орнатылуы. XVIII ғасыр соңы – XIX ғасыр бірінші жартысында хандықтың саяси жағдайы	86
25- §. Хиуа хандығында мемлекет басқаруы	90
26- §. Хиуа хандығында әлеуметтік-экономикалық өмір. Қалалар өмірі	94
27- §. Хиуа хандығының сыртқы саясаты	99
28- §. Хиуа хандығында мәдени өмір	103
29- §. Хиуа хандығы тарихы дереккөздер	106
30- §. XVI – XIX ғасырдың бірінші жартысында қарақалпақтар	110
31- §. Қарақалпақтарда мәдени және рухани өмір	113

IV ТАРАУ. XVIII – XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ

32- §. Қоқан хандығының құрылуы	118
33- §. XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың бірінші жартысында Қоқан хандығында саяси жағдай	120
34- §. Қоқан хандығында мемлекет басқаруы	126
35- §. Қоқан хандығында әскери қызмет	129
36- §. Қоқан хандығында әлеуметтік-экономикалық өмір	133
37- §. Қоқан хандығының сыртқы саясаты	137
38- §. Қоқан хандығында мәдени өмір	142
39- §. Қоқан хандығында білім беру	147
40- §. Өзбек мемлекеттерінің өркендеуден артта қалу себептері мен салдарлары	150
Қорытынды сабақ (өз бетінше жұмыс істеу)	153

63.3(5Ў)я72
Ж 83

Жураев У. тағы басқалар.

Өзбекстан тарихы: Жалпы орта білім беретін мектептердің 8-сыныбына арналған / У. Жураев, тағы басқалар. Қайта өңделген және толықтырылған 4- басылым. – Ташкент: „О‘qituvchi“ БПШҮ, 2019. – 160 б.

ISBN 978-9943-22-391-2

УЎК: 94(575.1)(075.3)
КБК 63.3(5Ў)я72

**USMON JO‘RAYEV, QAMAR USMONOV,
GULIRA‘NO JO‘RAYEVA, NAIM NORQULOV**

O‘ZBEKISTON TARIXI

**Ta’lim qozoq tilida olib boriladigan maktablarning
8-sinfi uchun darslik**

Qayta ishlangan va to‘ldirilgan 4-nashri

*„O‘qituvchi“ nashriyot-matbaa ijodiy uyi
Toshkent – 2019*

Редактор және аудармашы *Р. Усєрова*
Көркемдеуші редактор *Қ. Шомуратов*
Техникалық редактор *Н. Ниязмухамедова*
Корректор *К. Мамбетова*
Компьютерде беттеген *Д. Дўсматова*

Баспа лицензиясы АІ №012. 20.07.2018. Оригинал макеттен Басуға рұқсат етлді 22.07.2019. Пішімі 70х90/16. Кеглі 11 шпонды. „Таймс“ гарнитурасы. Офсеттік баспа әдісінде басылды. Офсет қағазы. Шартты б.т. 11,70. Есеп-баспа т. 11,0. Тиражы 5691 дана.

Тапсырыс №

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы қасындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникация агенттігінің „О‘qituvchi“ баспа-полиграфия шығармашылығы үйі. Ташкент – 206, Юнусабад ауданы, Янгишаар көшесі, 1-үй. Шарт № 87-19.

Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықты алғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтып алғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалаумен толтырады

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жаксы	Мұқабасы бүтін, оқулық негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттерінде жазу-сызу жоқ.
Қанағаттанарлы	Мұқабасы езілген, шеттері мүжілген, оқулық негізгі бөлігінен ажыраған, қолданушы қанағаттанарлық жағдайға келтірген. Жыртылған парақтары қалпына келтірілген, кейбір беттері толық емес.
Қанағаттанарсыз	Мұқабасы мүжілген, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған және бүтіндей жоқ. Беттері жыртылған, парақтары толық емес, сызылып боялған. Оқулықты қалпына келтіруге болмайды.